Мәселен, Д.Л. Златопольский конституциялық бақылау кезінде мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың, конституция мен конституциялық заңдардың сақталуын тексеру, сондай-ақ, жоғары органдардың барлық басқа актілерінің сәйкестігін тексеру жөніндегі қызметін жете түсіне білу қажет деп санайды [3].

Ал, Н.Б. Витрук, конституциялық бақылауды-нормативтік актілер жүйесіндегі конституцияның үстемдігін, оның қоғамдық қатынастар субъектілерінің қызметіне тікелей әсерін қамтамасыз ету бойынша құзыретті мемлекеттік органдардың нақты функциялары деп түсінеді [4].

Конституциялық бақылау ұйымдарының қызметінің мәні келесі міндеттерді шешу бойынша анықталады:

1. Мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің конституцияға сәйкестігін белгілеу кезінде, мемлекеттік органдардың құқықтық актілері мен әрекеттерінің Конституцияға сәйкестігі,

2. Конституциялық емес актіні жарамсыз деп танудағы идея.

Қазақстанда, яғни демократиялық-құқықтық мемлекетте конституциялық заңдылық режимін қамтамасыз ету еліміздің Ата Заңының рухына сай дамуының негізгі факторы болып саналады. Бұл міндет, ең алдымен, мемлекеттік органдарға жүктеледі, олардың ішінде шешімдері негізгі заңның жалғасы болып табылатын конституциялық бақылау құрылымдары ерекше орын алады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, алдын-ала және одан кейінгі конституциялық бақылауды жүзеге асыру арқылы елдің қолданыстағы заңының конституцияға сәйкестігін қадағалайды. Ал, қабылданған нормативтік қаулылар мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі болып табылатын конституциялық қағидалары мен нормаларын қоғамдық қатынастардың әртүрлі субъектілерінің дұрыс түсіндіруіне қызмет етуге арналған.

Республикада, конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету көп жағдайда Конституциялық Кеңестің түпкілікті шешімдерінде қамтылған заңнаманы және заң шығару үдерісін жетілдіру жөніндегі ұстанымдарын уақытылы және толық орындауға байланысты.

Қазақстан Республикасында конституциялық бақылауды жүзеге асыратын Конституциялық Кеңес болатын болса, Польшада конституциялық бақылау процесіне жауапты Конституциялық Трибунал болып саналады [5].

Польшаның 1992 жылғы, 17 қазандағы Конституциялық заңының, 33а тармағына сәйкес, Польша Республикасының Конституциялық Трибуналы конституцияның орталық мемлекеттік органдар қабылдаған заңдарға және басқа да нормативтік актілерге сәйкестігі туралы шешім қабылдауға өкілетті. Конституциялық Трибуналдың конституцияға және басқа да нормативтік актілердің заңдарына сәйкес келмеуі туралы шешімі жалпыға бірдей міндетті. Бұл ретте, заңның конституцияға сәйкес келмеуі Парламентте талқыға түскен еді. Осылайша, Конституциялық Трибунал заңның күші енуін тоқтата тұруға ғана құқылы болды, ал конституцияға сәйкестігі туралы түпкілікті шешімді Парламент қабылдайды [6].

Қазақстан Республикасы мен Польшадағы конституциялық бақылау ұйымдары мен қызметін салыстырмалы түрде құқықтық талдау үшін SWOT-талдамасы жүргізілді. SWOT-талдауының нәтижесі, төменде Кесте 1-де көрсетілген:

Кесте 1-SWOT-талдау нәтижесі

	<b>Қазақстан Конституциялық Кеңес қызметі</b>	<b>Польша Конституциялық Трибунал қызметі</b>
<b>S-Күшті жақтары</b>	Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының, 3-тармағына сәйкес, Конституциялық кеңестің қабылдаған шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді. Қабылданған шешім елдің бүткіл аумағында жалпыға бірдең міндетті, түпкілікті орындалуы тиіс және шағымдануға жатпайды. Конституциялық Кеңес	Конституциялық Трибунал келесі уәкілеттерге ие: Заңнамалық және өзге де актілердің, сондай-ақ, халықаралық келісімдердің конституцияға сәйкестігі туралы шешім қабылдау. Саяси партиялардың мақсаттарының немес қызметтерінің Конституцияға сәйкестігін айқындау.
<b>W-Әлсіз тұстары</b>	Конституциялық кеңес тұрғысынан, заң жобаларының зерттелуін және нормативтік құқықтық актілердің бір-бірімен сәйкестігін қамтамасыз ету мәселелері кездеседі.	Конституциялық Трибуналда мемлекет пен әкімшілік бірлік арасындағы дауларды шешу құқығы жоқ.
<b>O-Мүмкіндіктер</b>	Конституциялық заңдылықтың бұзылуын тез арада болдырмау мүмкіндігі. Көптеген заңға тәуелді актілердің күшін жою проблемасын болдырмау мүмкіндігі.	Конституциялық Трибунал-конституцияны түсіндіру, қорғау және орындау мәселесіне қатысты ең жоғарғы конституциялық бақылау ұйымы болғандықтан, болашақта прогрессивті даму мүмкіндігі.
<b>T-Қауіптер</b>	Конституциялық Кеңес заңнамалық актілерді және оларға ілеспе заңға тәуелді актілерді шығаруды барынша синхрондау қажеттігі мәселесі қауіп төндіруі мүмкін.	Құқықтан айырылу қауіпі. 1997 жылы Конституция, Конституциялық Трибуналды заңнамалық актілердің жалпыға бірдей міндетін түсіндіру құқығынан айырды.

Жоғарыдағы Кесте 1-де көрсетілген ақпаратқа сәйкес Қазақстан Республикасы мен Польшадағы конституциялық бақылау ұйымдарының күшті және әлсіз жақтары талданды. Қос елдің де конституциялық бақылау ұйымдары қызметтік жүйеде жоғарғы уәкілетке ие екендігі анықталды. Сонымен қатар, Қазақстандағы Конституциялық Кеңес ұйымының қабылданған шешімдер бойынша уәкілеттілігі басым екендігі байқалды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы Конституциялық Кеңес те, Польша Республикасындағы Конституциялық Трибунал да, мемлекеттегі заң шығару жүйесі мен құқық қолдану тәжірибесінде маңызды қызмет атқарады. Сондай-ақ, заңнамалық жүйені жүзеге асыру кезінде кездесетін қиындықтар концептуалды сипатқа ие емес және қосалқы қиындықтарсыз еңсеріледі.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Чекрыга, М. А. *Понятие и правовая природа конституционного контроля* / М.А. Чекрыга // *Серия «Право»*. — 2010. № 38. — С.109–112.
2. *Административное право: Учебник* / Под ред. Л. Л. Попова. — М.: «Юрайт», 2006. — 538 с.

3. Златопольский, Д. Л. Контроль за соблюдением конституции и конституционный суд в государствах Восточной Европы / Д. Л. Златопольский. — М.: Юрист, 2006. — 102 с.
4. Витрук, Н. В. Конституционное правосудие судебное конституционное право и процесс: учебник / Н. В. Витрук. — Изд. 2-е, доп. и перераб. — М.: «Закон и право», 2010. — 352 с.
5. Караев А.А., Конституционный Совет в системе разделения властей, Фемида. — 1999. - №7.
6. Конституция Польши (Республики Польши)// Конституции государств Европы: в 3 т. Т. 2/ под общ. ред. Л. А. Окунькова. — М.: Норма, 2001. — С. 673-732.

ӘОЖ 343.81

Такиров Д.  
Магистрант, «Bolashaq» академиясы  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
daniar.takirov@mail.ru  
Ғылыми жетекші: з.ғ.д., профессор Нұрғалиев Б.М.

Нұртаева Д.  
заң ғылымдарының магистрі, заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, «Bolashaq» академиясы  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
nurtaevad@mail.ru

### **ҚЫЛЫМСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа.* Автор мақаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің соңғы уақытта жаңа экономикалық-құқықтық, институционалдық ортада белсенді дамыса да, еліміз үшін бұл мүлде жаңа құбылыс еместігі туралы ойларын ортаға салады. Автор сонымен қатар Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған кезден бастап мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің кейбір элементтері еліміздің экономикалық дамуының әртүрлі кезеңдерінде белсенді түрде қолданылғандығын дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасында мынадай бес институционалдық реформаны жүзеге асыру көзделген, бұлар: 1) кәсіби мемлекеттік аппарат құру; 2) заңның үстемдігін қамтамасыз ету; 3) индустрияландыру және экономикалық өсім; 4) біртектілік пен бірлік; 5) есеп беретін мемлекетті қалыптастыру.

Осы реформаларды жүзеге асыру мақсатында 100 нақты қадамнан тұратын Ұлттық жоспар бекітіліп, оның 34-қадамында мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін дамыту шеңберінде қылмыстық-атқару инфрақұрылымды жаңғырту, пенитенциялық мекемелерді салуға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды тарту жөнінде ұсыныстарды екшеу және халықаралық тәжірибені зерттеу көзделген [1].

Ұлттық жоспарда бұрыннан мемлекеттік функциялар болып келген басқа да салаларда жекеше бизнестің мүмкіндіктерін пайдалану ескерілген. Мәселен, 27-қадамда жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту арқылы сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқарту жөнінде жазылған. Ал 81-қадам жекеменшік медицинаның алдағы дамуын айқындайды (мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді ынталандыру).

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік деген жаңа экономикалық-құқықтық, институционалдық орта соңғы уақытта белсенді дамып жатыр. Бірақ еліміз үшін бұл мүлде жаңа құбылыс емес. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған кезден бастап мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің кейбір элементтері еліміздің экономикалық дамуының әртүрлі кезеңдерінде белсенді түрде қолданылған.

Мәселен, орасан табиғи және энергетикалық ресурстары, өнеркәсіптік және көліктік әлеуеті бар Қазақстанда еліміз үшін мүлде жаңа, бірақ әлемдік тәжірибеде бұрыннан қолданылып келген мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері пайдаланылған: басқарудың корпоративтік нысаны (заңды тұлғалардың жарғылық қорларына мемлекеттің жекеше тұлғалармен бірге қатысу), мемлекеттік мүлік объектілерін сенімді басқару (жалға алу), мемлекеттік сатып алулар (сервистік келісім-шарттар), жекешелендіру.

1993 пен 2005 жылдар аралығында мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінен «Жекешелендіру туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдармен реттелген мемлекеттік мүлікті басқару элементі ретінде қарастырылған [2].

2003 жылы елдің экономикалық дамуын күрделі реформалау барысында Үкімет мүлде жаңа жол – экономиканы диверсификациялауға бағыт алды. Қазақстандық жағдайда бұндай жоспарды орындау мемлекеттік бюджетке ауыр тиетін орасан инвестицияларды қажет етті. Осы мақсатта мемлекеттік және мемлекеттің көмегімен құрылған даму институттары, ұлттық компаниялар, холдингтік құрылымдарды біріктірген инвестициялық құралдар кешені әзірленді. Бұл кешен ұлттық моделдің ерекшеліктерін ескеретін дамыған елдердің тәжірибесіне негізделген еді. Осы құралдардың бірі болып мемлекеттік-жекешелік әріптестік таңдалды.

Қазір мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі жұртшылық арасында барған сайын танымал болып отыр, бірақ олардың барлығы МЖӘ-ні енгізудің маңыздылығын түсініп отыр деп айта алмаймыз. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі жекеменшік қаржыларды тарту және әлеуметтік инфрақұрылымды басқару үшін жекеше және мемлекеттік секторлар арасындағы ұзақ мерзімдік қатынастарға негізделеді. Әлеуметтік маңызы бар нысандарға құйған жекеменшік инвестициялардың көмегімен мемлекет бюджетті оңтайландыра алады да сәйкесінше өзінің қаржы ауыртпалығын кемітіп, жекеше бизнеске «мемлекеттік» нарыққа кіруге мүмкіндік береді [3].

Бұл құралдың артықшылықтарының жалпы тізімі мынадай:

- мемлекеттік маңызы бар нысандарға беймемлекеттік қаржыны тарту;
- инфрақұрылым нысандарына бөлінетін мемлекеттік қаржыны үнемдеу;
- бірлесіп іске асырылатын жобалардың қаупін мемлекет және жекеше инвестор арасында бөлістіру;
- басқару функцияларын жекеше инвесторға беру арқылы жобаны іске асыруды экономикалық тұрғыдан тиімді басқарылуын қамтамасыз ету;
- инфрақұрылымды дамытуға заманауи технологияларды тарту;
- инвестициялық климатты жақсарту;
- бизнес-мәдениетті жақсарту.

Елімізде бұл институтты жан-жақты дамыту және оны қолданушыларға көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі «Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы» № 693 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Қазақстандық мемлекеттік-жеке әріптестік орталығы» акционерлік қоғамы (МЖӘ орталығы) құрылды. МЖӘ орталығы қызметінің негізгі мәні:

- 1) концессиялық ұсыныстардың сараптамасы;
- 2) конкурстық құжаттамаға, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде сараптама;
- 3) концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерге сараптама;
- 4) концессия шарттарының жобаларына, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде сараптама;
- 5) концессионердің мемлекет кепілгерлігін алуға арналған ұсыныстарына сараптама;
- 6) концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау;
- 7) республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларға экономикалық сараптама;
- 8) мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларға экономикалық сараптама;
- 9) республикалық бюджет қаражаты есебінен заңды тұлғалардың жарғы капиталына мемлекеттің тікелей қатысуы арқылы жүзеге асыру жоспарланатын бюджеттік инвестицияларға экономикалық сараптама;
- 10) бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау;
- 11) заңды тұлғалардың жарғы капиталына мемлекеттің тікелей қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың жүзеге асырылуын бағалау;
- 12) бюджеттік инвестициялар саласында зерттеулер;
- 13) техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді және қаржылық агенттіктердің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруын талап ететін бюджеттік инвестициялық жобаларды республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттеудің экономикалық сараптамасын жүргізу болып табылатын концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым болып белгіленді [4].

Қазақстан мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін жақында ғана енгізе бастады. МЖӘ орталығы тиісті стандарттарды әзірлейді, сондай-ақ осы саладағы заңнамалық базаны жетілдіреді.

Қазіргі уақытта «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электрөткізу желісін салу», «Шар-Өскемен» темір жол желісін салу», «Ақтау халықаралық әуежайының жолаушылар терминалын салу және пайдалану» концессиялық жобалар бар, сондай-ақ «Алматы қаласында жеңіл рельсті көлік желісін салу және пайдалану», «Үлкен Алматылық автомобильдік айналма жолын (ҰАААЖ) салу және пайдалану» және т.б. жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Соңғы кезде МЖӘ елімізде үлкен қарқынмен дами бастады, бірақ бұл үрдісті жалғастыру үшін Қазақстан мектептерді, ауруханаларды, муниципалдық, жол, әскери және құқық қорғау инфрақұрылымдарын салудағы халықаралық тәжірибені зерттеуі және үйренуі қажет. Ұлыбритания, Австралия, Түркия, Оңтүстік Кореяның тәжірибесі МЖӘ жобаларын іске асырудың көптеген түрлерін көрсетеді: концессиялық, facility management, жекеменшік қаржы бастамасы, қызмет көрсету келісім-шарттары, сенімгерлік басқару, лизинг шарттары, жалдау келісім-шарттары және т.б. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің бұл пішіндерін іске асыру елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ МЖӘ институттарының дамуына тәуелді.

«Офис оф зэ Камптроллер энд Аудитор Дженерал» (Ирландия) агенттігінің деректеріне сүйенсек, соңғы 20 жылда мемлекеттік-жекешелік әріптестік өзінің бұрынғы қолдану аясын 134 елде кеңейтті, ал МЖӘ-ге құйылған инвестициялар жалпы инфрақұрылымдық инвестициялардың 15-20%-н құрайды. МЖӘ әртүрлі қарқынмен және табыспен әлемнің көптеген елдерінде дамуда. Бұл тұжырымдама дамыған нарықтық экономикасы және мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-қимыл жасасуының қалыптасқан дәстүрлері бар елдерде ең көп таралған.

«Еуропеан РРР Икспертайз Сенча» сараптау орталығының мәліметіне сүйенсек, соңғы 15 жылда еуропалық елдерде жалпы сомасы 350 миллиард еуро құрайтын шамамен 1800 контрактілер жасасқан, олардың үштен екісіне Ұлыбританияда қол қойылған. МЖӘ тетіктерін енгізу бойынша Ұлыбритания Еуропалық Одақ елдерінің арасындағы ізашар және бүкіл әлемдегі елдер арасындағы көшбасшы болып табылады. МЖӘ арқылы инвестицияларды тарту үшін басым, атап айтқанда МЖӘ-нің жалпы нарығының 70%-н құрайтын салалар болып табылатындар – денсаулық сақтау және білім беру. Егер Ұлыбритания, Ирландия, Австралияның тәжірибесін талдасақ, еңбек өнімділігінің деңгейі, адам басына шаққандағы жалпы ішкі өнімді тұтыну деңгейі, әлеуметтік қорғау деңгейі, медициналық қызмет көрсету және білім беру сапасы неғұрлым жоғары болса, денсаулық сақтау және білім беру салаларында МЖӘ тетіктері соғұрлым жиірек қолданылады деп айтуға болады.

Алайда бұл критерийлер МЖӘ жобасының іске табысты асырылуының жалғыз кепілі бола алмайды. Экономикалық тұрғыдан қарасақ, жобаның нәтижесі болып табылатыны экономикалық тиімділік, сондай-ақ әлеуметтік ауқаттылық – бұл МЖӘ жобасының соңғы нәтижесі және қорытындысы.

Жобаны іске асыруға қатыстырылған бизнес және мемлекеттік сектор жеке бизнестің техникалық тиімділігі (бар ресурстардан дайын өнімнің барынша көп мөлшері өндірілетіндей өндірісті ұйымдастырудың деңгейі) бар екенін, яғни капитал мен ақшалай қаражаттардың тиімдірек бөлістіре алатынын түсінуі қажет. МЖӘ әлеуетті инвесторлар арасындағы бәсекелестік қағидаттарына негізделуі тиіс, сондай-ақ мемлекет бизнеске қолайлы жобаны ұсынуы тиіс.

Табыстың тағы бір кепілі – қауіптердің тараптар арасында оңтайлы бөлістірілуі. Мемлекеттік сатып алулардың дәстүрлі әрекеттерінде қауіптерді бөлісу көзделмеген, алайда МЖӘ жобаларының қоғамдық маңызы үлкен болғандықтан, бастапқы кезеңде қауіптерге баға беру бойынша зерттеулер өткізу қажет, ал өз кезегінде бұл конкурсты тиімді өткізуге мүмкіндік береді.

МЖӘ әлеуметтік бағдарланған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталғандықтан, мемлекет реттелетін рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге міндеттенеді, және де жеке инвестормен бірге мемлекеттік республикалық маңызы бар объектілер үшін жұртшылық алдында жауапты болады.

Жақында ғана еліміздің заңнамасы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің бір ғана құралын – концессияны ұсынған. 2008 жылы құрылған МЖӘ орталығы келісім-шарттардың құрылымын әзірлеу және мемлекеттік және жекеменшік тараптардың өзара іс-қимыл жасасуының тиімді жүйесін құру бойынша жұмыстар өткізді. Халықаралық тәжірибені қабылдап және өз тәжірибесін жинап, мемлекет енді келесі деңгейге өтті. Бұл деңгей МЖӘ-нің жаңа моделдерін әзірлеуді, МЖӘ нарығын кеңейтуді, қаржыландырудың жаңа көздерін ынталандыруды және қауіптерді есептеу жүйесін жетілдіруді қамтиды.

2015 жылғы 31 қазанда «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Жаңа заң МЖӘ қолдану аялары бойынша шектеулерді алуды



қарастырады, МЖӘ қатысушыларының субъектік құрамын кеңейтеді, МЖӘ жобаларын бастағандағы және әзірлегендегі жеке сектордың рөлін арттырады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясына негізделеді, және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы белгіленген тәртіппен ратификациялаған халықаралық құқықтық шартта осы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Экономиканың жекелеген салаларында (аясында) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті құқықтық реттеудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Жекеше әріптесті айқындау, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу, орындау және тоқтату, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін мемлекеттің тұтыну рәсімдері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары қолданылмастан, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының заңына және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жекелеген түрлерін регламенттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестікке салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>.*

2. *Шарапиденов О. Государственно-частное партнерство: этапы и трудности становления // «Юрист» журналы, 2008. № 12, 26-28 pp.*

3. *Смагулова Ф. Новые механизмы ГЧП в Казахстане // Деловой аналитический журнал «National Business», 18.03.2016, 10:00.*

4. *Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000693>.*

ӘОЖ 340.115

Ташенов Б.

Магистрант, «Bolashaq» академиясы

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

tashenov@mail.ru

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Рысмагамбетова Г.М.

#### **ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЭВТАНАЗИЯ МӘСЕЛЕСІ**

***Аңдатпа.*** Автор эвтаназия құбылысын медицина, құқықтық тұрғыдан талдап, адамның өз өміріне билік ету құқығын, ол құқықтың шектерін бүгінгі күннің өзекті мәселелері ретінде қарастырады. Осы орайда эвтаназияның адамның өмір мен өлім арасында таңдау жасау құқығы және дәрігердің көмегі арқылы өлуді таңдаған адамның құқығы деп бөлінетін екі түріне кеңінен тоқталып өтеді. Автор адамның өз өміріне билік ету құқығын адам өміріне қолсұқпаумен қатар өмір сүру құқығының құрамдас бөлігі ретінде танып, бүгінгі мемлекеттік-құқықтық болмыста адамның өмір сүру конституциялық құқығының қазіргі мағынасында құқықтық тұрғыдан қабылдауға сәйкес келмейтінін, конституциялық-құқықтық доктрина шеңберінде тереңдетіліп қайта түсіну керектігі туралы ой қозғайды.

Қазіргі қоғамда эвтаназия көпшілікті толғанып отырған өзекті мәселенің бірі. Мұның басты себебі қазіргі медицинаның емдеуге әлі де шамасы келмей отырған аурулардың болуы. Эвтаназияны қысқаша түрде «қиналмай өлу» деуге болады, яғни емдеуге келмейтін және

адамның жанын қинайтын ауру кезінде адамның өлімін дәрігерлік жолмен жеңілдету. Бұл мәселенің құқықтық аспектілерінен мәні басқа тереңде жатқан діни, философиялық, этикалық, биологиялық, психологиялық, медициналық, тағы басқа көптеген қырлары бар.

Соңғы кезде эвтаназия түсінігінің мазмұны өзгере бастады, өйткені ол тек «жеңіл өлім» ретінде ғана емес, «тез өлім» ретінде де қарастырыла басталды.

Ресейлік зерттеуші ғалым С.В. Рязанцев эвтаназияны активті және пассивті деп екі бөліп қарастырады. Егер активті эвтаназия - өлімді тездетін дәрі-дәрмек не басқа да құралдар қолдану арқылы жасалса, пассивті эвтаназия - ауру адамды ажалдан аман алып қалу үшін күрестен бас тарту арқылы жүзеге асырылады [1, 33].

Эвтаназияға рұқсат етілген елдер қатарына (Австралия, АҚШ (Оригон штаты), Бельгия, Қытай, Нидерланд, Швейцария, Швеция, Финляндия) жатады. Бұл елдерде пассивті эвтаназияға ғана жол берілген. Активті эвтаназия бірде-бір елде рұқсат етілмеген және олардың көпшілігінде қылмыс түрі ретінде қудаланады. 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360 «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 154-бабы бойынша Қазақстан Республикасында эвтаназияның қандай түрі де заң бойынша тыйым салынған.

Десек те эвтаназияны жақтаушылар да баршылық, олардың уәждері мынаған саяды:

- өмірін үзу құқығы;
  - заң бойынша ауру адам емделуден бас тартуға құқылы;
  - емі жоқ аурумен ауыратын және жаны қиналған адам әрқашан жеңіл өлімді таңдайтыны;
  - эвтаназияға тыйым салу - ауыр халіне байланысты өзін-өзі өлтіре алмайтын ауру адамдардың құқын шектеу;
  - қазіргі медицинаның тәсіл-әдістерімен ауру адамды емдеп шығаруға, оның азабын жеңілдетуге мүмкін болмауы;
  - ауру адамның саналы, табанды және қайталанып беретін эвтаназия жөніндегі өтініші;
  - ауырып жатқан адамға денсаулығы, ауру салдары, эвтаназияның мәні мен жүргізілу жолдары жайында міндетті түрде хабарлау;
  - әртүрлі медицина салаларының дәрігер-мамандары консилиумының ауруды емдеу мүмкіндігі мен ауырған адамның азабын жеңілдету жолдарының болмауы жөніндегі бірауыздан қабылданған комиссия қорытындысы;
  - дәрігерлер консилиумының қорытындысы мен ауру адамның өтініші жөнінде жақын туысқандарына хабарлау;
  - прокуратура органдарына эвтаназия жүргізілуінің көрсеткіштері жөнінде хабарлау;
  - эвтаназияны жүргізу мүмкіндігі жөнінде соттың шешімі.
- Сонымен қатар эвтаназияға қарсылық білдіретіндердің дәлелдемелері:
- ислам және христиан діндері тұрғысынан эвтаназия жасау күнә болып табылады;
  - эвтаназия жасау бұл тірі адамды өлтіру деген сөз, бұл адамгершілік мұратына жатпайды;
  - дәрігерлер қызметінің мәні - өлімге көмектесу емес - өліммен күресу, сондықтан эвтаназия жасаған дәрігер - адам өлтірген қылмыскерге айналады, оның психикасы мен этикасы өзгереді [2, 11].

Құқықтық тұрғыдан эвтаназия мәселесі адамның өз өміріне билік ету құқын, осы құқтың шектерін және т.б. мәселелерді қозғайды. С.В. Рязанцевтің айтуы бойынша эвтаназия проблемасы екі мәселені қозғайды: адамның өмір мен өлім арасында таңдау жасау құқын (және ешкім де ешқашан адамды бұл құқығынан айырған емес) және дәрігердің көмегі арқылы өлуді таңдаған адамның құқын. Проблеманың күрделілігі екінші жағдайға байланысты, - дейді ғалым [1, 24].

В.Е. Лапшин қазіргі кезде эвтаназияны ауру адамның жаны мен тән азабын тоқтату мақсатында жасалған өтініші бойынша құқықпен және моральмен реттелген медициналық қызметкердің әрекеттер кешені не әрекетсіздігі болып табылатын және нәтижесінде ауру адамның өліміне алып келетін құқықтық құбылыс ретінде қарастыру керек дейді. Оның ойы бойынша эвтаназия нақты құқықтық реттеу болған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін [3, 10].

Эвтаназияның біздің еліміздің заңдарында көрісін табуына барынша шағын аз-кем экскурс-шолу жасап көрер болсақ, эвтаназияның әуелгі анықтамасы «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» 1997 жылғы заңда берілген еді. Онда эвтаназия «науқастың қандай да бір әрекеттер немесе құралдар, соның ішінде тіршілігін сақтау жөніндегі жасанды шараларды тоқтату арқылы өз өлімін тездету туралы өтінішін қанағаттандыру» делінген. Ал 2006 жылғы «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» заң бойынша эвтаназия анықтамасы нақтылана түседі: «эвтаназия - аурудың беті бері қарамайтын жағдайда, науқастың қандай да бір іс-әрекетпен немесе құралдармен, соның ішінде дәрілік немесе өзге де заттарды енгізу арқылы,

сондай-ақ өміріне дем беріп тұрған жасанды шараларды тоқтату арқылы өз өлімін жеделдету туралы өтінішін қанағаттандыру».

Егер 1997 жылғы заңда «медицина қызметкерлеріне эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады» делінсе (27-баптың 3-тармағы), 2006 жылғы заңда эвтаназия деп аталатын бөлек бап енгізіліп (33-бап) «эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады» делінген.

Егер бұрынғы заңдағы эвтаназия жөніндегі тыйым тек медицина қызметкерлеріне ғана арналған болса (сонда медициналық қызметкер болып табылмайтын басқа адамдарға эвтаназияны жүзеге асыру рұқсат етілген болып тұр), кейінде эвтаназияны жүзеге асыру кез келген адамға рұқсат етілмейді.

Бұл эвтаназияны жүзеге асыра алатын субъектілер құрамына қатысты өзгеріс өте маңызды. Яғни ендігі жерде тек медициналық қызметкерлер ғана емес эвтаназияны жүзеге асырған кез келген адам қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

Бірақ, өкінішке орай, ҚР-н Қылмыстық кодексінде (ҚК) эвтаназияны жүзеге асырған үшін қылмыстық жауапкершілік көзделмеген. «Адам өлтіру - ҚК-нің 99-бабының 1-тармағы «Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату», және 3-бөліктің 3-тармақшасы: «кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан»; 12-тармақшасы: «жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатымен жасалған» адам өлтіру. Қалайда өлген адамның дәрменсіз болу жағдайлары оның қарсылық көрсете алмауымен байланыстырылады, ал эвтаназия жағдайы бұған керісінше. Бұл жерде қазаның орын алуы - науқас адамның өзінің тілегіне байланысты. Яғни, эвтаназия жағдайы - түбегейлі басқа жағдай. Өкінішке орай қылмыс туралы заңнамада эвтаназия, оның жеңіл не ауыр дәрежеде жасалуы қарастырылмаған. Жаны қатты қиналып, азаптанып жатқан адамға оның қайталанып отырған өтінішін қанағаттандыру ниетінде жанашырлықпен жасалған эвтаназия үшін де, науқас адамды дәрігердің өз ниетімен өлтірмек болу мақсатымен жасалған эвтаназия үшін де жауапкершілік жоқ.

Басқа елдердің тәжірибесіне сүйенсек, эвтаназияның активті және пассивті түрі бар екенін және олар үшін жауапкершіліктің әртүрлі болуы керек екендігін түсінеміз. Кезінде бүкіл дүниені шулатқан АҚШ-тың Мичиган штатындағы «өлім дәрігері» (доктор смерть) деп аталған Джек Кеворкян науқас адамдарға өзін-өзін өлтіруге мүмкіндік беретін бірнеше түрдегі аппараттар құрастырып, оларды қолданып та үлгерген. Науқас адам өзі тиісті кнопканы басу арқылы өмірден кететін болған [1, 33-34]. Бұл пассивті түрдегі эвтаназия, сондықтан Штаттың соты бұл дәрігерге аппараттарды қолдануға тыйым салды, бірақ оның өзін жауапқа тарта алмады, өйткені өмірмен қоштасқан адамдар туыскандарының көзінше тиісті қағаздарға қол қойып, солардың көзінше дүниеден озған.

Сол сияқты дәрігер күйзеліп жатқан науқасқа екі түрлі дәрі әкеліп (біреуі - емге ішетін, екіншісі - өлімге әкелетін), олардың қандай нәтиже беретінін түсіндіре отырып тастап кетсе, ал науқас адам өлтіретін дәріні (немесе өзі қабылдап жүрген ем дәрісінің өлтіретін дозасын) қабылдап қаза тапса, дәрігердің бұл әрекетін пассивті эвтаназия деуге болады, өйткені ол адамды өз қолымен емес, жанама түрде өлтіріп отыр. Ал өлімге алып келетін инъекцияны өз қолымен жасау, науқастың өмірін сақтап тұрған аппаратураны оның өтініші бойынша өз қолымен айырып тастау және т.с.с. әрекеттер, әрине, активті эвтаназияға жататыны сөзсіз.

Сондықтан, осы мәселелерді ескере отырып:

пассивті эвтаназияны - ҚР ҚК-нің 99-бабы 1-тармағымен;

активті эвтаназияны - осы баптың 2-тармағымен дәрежеленген дұрыс болып көрінеді.

Бірақ соңғы жағдайда, яғни активті эвтаназияны дәрежелеу кезінде, біздің ойымызша, «эвтаназия» - дәрежелеуші белгі ретінде - осы баптың 2- тармағына бөлек тармақша («о» тармақшасы) ретінде ҚР-сы ҚК-не мынадай редакцияда енгізілуі тиіс:

ҚР-сы ҚК-н 99 бабы. «2. Адам өлтіру: ... о) активті эвтаназия жасау арқылы».

1976-шы жылы Калифорния штатының Жоғары соты науқас адамдарға өмірді сақтап қалатын емделуден бас тарту құқығын беретін шешім қабылдады [1, 33-34]. Осы кезден бастап тағы бір мәселе пайда болды - эвтаназия мен науқастың ем алудан бас тартуы арасындағы айырмашылықты анықтау проблемасы. Жалпы алғанда науқастың емделуден бас тартуға, медициналық көмек алудан жазбаша түрде бас тартуға құқылы. Әдетте азаматтың келісімінсіз медициналық көмек тек төрт жағдайда ғана көрсетіледі:

- 1) өз еркін білдіруге мүмкіндігі жоқ, есеңгіреген, ес-түссіз жағдайда болса;
- 2) айналасындағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегуші азаматтарға;
- 3) психикасының ауыр түрде бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші азаматтарға;

4) психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші және қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарға.

Осыған байланысты егер эвтаназия науқас адамның өмірін тоқтатуға бағытталған болса, емделуден не өзге де медициналық көмектен бас тарту - науқас адамның өзін-өзі өлтіруіне байланысты бола бермейді. Біздің ойымызша, аталған айырмашылық осылайша шешілуі керек.

Қазақстанда эвтаназияға тыйым салу - Кеңес Одағы кезінен жалғасып келе жатқан дәстүр десек болады. Сондықтан бұл тыйым отандық заңнамаға ешбір пікір-талас болмастан енгізілді. Біздің елімізде, қазақстандық қоғамымызда эвтаназия мәселесі төңірегіндегі үлкен дискуссиялар әлі де алда деп есептейміз.

Ислам мен христиан діндерінің ережелеріне сәйкес адамның өлімі оның жердегі өмірінің аяқталып, о дүниедегі өміріне өтуін білдіреді. Діни көзқарас бойынша өзін-өзі өлтірген адам күнәһар болып табылады, өйткені адам жаны құдаймен берілсе, оның иесі де құдай болмақ. Сондықтан, өзін-өзі өлтірген адам құдай құқына қол сұғады. Бұл ислам дінінде де, христиан дінінде де осылай. Ислам діні бойынша мұндай адамның, тіпті жаназасы да шығарылмай, оның мәйіті жалпы зираттан бөлек жерге қойылып, жерленуі тиіс.

Құқықтық тұрғыдан келетін болсақ, ең алдымен шешімін талап ететін мәселе - адамның өмірден кету (өлу) құқы бар ма?

Ресейлік ғалымдар А.Н.Пицита мен С.Г.Стеценко өзін-өзі өлтіруді - «адамның өмір сүру құқығының құрамдас элементі болып табылатын өз өміріне дербес түрде билік етуінің бірден-бірі көрінісі», - деп бағалайды [2, 6].

ҚР-ның Конституциясының түсінігінде адамның өз өміріне билік ету құқығы адам өміріне қолсұқпаумен қатар өмір сүру құқығының құрамдас бөлігі болып табылады делінген. Бірақ бұл жерде адамның өз өміріне билік ету дегенді қалай түсіну керек екендігі, мұның құрамына адамның өзін-өзі өлтіру құқығы кіру-кірмеуі туралы ештеңе айтылмаған. Түйіндей айтқанда, бүгінгі мемлекеттік-құқықтық болмыста адамның өмір сүру конституциялық құқығының қазіргі мағынасы құқықтық тұрғыдан қабылдауға сәйкес келмейді және конституциялық-құқықтық доктрина шеңберінде тереңдетіліп қайта түсінуді талап етеді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Рязанцев С.В. Тайна смерти. - СПб., 2015. - 463 с.*
2. *Пицита А.Н., Стеценко С.Г. Медицинское право. Особенная часть. - М., 2015. – 480 с.*
3. *Лапшин В.Е. Смерть как правовое явление: Дисс. ... канд.юрид.наук: 12.00.01. – Владимир, 2014. – 180 с.*

УДК 343.98

Темирбаев М.У.

Магистрант, Академия «Bolashaq»

город Караганда, Республика Казахстан

Научный руководитель: к.ю.н., профессор Кабжанов А.Т.

### **ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН И ЛИЦ БЕЗ ГРАЖДАНСТВА В МЕСТАХ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ**

***Аннотация.*** В статье рассматривается правовое положение иностранных граждан и лиц без гражданства в местах лишения свободы.

Реализация миграционной политики повлекла за собой приток в Республику Казахстан иностранных граждан и лиц без гражданства. Наряду с позитивными сторонами решения этого вопроса оно вызывает и определенные негативные последствия. Одним из них является преступность указанных лиц. Совершение преступлений иностранными гражданами не могло не отразиться на характеристике лиц, отбывающих наказания. В учреждениях уголовно-исполнительной системы находится около полутора тысяч иностранных граждан. Абсолютное большинство из них являются гражданами стран, входивших в состав СССР.

По данным ведомства в настоящее время в стране функционирует 80 учреждений, в которых содержится свыше 32 тысяч человек, 25 тысяч осужденных и 6,5 тысяч следственно-

арестованных лиц. Имеется 6 женских колоний, где отбывают наказание 2 244 женщин. Содержится 52 несовершеннолетних, пожилых мужчин в возрасте от 60 до 74 лет – 655, инвалидов – 712, иностранцев - 1 232, лиц без гражданства – 149.[1]

Таким образом, численность осужденных иностранных граждан составляет - 1 232, что составляет почти 5 % от общего числа осужденных.

Тема обеспечения прав человека в местах принудительного содержания в силу ограничений особенностей его правового положения всегда была актуальной. Еще в большей степени это касается мигрантов, находящихся в данных местах.

Актуальность и значимость рассматриваемой проблемы правового положения иностранных граждан и лиц без гражданства, находящихся в местах лишения свободы, обусловлена ее недостаточной разработанностью в теории уголовно-исполнительного права. В работах ученых-пенитенциаристов довольно широко исследуются проблемы правового положения осужденных к лишению свободы. Вместе с тем нельзя не обратить внимания на то, что в опубликованных трудах рассматриваются, как правило, лишь проблемы общей категории «осужденный к лишению свободы». В связи с этим исследование вопроса, касающегося правового статуса осужденных иностранных граждан и лиц без гражданства, отбывающих наказание в виде лишения свободы, как особых субъектов уголовно-исполнительных правоотношений, имеет теоретическое и практическое значение.

Иностранные граждане в Казахстане имеют все права и свободы, а также несут все обязанности. Международные договоры могут устанавливать правила, вытекающие из Конституции и законодательства Казахстана, если международные договоры ратифицированы, то международно-правовые нормы будут иметь приоритет перед правилами, которые содержатся в законах Республики.

Осужденные - иностранные граждане и лица без гражданства пользуются правами и несут обязанности, которые установлены международными договорами Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан о правовом положении иностранных граждан и лиц без гражданства, с изъятиями и ограничениями, предусмотренными уголовным, уголовно-исполнительным и иным законодательством Республики Казахстан.

Правовой статус осужденных иностранных граждан и лиц без гражданства определяется исходя из их правового статуса на территории Казахстана с учетом положений международных договоров Республики Казахстан с государством, к которому принадлежит данный иностранный гражданин, в соответствии с признанными нормами международного права в сфере исполнения уголовных наказаний и обращения с осужденными, а также нормами уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан.

Во время отбывания уголовного наказания иностранцы и апатриды пользуются правами и несут обязанности, которые установлены международными договорами РК, законодательством РК о правовом положении иностранных граждан и лиц без гражданства, в частности Казахстанским законом "О правовом положении иностранных граждан в Республике Казахстан", с изъятиями и ограничениями, предусмотренными уголовным, уголовно-исполнительным и иным законодательством РК. Это означает, что иностранным гражданам и лицам без гражданства во время отбывания уголовного наказания гарантируются естественные права человека, обеспечиваются такие же условия содержания, как и казахстанским гражданам. Для этих категорий осужденных в уголовно-исполнительном законодательстве предусмотрены дополнительные права.

Осужденные - иностранные граждане и лица без гражданства вправе использовать родной язык или любой другой язык, которым они владеют, а в необходимых случаях пользоваться услугами переводчика.

В ч. 10 ст. 10 УИК РК закреплено важное для осужденных иностранных граждан, отбывающих наказание в виде ареста, ограничения свободы или лишения свободы, право поддерживать связь с дипломатическими представительствами и консульскими учреждениями своих государств либо дипломатическими представительствами государств, взявших на себя охрану их интересов, или с межгосударственными органами, занимающимися защитой указанных осужденных. Такая связь может поддерживаться различными способами: посредством переписки, телефонных переговоров, проведения свиданий, оказания юридической помощи и т.п.

В статье 38 Минимальных стандартных правил обращения с заключенными (1955 г.) установлено, что иностранным гражданам, находящимся в заключении, следует обеспечивать разумную возможность поддерживать связь с дипломатическими и консульскими

представителями их страны. Заключение, являющиеся гражданами стран, которые не имеют дипломатического или консульского представительства в данном государстве, а также беженцы и лица, не имеющие гражданства, должны иметь возможность поддерживать связь с дипломатическими представителями государства, взявшего на себя охрану их интересов, или же с любым национальным или международным органом, занимающимся их защитой. Аналогичное правило предусмотрено и в Европейских пенитенциарных правилах (2006 г.) в Правилах Организации Объединенных Наций, касающиеся защиты несовершеннолетних, лишенных свободы (1990 г.)

При этом, исходя из анализа нормативных правовых актов, формы этого взаимодействия, могут быть различны: письменные обращения, посещения послами и консулами мест содержания осужденных иностранных граждан, телефонные переговоры.

В этой связи возникает проблема реализации указанных прав осужденных, поскольку в местах отбывания наказания должны быть переводчики, способные оказывать квалифицированную помощь осужденным любой национальности в случае возникновения трудностей, обусловленных языковым барьером. Следует отметить, что конкретные условия, при которых иностранный осужденный может пользоваться услугами переводчика, не прописаны в уголовно-исполнительном законодательстве [2, с.58].

Согласно статье 9 УИК, Осужденные иностранцы и лица без гражданства пользуются в Республике Казахстан правами и свободами, а также несут обязанности, установленные для граждан, если иное не предусмотрено Конституцией, законами Республики Казахстан и международными договорами. Также иностранные граждане имеют права писать обращения, заявления, ходатайства, письма и общаться на родном языке.

На основании уголовно-исполнительного кодекса РК получаемые и отправляемые осужденными письма, почтовые карточки и телеграммы подвергаются цензуре со стороны администрации исправительного учреждения, за исключением случаев, указанных в части 2 статьи 14 УИК, также это правило распространяется на лицо, осуществляющее юридическую помощь осужденным. При этом в части 2 статьи 14 УИК, нет исключения касающиеся консулов, послов, а следовательно, их переписка с иностранными гражданами подлежит цензуре. При этом срок осуществления цензуры, писем, карточек, телеграмм составляет не более семи рабочих дней, если они написаны на иностранном языке.

Возникает вопрос, каков механизм реализации этого права, если осужденный пишет, например, на хинди, вьетнамском, урду?

Как поступить, если иностранный гражданин пишет часто на своем родном языке не только в посольство, но и своим родственникам, друзьям, близким?

Как найти переводчика в столь короткое время, сотрудникам мест лишения свободы, чтобы реализовать это право осужденного?

Похожая проблема, возникает и при предоставлении телефонных разговоров осужденным иностранным гражданам с послами, консулами, родственниками.

Усугубляется это проблема и территориальной разбросанностью исправительных учреждений, так как осужденные иностранные граждане могут содержаться в разных учреждениях уголовно-исполнительной системы по всей территории Республики Казахстан.

Некомпетентность сотрудников мест лишения свободы в отношении этой категории граждан вносит свое негативное влияние.

К сожалению, в настоящее время из УИК исключены положения об отбывании наказания осужденными рассматриваемой категории в специальных исправительных учреждениях, а также об их содержании отдельно от подозреваемых и обвиняемых в совершении преступлений. Например, в соседней стране в Республике Мордовия функционирует специальная исправительная колония общего режима, которая носит неофициальный статус предназначенной для иностранцев. В ней в разное время содержались представители более сорока государств [3, с. 4].

Полагаем, что решение вопроса находится на поверхности и заключается в решении проблем организационного и правового характера.

В уголовно-исполнительном законодательстве необходимо предусмотреть эти особые случаи, связанные с иностранными гражданами и урегулировать вопрос с обеспечением всех прописанных форм взаимодействия связи с посольскими, консульскими представительствами, родственниками, друзьями. Также представляется необходимым дополнить Правила внутреннего

распорядка, утвержденные приказом Минюста РК, в части организации переписки, предоставления свиданий, телефонных разговоров иностранными гражданами.

С точки зрения организационного обеспечения необходимо выделить отдельное учреждение мест лишения свободы предназначенного только для иностранных граждан находящиеся вблизи столицы Республики Казахстан. Это позволит уменьшить время предоставления переводчика осужденным и решит вопрос с подбором персонала исправительного учреждения обладающего навыками работы с иностранными гражданами.

Продолжая тему статьи, в части реализации иностранными гражданами своих прав, обозначим еще одно интересное право присущее только рассматриваемой категории.

Положение пункта 3 статьи 37.1 Европейских пенитенциарных правил 2006 г. гласит, что если находящиеся в местах лишения свободы иностранные граждане имеют особые потребности, то в их интересах администрация пенитенциарного учреждения сотрудничает с дипломатическими или консульскими должностными лицами, представляющими интересы заключенных.

При этом стоит отметить, что ни в международных нормах, ни в УИК, не определен перечень особых потребностей иностранных граждан.

Потребность - субъективное состояние, отвечающее объективной нужде в чем-либо, что человеку не принадлежит [4, с.6].

В этой связи, возьмем популярную модель потребностей по А. Маслоу, в которой выделяется несколько уровней потребностей:

Физиологические потребности. Основа пирамиды, куда входят нужды, которые есть у всех людей. Удовлетворять их нужно для того, чтобы жить, но сделать это один раз и на всю жизнь, невозможно. В эту категорию входит необходимость в еде, воде, жилье и др.

Чтобы удовлетворить эти потребности, человек переходит к активным действиям и начинает работать.

Можно сказать, что эту потребность для иностранных граждан в местах лишения свободы можно удовлетворить.

Потребность в безопасности. Люди стремятся к стабильности и защищенности. Удовлетворяя эту потребность по иерархии А. Маслоу, человек хочет создать для себя и для близких людей комфортные условия, где он сможет укрыться от невзгод и проблем.

Право на безопасность гарантируется в отношении всех осужденных.

Однако с остальными потребностями могут возникнуть существенные трудности в виду их неопределенности.

Потребность в любви. Людям необходимо ощущать свою значимость для окружающих, что проявляется как на социальном, так и на духовном уровне. Именно поэтому человек стремится создать семью, найти друзей, стать частью коллектива и войти в другие группы людей.

Потребность в уважении. Люди, которые дошли до этого периода, обладают желанием стать успешными, достичь определенных целей и завоевать статус и престиж. Для этого человек учится, развивается, работает над собой, заводит важные знакомства и т.д. Потребность в самоуважении подразумевает становление личности.

Познавательные способности. Люди стремятся поглощать информацию, обучаются, а затем, применяют полученные знания на практике. Для этой цели человек также читает, смотрит обучающие передачи, в общем, получает информацию всеми существующими способами. Эта одна из основных потребностей человека по А. Маслоу, поскольку она позволяет быстро справляться с разными ситуациями и адаптироваться к жизненным обстоятельствам.

Эстетические потребности. Сюда входят стремления человека к прекрасному и гармонии. Люди применяют свою фантазию, художественный вкус и желание сделать мир прекрасней. Есть люди, у которых эстетические потребности бывают важнее физиологических, поэтому ради идеалов они могут многое вынести и даже умереть.

Потребность в самоактуализации. Высший уровень, до которого доходят не все люди. Эта нужда основывается на желании достичь поставленных целей, духовно развиваться, а еще на применении своих способностей и талантов. Человек живет с девизом - «только вперед» [5, с.186].

Возникает вопрос, о каких потребностях идет речь в международной норме.

В этой связи необходимо в национальном законодательстве определить круг допустимых «особых» потребностей для иностранных граждан с учетом условий и режима отбывания ими наказаний в целях предупреждения свободного толкования указанной нормы права.

**Список использованных источников:**

1. Сколько осужденных в Казахстане, рассказали в МВД РК *inform.kz* [https://www.inform.kz/ru/skol-ko-osuzhdennyh-v-kazahstane-rasskazali-v-mvd-rk\\_a3781653](https://www.inform.kz/ru/skol-ko-osuzhdennyh-v-kazahstane-rasskazali-v-mvd-rk_a3781653)
2. Минсафина С.Н. Уголовно-исполнительная правосубъектность осужденных - иностранных граждан и лиц без гражданства, отбывающих лишение свободы. // *Человек: преступление и наказание.* - 2008. - № 4. - с. 58.
3. Александров Ю. «Интернационал» // *Преступление и наказание.* - № 2. - 2009. - с. 4-5.
4. Холлифорд С., Уиддет С. *Мотивация: Практическое руководство для менеджеров / Пер с англ. ООО «Пароль».* - М.: ГИППО, 2008. - 6.
5. Чомаева Н.З., Гогоберидзе Ф.Ю. Философское понимание понятий «потребности», «интересы» и «ценности» у современной молодежи

УДК 343.988

Кусаинова А.А.

Магистрант, Академия «Bolashaq»  
город Караганда, Республика Казахстан  
[awka85@mail.ru](mailto:awka85@mail.ru)

научный руководитель к.ю.н., ассоц.профессор Рысмагамбетова Г.М.

## **СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ВИКТИМОЛОГИИ КАК НАУКИ, ЕЁ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПРЕСТУПНОСТИ**

*Аннотация.* В статье рассматривается вопрос о генезисе виктимологии, как науки. Работа объединяет определения виктимологии на различных этапах становления различными учеными из разных стран, а также рассматривает вопрос о необходимости виктимологии в профилактике уголовных правонарушений.

Современная виктимологическая ситуация в стране может быть оценена как достаточно напряженная, она требует необходимость создания полноценной системы мер по обеспечению личной и имущественной безопасности граждан, юридических лиц и государства. При этом, решение этой проблемы невозможно без тщательного исследования причинно-факторного комплекса процессов виктимизации с точки зрения криминогенных проявлений жертв уголовного правонарушения.

Изучение причин и условий, способствующих совершению уголовных правонарушений, приводит нас к выводу, что наряду с «невиновными» жертвами, отдельные из них своим поведением нередко провоцируют уголовные правонарушения или облегчают их совершение. В этой связи особый интерес для виктимологической науки и практики представляют жертвы с виктимными девиациями, без изучения которых представляется сложным разработать полноценную систему мер по предупреждению преступности и предотвращению неосмотрительного, легкомысленного, провокационного поведения человека, являющегося нередко даже опасным для жизни [1, с.21].

Как отмечает российский криминолог Воронин Ю.А.: «Всесторонняя оценка механизма конкретного уголовного правонарушения диктует необходимость изучения не только личности преступника, но и потерпевшего. Очень многие уголовного правонарушения, по сути, являются результатом обоюдного «вклада» в произошедшее – преступника и жертвы. Речь не идет о «соучастии» потерпевшего в уголовно-правовом значении этого понятия, но практика свидетельствует, что неосторожное, аморальное или противоправное поведение будущих жертв часто служит поводом для уголовного правонарушения, создает криминогенную ситуацию или является обстоятельством, облегчающим его совершение» [2, с.91-92]

Изучение вышеназванных вопросов лежит в основе виктимологического аспекта формирования механизма конкретного уголовного правонарушения.

Значимость более глубокого анализа структуры формирования механизма конкретного уголовного правонарушения привело к возникновению и развитию такого направления криминологии, как криминальная виктимология.

Өлең синтаксисіндегі келесі бір ерекшелік – тілдік үнем заңы. Сайып келгенде, мұның өзі поэзиялық шығарма тіліндегі өлшем мен ырғақ әсерінен туындайды. Өйткені поэзия тілінде прозадағыдай еркіндік жоқ. Дегенмен «еркіндік жоқ» дегеннің өзін шартты деп қабылдаған жөн. Себебі өлеңге құрылған мәтіннің синтаксистік құрылысында жиі орын алатын немесе кездесетін тілдік үнем заңының өзі онда (поэзия тілінде) қандай да бір деңгейде нормадан ауытқушылық, яғни еркіндіктің болатынын көрсетеді. Ендеше біз сөз етіп отырған еркіндік немесе, керісінше, еркіндіктің болмауы тікелей өлең өлшеміне келіп тіреледі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, поэзиялық шығарма тілінде, шумаққа бөліну-бөлінбеуіне орай, тармақ және ондағы бунақ, буын саны шектеулі келеді. Осының нәтижесінде тілдік үнем заңы алға шығады. Сондықтан поэзиялық шығармалардың синтаксистік құрылысы, негізінен, формалық жағынан ықшамдылыққа сүйенеді. Бұл туралы Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын арнайы зерттеген ғалым Р.Сыздықова: «Өлеңде өлшем мен ырғақ талабына сай кейбір грамматикалық тәсілдерді ықшамдап және тығыздап қолдануға тура келеді. Қазақ өлеңі бұл тұрғыдан алғанда, кейбір грамматикалық норманың прозадағыдан өзгешелеу болып қалыптасуына мәжбүр етеді. Бұл тек синтаксис саласында ғана емес, морфология саласында да бар. Айталық, кейбір морфологиялық тұлғалар мен шылаулардың ықшам және толық варианттары бар. Есімшенің осы күнгі проза тіліндегі нормалы көрсеткіші -тын жұрнағының -тұғын варианты, -дай жұрнағының -дайын түрі, -ғаннан+соң деген жұрнақты-шылаулы тіркестің –ғасын түрінде бірігіп, ықшамдалған түрі, мен, да шылауларының менен, дағы варианттары – поэзия тілінде бұрын да, қазір де қатар қолданылатын бір-біріне «кезекші» элементтер. Қазіргі проза тілінде бұлардың бір ғана (көбінесе ықшам) варианты норма (немесе актив) болса, өлең тілінде бұлардың екеуі де – әдеби норма. Өлең өлшеміне, ұйқасына қарай, буын саны артық болса, ықшамы, жетпей жатса, толығы дегендейін, бірінің орнына екіншісі еркін қолданыла береді. Ал кейбір ықшамдауларды тек поэзия тілі көтереді» [4, 18], – дейді.

Әйтсе де, жоғарыда атап өткеніміздей, поэзиялық шығарма түрлерін зерттеу ісі толыққанды қамтыла қоймады. Оған дәлел ретінде қазақ батырлық жырларының зерттелмеуін келтірсе де болады. Жалпы поэзия синтаксисінің зерттелгеніне қарап, оған енетін жыр, толғау, өлең, баллада, тақпақ, ода секілді түрлерін жылы жауып қоюға болмайтыны белгілі. Себебі проза жанрында әңгіме, новелла, очерк, повесть және романдардың, оның ішінде мемуарлық роман, дәуірнамалық

романдардың да өзіндік лингвистикалық тәртібі, сипаты болатынын ескерсек, мұны поэзия жанрының түрлеріне де қатысты қарауға болатыны өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан батырлық жырлардың синтаксисін сөз етпес бұрын, ондағы синтаксистік тұтастық мәселесінің басын ашып алу қажеттілігі туындайды.

Қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық жайлы тың пікір мен оның ғылыми маңызы жайлы көзқарасты ұстанған – Т.Қордабаев. Ғалым «Тарихи синтаксис мәселелері» атты еңбегінде: «Бұлар тәріздес синтаксистік күрделі единицалар туралы қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін айтылған бір ауыз да пікір жоқ. Қазақ лингвистикасы құрмалас сөйлемнен үлкен синтаксистік единицаны әзірше білмейді. Неге солай? Әлде қазақ тілінің синтаксистік құрылысында бірнеше дербес сөйлемдердің, соның ішінде бірнеше құрмалас сөйлемдердің де бірігуі арқылы берілетін пікір күрделілігі жоқ па? Жоқ, олай емес, қазақ тілінің грамматикалық құрылысында ондай синтаксистік күрделі шумақтар проза жанрында да, поэзия жанрында да жиі кездеседі, бірақ олар осы уақытқа дейін зерттелген жоқ» [2, 191], – дейді.

Бұл жерде строфикалық өлеңдердегі күрделі синтаксистік тұтастық шегін айқындаудың қиындық тудырмайтынына меңзелейді. Яғни өлеңнің шумақты, шумақсыз болып келуі ондағы күрделі синтаксистік тұтастықты айыруға сеп болып жатады.

Қазақ батырлық жырларының, негізінен, шумаққа негізделмейтіні белгілі. Оларда арнайы бір үлгі немесе өлшем болмайды. Дегенмен поэзияның талаптарына бағынады. Дей тұрғанмен шығарманың батырлық жыр екенін айқындап тұратын грамматикалық ерекшеліктер көп емес. Ой желісі түйдегімен ұсынылып, іліктестіріле баяндалып отырылады. Шумақ және ондағы тармақтар санына қатысты шарттарға келгенде еркіндеу келеді. Осы ретте Р.Сыздықованың астрофикалық өлеңдерге қатысты айтқан мына тұжырымын ойға оралады: «Шумақсыз өлеңдерде де синтаксистік тұтастық болады, бірақ олардың жасалу принципі, сөз жоқ, өзгеше. Егер шумақты өлеңде жолдарды күрделі синтаксистік тұтастық етіп ұйымдастыруға шумақ шарттары қатысатын болса, мұнда олар жоқ. Оның есесіне, жоғарыда айтқандай шумақсыз өлеңдерде ұйқас суреті айрықша көзге түседі. Сонымен қатар астрофикалық өлеңдерде де күрделі синтаксистік тұтастыққа қатысты ұйымдастыратын нәрселер мағыналас сөйлемдердің қатарласа берілуі, идея ортақтығы, субъект бірлігі сияқты амалдар. Айырмашылық шумақты өлеңдерде әрдайым дерлік синтаксистік тұтастық шегін шумақ танытады, шумақ аяқталған жерде синтаксистік тұтастық та аяқталған болады. Ал шумақсыз дүниелерде синтаксистік тұтастық шегін мағына, идея, субъект бірлігімен қатар кейде ұйқас белгілейді» [4, 97].

Поэзиялық шығарманың қай-қасысында да қатар тұрған сөйлемдерді байланыстыруда сол шығарманың табиғатына орай ерекше тәсілдер болады. Олар туындының түп негізінен шығатын амалдарға жатады. Ал ол амал сол шығарманың мазмұнына, стиліне, болмысына тікелей байланысты келеді. Шығарманың көркемдік сипаты автор шеберлігінен де айшықтала түседі.

Ендеше поэзиялық шығарма тіліне ғылыми тұрғыдан терең зерттеу жасау – қазақ филологиясының ерекше маңыз берілетін бағыттарының бірі. Бұл ретте туындының көркемдік мәні мен маңызы ашыла түсіп, өлеңге құрылған мәтіннің лингвистикалық сипаты айқындала түседі. Ал өлең мәтіні, жоғарыдағы пікірлер мен зерттеулерден көріп отырғанымыздай, ерекше кірпияз келеді және синтаксистік құрылысында арнайы зерттеуге тұрарлық мәселе жеткілікті.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы*. – Алматы, 1969. – 221 б.
2. Қордабаев Т. *Тарихи синтаксис мәселелері*. – Алматы: Ғылым, 1965. – 244 б.
3. Өмірәлиев Қ. *XX-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі*. – Алматы: Ғылым, 1976. – 207 б.
4. Сыздықова Р. *Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы*. – Алматы: Ғылым, 1970. – 173 б.
5. Виноградов В.В. *Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика*. – Москва, 1963.

Айдарбекова М.Н.  
«Bolashaq» академиясының магистранты, Қарағанды қаласы,  
Қазқстан Республикасы  
Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

### **БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

*Аңдатпа. Мақалада Бұқар жырау туындыларының маңызды бөлігі толғаулардың тілдік сипатын беру барысында қол жеткізілген тұжырымдар мен нәтижелер көркем әдебиет стилистикасы, синтаксис, мәтін теориясын толықтыруға өз үлесін қосады.*

XV – XVIII ғасыр әдебиетінің жыраулар жасап кеткен жолы – жаңаның басы емес, көненің жалғасы. Осы кезең поэзиясында қазіргі кезге дейін өз аттары ұмытылмаған жыраулық өнердің өкілдері Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Үмбетей, Шалкиіз, Ақтамберді болып келсе, бұл алтын жүйені Бұқар жырау түйіндейді. Қазақ жыраулар поэзиясы өзге ешбір елдің әдеби шығармашылығына ұқсамайтын мазмұн тереңдігімен, поэтикалық сөз құрамымен ерекшеленеді. Нағыз жырау - әр сөзіне мән беріп, зор талғампаздықпен, жан-жақты ойланып, толғанып айтады. Сондықтан болар, қазақ жыраулары жүректен шыққан асыл сөздерін орынсыз шығындамай, сөз қадірін білетін түйсікті, салихалы ортада толғаған. Ежелден шешендік өнерге бейім қазақ халқы тауып айтылған бір ауыз сөздің қадірін асырып, жыраулық өнерді ерекше қадір тұтқан. Қазақ қоғамында жыраулар елге үгіт –насихат айтып, жыр шығаратын импровизациялық өнер иесі ғана емес, сонымен қатар ел басына күн туған қиын – қыстау кезеңде қол бастаған батыр, алқалы топта сөз бастаған шешен, елдің мұңын ханға, ханның қайғысын халыққа жеткізетін қайраткер, қажет жерінде, елдің ертеңін болжайтын сеуегей де болған.

Міне, біз шығармашылығын арқау алып отырған Бұқар жырау бабамыздың бойында осынау асыл қасиеттер тұтас көрініс тапқан.

Бұқар жырау шығармашылығы - өзі өмір сүрген қоғамның, заман сырының үні. Оның толғаулары – сол кездегі өмір-тіршіліктің айнасы. Жырау көзқарасын білдіру амалы іспеттес.

Негізінен, жыраулардың ішінен шығармалары қазіргі кезеңге молдау жеткені Бұқар жырау болып табылады. Бұл жағдай – оның төңірегінде сан алуан ғылыми еңбектердің тууына тікелей себепкер. Біз еңбегімізді осы тұрғыдағы ілкі сәт деп білеміз. Яғни, теңізге құйылған тамшы.

Сол кездегі халық тағдыры, елдің тынысы жырауларды терең толғандырған. Ел ісіне етене араласып, оның оң шешім табуына бар ақыл –ой, қайраттарын сарп етті.

Бұл тұрғыдағы Бұқар жыраудың тынысты тіршілігі Жоңғар шапқыншылығының кезеңінен, Абылай хандық құрған уақыттың сырымен тығыз байланысты. Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі. Ол кездегі саяси - әлеуметтік, қоғамдық өмір жыра шығармаларына өз әсерін тигізді.

Жыраудың елді татулық – бірлікке, адамгершілікке үндеген үгіт-насихат үлгісіндегі жырларының да астарында замана тынысы, уақыт таңбасы бар.

Бұл шығармашылығы ішкі мазмұнымен де, сыртқы пішінімен де нәзік үйлесім тауып, халық үнін, қазақ мұңын ашады. Сөз жоқ, жырау шығармаларындағы тарих таңбасы – елдің тұрмыс–тіршілігі, оның азабы мен қайғысы, бір сөзбен айтқанда, ел тағдыры. Ендеше жырау мұрасы арқылы елдің өткенін жаңаша көзқараспен қайта саралау жұмысымызға алынған тақырыптың өзектілік сипатын танытады.

Қай заманда болсын әр халық өзінің келешек ұрпағына өшпес мұра қалдыруды басты мақсат етіп қояды. Бұл – көбіне рухани болмысының үлесінде болатын дүниелер. Ғасырдан ғасырға келе жатқан әдеби мұрамыз халқымыздың асыл қазынасының бірі болып табылады. Бұлардың рухани өмірдегі үлес салмағы аса зор. Ал олардың мазмұны уақыт өткен сайын маңызын арттыра түспесе, солғындамақ емес.

Халқымыздың әдеби мұрасы–тарих қойнауынан бүгінгі күнге дейін келіп жеткен рухани жәдігер. Бұл ретте жыраулар дүниесінің үздік үлгісі толғау жанрының орны ерекше. Бұлар да әдеби тұнығымыздың бір кезеңі. Қай-қайсының болмасын өмірге келген белгілі бір уақыты, өз тұғырлары бар. Өткен тарихымыздың озық ойлы осындай жәдігерінің құны өлшеусіз. Жыраулар туындыларының мазмұны өткен өміріміздің, тарих беттерінің қойнауынан сыр шертеді. Әдеби дүниелердің қатарын молықтыра түсетін көркем туындылар топтамасы.



Ш. Уәлиханов шығармаларында басылып жүрген Бұқар жыраудың «Абылай өлгенде айтқаны» деген өлеңін профессор Ә.Марғұлан Шоқан шығармаларының бірінші томына енгізіп, сол томның түсіндірмесінде ғылыми пікір түйеді. Бұл өлең ерте жазылып алғандықтан өзінің ескі нұсқасын бергенге ұқсайды. Осыдан болса керек, жыраудың белгілі өлеңдерінен бұл өзгешелеу. Өлең тексінен мынадай үзінді келтіруге болады:

Күпшек санды күренді,  
Табияға жаратқан.  
Қырық сан қара қалмақты,  
Жарлығына қаратқан  
Айбалтасын аллтынменен бұлатқан,  
Алафасын арттырып.  
Арпалап атты қуантқан,  
Лабашы деген бір ауылды  
Антыменен улатқан.  
Тараншы менен серенді.  
Тозғындатып құлатқан,  
Табандасқан дұшпанға.  
Күнінде қылыш шауып өлтірген... [2, 169-170]

Осы үзіндідегі кейбір сөздердің түсінігі ескіргені байқалады. Бірақ жалпы мазмұны Абылайды оның хандық салтанатын дәріптейтіні айқын. Ал белгілі ғалым Қ. Өмірәлиев Бұқар жырау турасында былай деген: «Ең алдымен Бұқар жырау өзіне дейінгі қазақ поэзиясы тілін түгелімен пайдаланып, оны әрі қарай жалғастырушы болса екіншіден, ол – XVIII ғасырға дейінгі екі – үш жүзжылдықтар бойы жасап келген әдеби тілдік дәстүрді түйіндеуші. Жырау тілін бізден бұрынғы зерттеушілер өте дұрыс танығандай, «Бұқар – халықтың өнеге, оқу-дидактикалық поэзия мен азаматтық поэзияның жыршысы. Ол «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер тұтқан» сияқты өлеңдермен өзіне дейінгі халықтық дидактикалық поэзия дәстүрін ілгері дамытса, «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай, сені мен көргенде», «Ханға жауап айтпасам», «Керей, қайда барасын», «Бірінші тілек тілеңіз» сияқты өлеңдерімен арғы жерде Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулардан басталан азаматтық поэзияны тақырып әрі түр жағынан жетілдіріп, кемелденген поэзия үлгісін жасады» [3, 14], - деп оның жалпы позициясына тоқталған.

Ал толғау дегенге Р.Сыздықова былайша сипаттама береді: «Толғау түріндегі дидактикалық поэзия жыраулар мектебінің дүниесі. Бұл жанрдың басты белгісі стильдік стандартты берік ұстау, яғни дәстүрлі амалмен көпшілікке тікелей үлгі-өнеге, өсиет – ақыл айту немесе айтпақ идеясын өмірден білген түйгендерін (дүниетанымы мен философиясын) баяндау арқылы жанамалап беру», – деп көрсетеді [4, 23]. Бұқар шығармалары толғау түрде келетіндіктен қысқаша сипаттамаға кезек бергенді жөн деп таптық.

Асылы, Абылайдай тынымсыздық жорық жасап, ел берекесін кетіріп жатқан ханға айтқан жырау ақылдарының ең тиімдісі қазақтың өзара бірлігін сақтауға, одан кейін көрші елдермен алыс-беріс жасап, жауласпай тату өмір сүруге үндеу болса керек:

«Өлетұғын тай үшін,  
Қалатұғын сай үшін.  
Қылмаңдар жанжал, ерегес», [5, 110] –

деп, ол малы немесе жер үшін жанжалдасуға қарсы шығады. Бұқар өмір сүрген дәуірінің ұлы бір оқиғасы – жоңғар қалмақтарының өктемдігі, олардың қазақ жеріне көптеп енуі екенін біз жоғарыда айттық. Қалмаққа қарсы ұрыс басталған шақтан аяғына дейін бар ауыртпалықты Бұқар елімен бірге кешкен ол, әсіресе, өзі туған өлкесін азат ету күресіне тікелей араласып, қолбасшыларымен бірге, ақылшы, үгітші боп белсенділік көрсеткен. Абылай Бұқармен осы тұста қатты санасқан. Қалмақ қолына қарсы тұрған қазақ қолын Абылай хан басқарып, оған Айдаболдан Аталық батыр мен Сүйіндік елінен шыққан Олжабай Абылайдың бұл саясатына қарсы болады. Бұқар жырау Олжабайды қолдайды. Осы тұстағы халық аңыздарының бірінде хан мен батырлар арасындағы қайшылықтарды бейнелейтін сөздер де кездеседі. Мысалы, содай аңыздың бірінде Жоңғар хонтайшысын Қарқаралы, Баянауыл жерлерінен ығыстырып көп олжалы болады. Жоңғар хонтайшысы Қалданның Лаба және Ләйлі деген екі қызын Шәуке батыр тұтқындайды. Ол Лабаны – Олжабайға, Ләйліні – Абылайға сыйға тартады. Абылай тәкаппарлық мінез көрсетеді. Ханның қызын қараға қосуға болмайды деп, Олжабайдан Лабаны қызғанады. Хан мен батыр арасы ашылып, ел екіге бөлінеді. Абылай өзіне Атығайларды ертіп, батырдан іргесін

аулақтатып, Қараөткел жаққа ауысады. Бұл даудың ұласып кетпеуін қалаған ел билері Олжабай мен Абылайды табыстыруға күш салады. Олар: Қаржас Бұқар жырау, Айдаболдан Тайкелтір,

Төле би, оның баласы Едіге билер және Сүйіндіктің бас билері. Ақыры өзара келіскеннен кейін қырғыздар мен қарақалпақтарға құда боп бітіседі де, Ташкентті Абылай өз билігіне көндіреді. Бұқардың Абылайға жүргізген жорықшыл саясатқа қарсы болғанын Ш. Уәлиханов та растайды.

Ол: Бір кезде Абылай үйсіннің Ерден батыр билеген елін шауып тонауға бұйрық береді. Сонда Бұқар хан жарлығына қарсы шығып, «Ерден өз құлың оны тонаумен, Алатаудан әрі асып жаудан олжа тап», - деп тоқтатқан екен дейді [5, 115]. Абылайға айтқан ақыл сөздерінің бірінде жырау:

Бұқар екең деген кәріңіз,

Соғыссаң кетер сәніңіз.

Бізден бұрын өтіпті,

Хазіреті әліңіз, - деп, Абылайды жөнсіз соғыстан сақтандырып, оның көрші елдерге қарсы жортуылдарын қолдамайды. Өзінің осы өсиеттерін тыңдамай күш жинап, көрші елдерге ауыз сала бастаған кезде, Бұқар Абылайға реніш те білдірді. Әсіресе, ол Россия шекара бекіністеріне қарсы шабуыл жасамақ боп, өзінің қантөгіс жорығын жабдықтаған кезде, «орыспен соғыспа!» деген әмірлі өктем сөзін айтады.

Халқымыздың асыл мұрасы, оның поэзиясы ғасырдан ғасырға жете бермек. Бұл мұрамыздың, яғни, жыраулар поэзиясының тарихи негіздерін сол кезең тыныс деп білеміз. Ал Бұқар жырау шығармаларында бұл жайттың кездесуін осылайша қарастырдық. Бұқар жырау – жыраулық поэзияның өкілі, дана, ақылгөй, мемлекет дәрежесіндегі ақылшы. Қазақ мемлекетінің, елінің, халқының тұтастығын, бірлігін сақтау жолында аянбай күреске түскен. Оның күресі, ерлігі Абылай ханның қасында бола жүріп, мемлекеттік маңызы бар шараларға кеңес беруіне, игілікті іске мұрындық, игі бастаманың тұсауын кесуші ретімен ерекшеленеді. Қоғамдық, мемлекет ісіне етене араласып жүргендіктен, оның толғауларында тарихи оқиғаның, өткен күн тарихының негіздері айшықталады.

Бұқар жырау поэзиясы талай заманнан келе жатқан көркем дүниелер жиынтығы болып табылады. Бұл шығармалардың көркем идеясы қай кезде болсын өзінің маңызын жоймақ емес. Жыраулар поэзиясының жанрлық болмысының толғаулардың тілдік қабатына, оның ішінде синтаксистік құрылыс түзілісіне әсері зор. Міне, осы тұрғыдан келгенде, ғылыми жұмысты екі тарауға бөліп қарау мақсаты туды.

Көркем туындының ажырамас бір сипаты мағыналық қабаттарының сол шығарма мазмұнында атқарар жүгі қомақты. Бұқар жырау поэзиясының өзіндік сипатына байланысты ондағы сөйлемдердің мағыналық реңктері де ерекше болып өрнектеледі. Толғау жанры өз кезегінде мағыналық параллелдің өрнекті келуіне айрықша ықпал жасайды. Бұл тұрғыда шарт, себеп, санамалық, салыстырма мағыналарының рөлі ерекше. Бұл олардың көркем туынды жолдарындағы синтаксистік байланыс жүйесін арттырудағы маңызын байқатады. Өздері қатыстырылған мәтіннің шағын бір бөлігінде ғана қамтылады. Жырау поэзиясының жанрлық қыры ондағы сөйлемдердің бұйрықты мәнмен келуіне көп ықпал етеді. Толғау мәтіндеріндегі бұйрықты сөйлемдер маңызды рөлге ие. Себебі бұндай сөйлемдер арқылы ондағы мазмұнның болмысы ашыла түседі. Жыраулар поэзиясындағы бұйрықты сөйлемдердің болымды түрімен қоса болымсыз мағыналы сипаттың мәні ерекше.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1931.
2. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. том1. – Алма-Ата, 1961.
3. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976.
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993.
5. *Бес ғасыр жырлайды. Құраст: М.Байділданов, М.Мағауин. /Екі томдық. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989.*

Байжуманова А.А.

«Bolashaq» академиясының магистранты, Қарағанды қаласы, Қазқстан Республикасы

[Asy\\_amanbaevna@mail.ru](mailto:Asy_amanbaevna@mail.ru)

Ғылыми жетекші: фил. ғыл. кандидаты, профессор Сембиев К.З.

## ШЫЛАУ СӨЗ ТАБЫНА ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚЫ ТҰЖЫРЫМДАР

*Аңдатпа.* Мақалада жалғаулықтардың грамматикалық қызметі олардың қай сөз табына жататыны және қазірде лексикалық мағынасы болмайтыны жөнінде тіл білімінің морфология саласында ғана айтылып келеді. Кейінгі кездерде шылау сөз табының синтаксистегі байланыстырушылық қызметі жайлы азды-көпті айтылып жүргенімен, нақты жалғаулық шылаулардың синтаксистік әлеуеті жайлы жан-жақты қарастыратын, бұрын-соңды жарық көрген еңбектердегі тұжырымдардың басын қоса отырып, жаңаша көзқараста сипаттайтын зерттеу жұмысы әлі күнге жүргізілген жоқ.

Бұл сөз табы жайлы алғашқы анықтама қазақ тіл білімінің көшбасшысы саналатын А.Байтұрсынұлының ХХ ғасырдың 20 жылдарына тиесілі «Тіл тағылымы» еңбегінен белгілі. Ғалым өз еңбегінде шылау сөз табын екіге (демеу, жалғаулық) бөліп қарап, жалғаулық шылаудың талғау мәнін білдіретін семантикалық түрін (я, не, немесе) демеулікке жатқызған, сондай-ақ ғалым демеулік шылаудың анықтамасын беруде де сөйлем мен сөйлемді байланыстыратынына назар аудартады: «Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздерді» [1, 166; 195]. Сөйтіп, Я ол тұрар, я мен тұрамын. Бұл жұмыс я бітер, я бітпес. Не ол тұрар, не мен тұрармын деген сөйлемдердегі шылауды демеулік ретінде сипаттайды.

Сондай-ақ жалғаулықтарға: «Кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз», – деген анықтама бере отырып, менен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы деген шылауларды түгелдей жалғаулыққа жатқызады [1, 167]. Мұнан А.Байтұрсынұлының шылау сөздерге субъективті тұрғыдан келгенін аңғарамыз. Алайда шылау сөз табына берген анықтамаларындағы «екі сөздің арасын яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер», «басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды» дегендері шылаудың лингвистикалық табиғатын толықтай ашып береді. Сондықтан А.Байтұрсынұлының еңбегі – құнды еңбек. Себебі мұнда шылаулардың ең негізгі грамматикалық табиғатын ашып бере алды және оларды өзге сөз таптарынан ерекшелеп, арнайы түрде топтастырып көрсетті. Сөйтіп, шылау сөз табына қатысты алғашқы пікір кейінгі зерттеу жұмыстарының жалғасуына себепші болды. Осыған байланысты қазақ тіл біліміндегі кейінгі іздену жұмыстарының, шылау жайлы сөз бола қалған жағдайда, әр кезде де оның лексикалық мағынасы болмайтыны баса айтылып отырғанын ескеруге тиіспіз.

Ғалымның пікірінен аңғарылатын және бір маңызды жайт – шылауларды жеке жұмсалмайтын, яғни басқа бір сөздердің шылауында ғана жұмсалатын, сөйтіп, демеулік қызмет атқаратын сөздер тобына жатқызатыны. Шылау сөз табының көмекшілік қызметіне назар аудартады. Ал қазіргі қазақ тіл біліміндегі көмекші сөздердің бірі – шылаулар. Шылаулар сөз таптарының бірі болғанымен, олардың сөйлемдегі қызметі арнайы қарастыруды қажет етеді. Жоғарыда аталған жұмыстар көбіне морфологиялық тұрғыдан баяндалды да, олардың синтаксисі нақтылы нысан бола қойған жоқ. Біздіңше, шылаулар қанша жерден көмекші сөздер деп танылғанымен, олардың өзін сөздердің синтаксистік қызметін түбегейлі өзгертуші деп бөлуге болады. Шылаулардың осы қасиетін ескере отырып, біз шылаулардың синтаксисі деген ұғымды қарастыра келе, оның өзін сөз тіркесіне, сөйлем мүшелеріне, сөйлем түрлеріне қарай бөле келіп, олардың синтаксистегі орнын қолда бар материалдар көлеміне қарай өзімізше сөз етпекпіз.

Қазақ тілінің грамматикасындағы ең күрделі мәселелердің бірі – көмекші сөздер. Көмекші сөздердің дербес мағынасы жағынан да үлкен айырмашылығы барлығы белгілі. А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, Р.Әміров, А.Есенғалиева, Ф.Кенжебекова, Қ.Қадашева т.б. ғалымдарымыздың көмекші сөздердің негізгі мәні, шығу тарихы, түйдекті тіркес құрауы, кейде олардың синтаксисіне де аздап болса да назар аудара бастағанын көруге болады.

Жалпы, шылау сөз табының негізгі сипаттары бүгінгі күні былай көрсетіліп жүр:

1. Шылау сөздердің толық лексикалық мағынасы болмайды;

2. Контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, оған әр түрлі қосымша грамматикалық мағына, рең үстейді;

3. Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра не салаластыра байланыстырады;

4. Сөйлем ішінде синтаксистік қызметіне қарай жеке сөйлем мүшесі бола алмайды;

5. Шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Олар – лексикалық мағынасынан айырылу негізінде жасалған көмекші сөздер [2, 556].

Осыған ұқсас пікір белгілі тілші-ғалым А.Ысқақовтың еңбегінде де бар. Ғалым шылау сөздерде лексикалық мағынаның болмауын, олардағы алғашқы мағыналарының солғындап, өздеріне тән әуелгі дербестіктерінен айырылып, көмекші сөздер қатарына көшуімен, сайып келгенде, олардың практикалық тілде аса жиі қолданылуы арқасында туған грамматикалық абстракцияның тікелей әсер еткендігімен түсіндіре келіп, шылау сөздердің өздері тіркескен негізгі (атаушы) сөздердің мағыналарын я толықтырып, я анықтап, оларға әр қилы реңктер жамап, айқындай түсіп отыратындығын, ал шылау сөздердің тиісті тіркестерде айқындалатын осындай қосымша мағыналары олардың нақтылы лексикалық мағыналары болып есептелетіндігін айтады.

Сонымен, «шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің арасын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер» [3, 362].

Сондықтан шылаулар өз алдына жеке-дара қолданылмай, тиісті сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде жұмсалады.

Бұл көмекші сөздердің атаушы сөздермен тіркесу қабілеті бәрінде біркелкі емес. Сондай-ақ бәрінің атқаратын қызметі де бірдей емес. Мәселен, олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін қызмет етсе, бірсыпыра шылаулар сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындауға дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру т.б. мақсаттар үшін жұмсалады.

Шылау сөздер білдіретін осындай әр түрлі грамматикалық мағыналары мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлініп қарастырылуда. Олар:

Жалғаулықтар;

Септеуліктер;

Демеуліктер [2, 557].

Шылау сөздер сөйлемде объектілік-бағыттық, мезгіл-мекендік тиянақтылық, әсерлілік сияқты т.б. әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, қосымша реңк беретін және тілдік тұлғаларды байланыстырып, қатысмық тұлғаға айналдыратын, басқаша айтқанда, грамматикалық әрі коммуникативтік мүмкіндігі орасан лексемалар тобына жатады. Олар мағыналық қызметіне қарай, жоғарыда келтіргеніміздей, демеуліктер, септеуліктер, жалғаулықтар болып үшке жіктелетіндігі белгілі. Бұлардың өзара атқаратын қызметтері әр қилы. Мәселен, жалғаулықтар грамматикалық тұрғыда сөз бен сөзді, сөз тіркестерін және сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстырса, септеуліктер белгілі бір септік формаларындағы атауыш сөздермен тіркесіп, сөйлем мүшелерінің арасындағы бағыныңқылық, мезгілдік, мекендік, ортақтық қатынасты білдіреді, сөйтіп, септік жалғаулы сөздердің мағынасын нақтылай түседі. Ал демеуліктер болса, орын тәртібі арқылы атауыш сөздерге тіркесіп, сол сөздерге болжау, күшейту, қосыну, салыстыру, нақтылау сияқты мағыналарды үстеп, әр түрлі грамматикалық қосымша реңк береді. Ұлттық әдеби тіліміздегі шылаулардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындау үшін, толықтыру үшін қызмет етсе, біразы сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланыстарды айқындау үшін дәнекер болады. Ал кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді нақтылау үшін, толықтыру үшін я қосымша реңк беру мақсаттарда қолданылады.

Ал біз сөз тіркестері мен сөйлемдердің арасындағы байланысты айқындау үшін дәнекер болатын жалғаулық шылаулардың синтаксистегі грамматикалық қызметін басшылыққа алып отырмыз. Олар – жалғаулық шылаулар.

Қазақ тіл білімінде жалғаулық шылауларға қатысты ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстар біршама бар. Дегенмен олардың мағыналық құрамына және орын тәртібіне (позиция) қатысты даулы мәселелер де жетерлік. Мәселен, Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде шылауларды «қосалқылар және жалғауыштар» деп бөлгені, жалғауыштардың қазіргі жалғаулықтар екені белгілі [4, 162].

Жалғаулықтар – дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, алайда өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен грамматикалық қызметтері бар көмекші сөздер. Олардың мағыналары мен грамматикалық қызметтері өмірдегі сан алуан зат пен құбылыс аралығындағы алуан түрлі қатынастарға байланысты туып қалыптасып отырады. Осының негізінде тілімізде сөйлеу кезінде жарыққа шығып, грамматикалық қызметтері айқындалып отырылады.

Осыдан болуы керек, жалғаулықтар қазіргі қазақ тілінде өзіндік «лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әр түрлі ыңғайда салаластыра байланыстыратын» арнаулы сөздер ретінде танылып жүр [2, 557].

Осы күнге дейінгі еңбектерде шылаулар туралы, біріншіден, таза морфологиялық зерттеу болса, екіншіден, осыған қоса барыс, жатыс, шығыс септіктерін мына шылаулар менгереді дей келе, оларды синтаксистік жағынан сөз етеді. Осыдан байқалғандай, әрине, оның грамматикалық ерекшелігінде сөз табы тұрғысынан қаралу барынша басымырақ екені айқын. Шылаулардың морфологиясымен бірге синтаксистік қасиетін де там-тұмдап сөз ете келе олар өзі қатысты сөздердің семантикасын да нақтылайды деген пікірге келіп тірейді. Осы жағын нақтылай келіп, шылаулардың синтаксисте, тіпті сөз тіркесіне қатысын, оның ішінде менгеру, байланысу формасын да сөз етеді. Осы ерекшеліктеріне сәйкес шылауларды морфологиядан гөрі синтаксисте қарау керек қой деген қорытындысын да құптау орынды болмақ. Шылауларға қатысты тағы бір мәселе – оларда лексикалық мағына бар, жоқтығы. Оларды аздап немесе жартылай лексикалық мағынасы бар, тіпті, мағынасы жоқ деп те бөлуге болатын секілді.

Бүгінгі күнгі зерттеулерде жалғаулықтардың синтаксистік қызметі барынша нақтыланып, грамматикалық әлеуеті ғылыми тұрғыда талданып жатыр. Мәселен, синхрониялық тіл біліміндегі бірді-екілі зерттеушіге тоқталатын болсақ, онда сөздерді тең дәрежеде байланыстыратын синтаксистік параллель жасауда [16, 26-30], ауызекі сөйлеу және жазба тіліміздегі бірыңғай мүшелі қайталамаларда [17, 202-205] жалғаулықтардың белсенді екені дәлелденеді.

Қалай дегенде де, жалғаулықтардың грамматикалық қызметі қазақ тілінің тарихи мен заманауи үлгісінде де орасан. Атап айтқанда, жалғаулық шылаулардың сөйлемді салаластыру қызметі, қолданылу жиілігі өз ішінен біркелкі емес, сондай-ақ сөздерді байланыстырудағы белсенділігі де түрліше. Бұл туралы азды-көпті зерттеу нәтижелері бар. Дегенмен жалғаулықтардың грамматикалық әлеуетін жеріне жеткізе зерттеу ғылыми тұрғыдан дәлелдеу әлі де келешектің еншісіне қалып келеді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі \морфология\ . – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1970. – 140 б.
5. Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы: Мектеп, 1982. – 127 б.
6. Әбуханов Ф. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. – 451 б.
7. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. –

ӨОК 82.0

Дарибай М.Т.

«Bolashaq» академиясының магистранты, Қарағанды қаласы,

Қазақстан Республикасы

Moldird\_92@mail.ru

Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУдың  
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, фил.ғыл. докторы Абдуов М.И.

### **ШӘКӘРІМ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ НЕГІЗДЕРІ**

***Аңдатпа.*** Мақалада Шәкәрімнің ақын ретінде, сөз өнерінің шебері ретіндегі арналы саласы, оның өзіндік стилін айқындайтын қуаты оның эпикалық тынысынан айқын байқалады. Бұл мәселе туралы іргелі мақалаларға «Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу Орталығы» шығарған «Мәдени мұра қазіргі ғылым контекстінде» атты ұжымдық монографияда мол орын берілген.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы адамзат қоғамына соны өзгерістер, санаға саяси-әлеуметтік, тарихи-танымдық сілкіністер әкелді. Нәтижесінің оң-солын, дұрыс-бұрысын тануға саясаткерлер, ғалымдар және суреткерлер ұмтылыс жасауда.

Тарихи және рухани сілкіністің салдары мен себебінің нәтижесінде қазақ халқы да өзінің тарихи негізді ұлттық құндылықтарын тануда, зерттеуде өзгеше құлшыныс танытты.

Соның бір парасы, кезінде тоталитарлық жүйе, саяси көзқарас салдарынан мерт болған боздақтардың есімінің қайта тіріліп, сөнгеніміздің жанып, жоғалғанымыздың табылғаны. Алыптардың қайта оралуы» [2,3-б] екені бүгінде белгілі.

Сол алып топтың ағасы, «Абайдың інісі» [3,5-б] Шәкәрім болатын. «Абайдың өз үніндей артына қалдырған ізіндей Шәкәрім туған халқымен қайта қауышты» [4,16-б]. Қазақ әдебиетінің тарихында Абайдың көркемдік дәстүрін меңгеріп, сол бағытта шығармалар жазған ақындар молынан табылады. Қазақ сөз өнерінде Хакім Абайдың өзі бас болып қалыптастырған «ақындық мектеп» тағы бар. Әдебиеттану ғылымында оның өзі әр қырынан зерттеліп «Абайтану» атты саласы да қалыптасты. Сол мектеп өкілдері ішінде дара тұрғаны да – Шәкәрім. Шәкәрім сөз өнерінде Абай дәстүрін жай ғана жалғастырушы болған жоқ, дамыта жалғастырушы болды. Абайдың ақындық мектебінің ірі өкілі ретіндегі өнері, поэзияның алуан түрі бойынша, сонымен бірге эпикалық бағытта да ерекше байқалды. Ақынның ардақты есімі мен шығармашылық мұрасын зерттеу, ақтау жөнінде құрылған комиссия шешімінде біздің пікірімізді негіздей түсетін жолдар бар: «Шәкәрім Құдайбердиев ұлы Абайдың реалистік дәстүрлерін жалғастырған, эпикалық жанрдың дамуына үлкен үлес қосқан ірі ақын және ойшыл болды» [5].

Жинақтап айтсақ, Шәкәрімнің эпикалық шығармаларының поэзиялық және прозалық тілмен жазылғандары, сондай-ақ аударма арқылы келгендері, белгілі бір сюжетке нәзірәгөйлік дәстүрмен жазғандары бар. Оның тарихи негізді поэмалары «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» және «Нартайлақ-Айсұлу» болса, тарихи-әдеби дәстүр негізінде жазылған поэмасы – «Ләйлі-Мәжнүн». Ал, эпикалық сарында жазылған прозалық шығармасы – «Әділ-Мария». Эпикалық бағыттағы аудармаларының ішіндегі поэзиялық тілде жазылғандары – А. С. Пушкиннің «Дубровский» повесі және Қожа Хафиз өлеңдері. Зерттеушілердің болжамы бойынша ақынның бізге жетпеген «Дума», т.б. поэмалары болса керек... Аудармаларының прозалық бағыттағыларының жарық көрген елеулілері – Л. Н. Толстойдан аударған әңгімелері. Олар – «Асархидон-Лаэли», «Үш сауал» және «Криз патша» әңгімесін автор Л. Н. Толстойдан аудардым деп көрсеткенімен, әзірше орыс жазушысының жарық көрген жинақтарынан кезіктіре алмай отырмыз. Американың жазушысы Бичер-Стоу Гарриеттің «Том ағайдың балағаны» романын қазақ тіліне аударды деген де деректер бар. Сондай-ақ, «Күншығыстың жүз әңгімесінен» атты алты эпикалық дәстүрде жазылған шығармаларды аударуы, өзінің төл шығармалары «Мен жетпіс екі жасқа келгенше», «Шын бақыттың айнасы» және «Мәнді сөздер» атты еңбектері шын мәнінде Шәкәрімнің эпикалық қарымын байқатса керек.

Жалпы Шәкәрім есімі XX ғасырдың басында-ақ кеңінен танымал болатын. Ол жөнінде қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі ғалым Мұхтар Мағауин: «Арнайы оқу орнын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы, қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік біледі, классикалық шығыс поэзиясын, орыс және Европа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсіне оқумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырады. Құнанбай әулетінің дәстүрі бойынша ел ішінде билік құрып көреді, бұл кезде өнер жолына біржола бет қойған, дұшпаны көбейіп, тынысы тарылған Абайға сүйеніш, демесін болады. Алайда көп ұзамай-ақ, болыстықтың бар «қызығын» басқа інілерге қалдырып, өзінің шын мұраты – сөз патшалығын жаулауға біржола бет қояды» [3,7-б]. Диссертациялық еңбек Шәкәрім шығармашылығының көркемдік және ғылыми қарымы кең аса өзекті бір арнасы эпикалық шығармаларының тарихи және әдеби негіздерін ашуға арналады.

Шәкәрім – Абайдай ұлы тұлғаның өмірдегі де, өнердегі де лайықты ізбасары, Абай идеяларын жалғастырушы. Өнер жолында ол өзге ұлт тіліндегі шығармаларды қазақша сөйлетуде де Абай дәстүрін одан әрі дамытты. Әдеби байланыс сипатын таза аударма түрінде ғана емес, нәзира дәстүрі бойынша да жалғастырды. Бұл орайда ол Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын қайта жырлап, Пушкиннің «Дубровский» әңгімесі, «Боран» атты прозалық шығармаларын поэзияға көшірді. Яғни, өзге тілдегі шығармаларды өз мақсатына орайластырып туындыларына әдеби негіз етті. Бұл бағытты жүзеге асыруда оның берік ұстанған позициясы ұлттық болмыс пен шеберлік қырлары төңірегінде айқын көрінеді. Ақынның прозалық жанрдағы түпнұсқаны

поэзиялық жанрада қазақша сөйлетуі әлемдік әдебиеттегі ерекше құбылыс болуымен ерекшеленіп қоймай, ұлттық болмыстың асқан шеберлік, көркемдік ізденістер тарапынан көрініс табуын да айрықша атауға болады. Мұны Абай дәстүрінің Шәкәрім шығармашылығы арқылы аса кең арналы ағымға айналуы, дәстүрдің өз көкжиегін онан әрі кеңейтуі, көркемдік-эстетикалық ізденістер сипатын қанатын кеңге жаю деп білеміз. Яғни, жалпы нәзирагөйлік дәстүрді ғана емес, бір ғана Абай қалыптастырған дәстүрдің сабақтаса келіп, жаңаша тұрғыдан көрінуін де пайымдауға болады. Орыс және шығыс классиктерінің шығармаларын қазақша сөйлеткенде ондағы жекелеген жер-су атаулары мен кісі аттары болмаса, бұлардың қай-қайсысын да Шәкәрімнің төл туындыларынан ажырату қиын. Өйткені, ақындыққа қоса, ойшылдық, биік дүниетаным элементтерінің ақын қазақша жырға айналдырған туындыларда ерекше серпінмен, асқан шеберлікпен көрініс табуы Шәкәрімді ғана биіктетіп тұрған жоқ, сонымен бірге Абай дәстүрін де жаңғырған, жалғасқан сипатта көрсетіп тұр.

Жалпы алғанда әлемдегі түрлі ұлттар мен халықтарды өзара жақындастыратын, бір-біріне жақын ететін нәрсе – рухани мұра, әдебиет. Бұл мәселелердің сыры адам баласының болмысына, табиғатына байланысты көрінеді. Әлем әдебиетіндегі ең үздік мұраларға оның екінші тілдегі көріну үрдісінен көз салсақ, проза жанрындағы туындыны өзге тілде поэзиялық нұсқада сөйлету - өте сирек кездесетін құбылыс. Бұл жерде Шәкәрім қазақша жырға айналдырған туындылар жайлы негізгі айтпақ ойымыз: ұлттық болмысты жарқырата көрсетуде мақсатында ақынның поэзияға ден қоюы; туған халқына өлең жолдарының біртабан жақын екенін, болмыс, табиғатына прозадан гөрі поэзияның тән құбылыс екенін мықтап ескеруі; ұлы ақын шығармаларындағы сюжетті желілердің Шәкәрім талантына қанат бітіруі.

Осылайша дарынды суреткер әлемдік сөз өнеріндегі інжу-маржан шығармалардан нәр алып, оны ұлттық әдебиетте өрнектеп дамыта жалғастырады. Ол – қайталау емес, жаңғырту, басқаша айтсақ ренессанстық қуат беру. Шығармашылыққа негіз болар көркемдік тіректің түрлі жолдары бар. Мәселен, бір шығармалардың тарихи, этнографиялық және фольклорлық негізі болуы мүмкін. Сондай, көркем дүниенің пайда болуына ықпал етер негіз – **әдеби негіз** болып табылады. **Әдеби негіз мәселесі** әдебиеттану ғылымында өзекті мәселелердің бірі. Оның түрі, әдіс-жолдары да көп. Осы мәселені бір қырынан зерттеген ғалым Жанғара Дәдебаев «Қазіргі қазақ романының мағыналық құрылымын түзеп, оқиға желісін құрап отырған өмір құбылыстарының ерекше бір тобы бар. Ол әдеби көркем үлгілер. Қазақ әдебиетінің өткен өткен дәуірлерде жасалған ескерткіштері сол дәуірлер шындығы туралы шығармалардың ең басты материалына айналды. Тарихи өткен дәуірлерде өмір сүрген көркем және ғылыми творчество өкілдерінің қалдырған әдеби және ғылыми мұралары олардың өмірі мен дәуірі туралы жазылған бүгінгі көркем шығармалардың айрықша сипаттағы «документтік» негізі қызметін атқарып отыр.

Творчество адамдарының бейнесін жасауда жазушы үшін олардың өмірбаяндық мәліметтерінің мәні ерекше жоғары екендігіне сөз жоқ» [54, 157-6].

Ертеректе өмір сүріп, аты аңызға айналған тұлғалардың әдеби және ғылыми мұраларының шабытты шығармашылыққа негіз болатынын ғалым Хакім Абай мен данышпан Мұхтардың әдеби негіз арқылы жалғастық тапқанын осы еңбегінде терең талдап көрсетеді.

Ал, сол жалғастықтың ғасырдан-ғасырға жалғасқан көркемдік дәстүрлі түрлері болады. Соның бірі – нәзира. Басқаша айтсақ, әдебиеттегі нәзирагөйлік дәстүрі. Енді осы әдеби үрдіске берілген анықтамаға ден қояйық: «Нәзира – (араб. Назират – жауап, ұқсату мағынасында) – мұсылмандық Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби үрдіс. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық шығармаға «жауап» қатуы түрінде, өнер сынасу, өлең жарыстыру мақсатында пайда болған. Жыр бәйгесіне тәуекел еткен шайыр бұрыннан мәлім шайырдан жаңаша жол іздеуге, өзі өнеге тұтып отырған дастанның тақырыбын, өлең өлшемін, көркемдеу өрімін пайдаланып, ілкі туындыдан асып кетпесе де, жетеғабыл түсетін, өзіндік бояу, реңі бар шығарма жазуға тиіс. Бұл – ежелгі өнер иесі үшін ақындық кәметелет белгісі – тін» [86, 242-6].

Бұл, әрине әдебиетте қалыптасқан, көпғасырдың дәстүрі бар әдеби тәсіл. Нәзирагөйлік Шығыс әдебиетіне кең тараған. Қазақтың өз тарихына негіздеп жазу, Шығыс дастандарының сюжетін өзінше жырлау әдеби негіздің арналары болса, қазақ даласында өзгеше сопылық поэзияның ықпалы да әдеби мектептің бір саласы дер едік. Бұл бағдарда да, Хакім Абай, және оның ізбасар інілері мен балалары да қалам тербегені қазақ әдебиеті тарихынан белгілі. Шәкәрімнің шығармашылығына әдеби негіз болған сопылық поэзия туралы Мекемтас Мырзахметұлы құнды пікір айтқан: «...Шәкәрім сопылық танымдағы дүниетанымды қабыл етпеген, бірақ сопылық танымдағы поэзияның көркемдік тәсілдерін өз өлеңдерінде шеберлікпен

пайдаланып, ол дәстүрді жаңғырта жалғастырған ойшыл ақын тұлғасын көреміз» [87, 199-б]. Шығыстанушы ғалымдар өз еңбектерінде мұсылмандық Шығыс әдебиетінің даналарын тану үшін сопылық ағымды білу керек екенін еңбектерінде айтып өтеді. Сопылық поэзия белгілі бір суреткердің шығармасына ықпалы болса, ол біздің пайымдауымызша әдеби негіздің бір көрінісі болып табылады. Сондай-ақ, әдеби негізге әдеби байланыстың да ықпалы зор. Белгілі шығыстанушы – ғалым Өтеген Күмісбаевтың осы мәселеге берген анықтамасына назар аударайық: «Әдеби байланыс-ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттердің арасындағы типологиялық ұқсастықтан туындайды. ...Қазақ әдебиеті тарихынан әдеби байланыстар ізін барласақ, алдымен Абай поэмалары: «Ескендір», «Масғұт», «Өзімнің әңгімесі» ойға оралады. Ораз молланың «Шахнамасы», Т. Ізтілеуовтың «Рүстем-Дастаны», Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүні», «Дубровский», «Бораны», Майлықожаның «Тотынамасы», Молда Мұсаның «Мысалдары», Мағжан Жұмабаевтың Шығыс сарындарын өзек еткен дастандары, Ахмет Байтұрсыновтың Крыловтан, Пушкиннен, Лермонтовтан, Надсоннан еркін тәржімәлаған өлеңдері – сан салалы құнарлы әдеби тоғысу куәгерлері [88, 62-63-б]

Әдеби байланыстың ерекшелігі, біріншіден тарих қойнауының тереңінен өткен ғасырлар мен дәуірлерде адамзат баласы жасаған асыл қазыналарды бүгінгі күн өнерімен жалғастыру болса, екінші жағынан ұлтаралық байланыс. Бір халықтың өнерінің інжу-маржаны аударма арқылы екінші халықтың рухани байлығына айналады. Кеңес дәуірін қанша терістесек те ұлтаралық байланыстың арқасында көптеген халықтардың шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Көркем әдебиетте, мұсылмандық Шығыс әдебиетінде әдеби негіздің іргесін жоғарыда атаған нәзирагөйлік дәстүр қалады. Нәзирагөйліктің тарихы мен қазақ әдебиетіне келуін ғалым былай түсіндіреді: «Өзі де нәзира шарттарын сақтап, Фердауси сарындарымен мәснәуи жазған Низами дүние салғаннан кейінгі жерде (XIII) оның «Хамсасын» бағдарға алған нәзирашылдық дәстүрі қаулап өркендеп, кең өріс табады. Түркі, парсы тілдес әдебиеттерге әлденеше ғасыр өзек болады. Мысалы, Низамидің бір ғана «Ләйлі-Мәжнүн» дастанына жүзден астам нәзира жазылған. Низами дастандарының желісін қуып, нәзира туындатқан Дехлеуи, Науаи, Жәми, Физули сынды шайырлар озық тұрпаттағы өлмес мұра қалдырды. Нәзирашылық дәстүрі қазақ арасында да орныққаны белгілі. «Шахнаманың», «Ләйлі-Мәжнүннің», «Жүсіп-Зылиханың» т.б. сорабымен шығарылған кисса, дастандар – қазақ әдебиетінің үлкен бір саласы. Низами ізімен жазылған ең бір көрнекті шығарма – Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүні». Ал Абайдың ортағасырлық Шығыс дастандарынан тамыр алатын «Ескендірінде» нәзиралық үлгіден гөрі «дара сипат» басым. Төл әдебиетімізде нәзира ықпалымен дүниеге келген, алайда басқа сыңайда қалыптасқан бағыт Шәкәрімнің «Дубровскийінен», Ақылбайдың «Зұлысынан» көрініс тапқан» [86, 242-б].

Әдеби байланыс, жалпы сөз өнерінде, тіпті барлық өнер түріндегі көркемдік және эстетикалық байланыс өнердің дамып, жетілуінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Әдеби байланыс көркемдік дәстүрдің тұтас бір жүйесі болғанымен оның да бірнеше сатысы бар. Шәкәрім соның ең биігіне, яғни даралық стилін сақтай отырып, ұлтаралық әдеби қарым-қатынастың биігінен көрінген суреткер. Мәселен, әдеби байланыстың ең қарапайым үлгісі – белгілі бір стильге еліктеу. Әрине, еліктеу көбінесе өзіндік даралық қолтаңбасы қалыптаспаған, өнерді бастаушы суреткерге тән құбылыс, Шәкәрімнің еліктеуден ерте өтіп кеткені, деген шығармашылығында Абай дәстүрін қолдану элементтері ұшырасады. Сондай-ақ, әдеби байланыстың тағы бір түрі - әсер болмақ. Әсер дегеніміз де дәстүрмен байланысты. Мәселен, фольклор немесе, ертеректе болған оқиға халық аузында кең таралып, суреткерді әсерлендіреді. Біз Шәкәрімнің эпикалық шығармалар жазуына халық арасында тараған оқиғалардың әсері күшті болған деп айта аламыз. Алайда, Шәкәрім естігеннің бәрін сол күйінде жырламаған, одан ой қорытып, жаңа түйін, жаңа шешім қабылдауды мақсат тұтқан. Халықтың көкейіндегі арман-мұңды дөп таныған. Міне, сондықтан да уақыт өтсе де Шәкәрім шығармалары көркемдік аренадан түспей, өз оқырманын тауып отыр.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Мағауин М. *Ғасырлар бедері*. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б.
2. Нұрғали Р. *Алып бәйтерек // Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер*, публ. *Мақалалар және әдеби зерттеу*. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Мағауин М. *Абайдың інісі // Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар*. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.



4. Алтысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. –124 б.
5. Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы. // «Социалистік Қазақстан», 1988, 14 апрель. – № 88.
6. Мәдени мұра қазіргі ғылым контексінде. Семей, «Семей полиграфия», баспасы, 2005. – 615 б.

ӘОК 808.5

Джанталиева А.  
«Bolashaq» академиясының магистранты, Қарағанды қаласы,  
Қазақстан Республикасы  
[aikoniya\\_20.94@mail.ru](mailto:aikoniya_20.94@mail.ru)  
Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУдың  
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, фил.ғыл. докторы Абдуов М.И.

### АКАДЕМИЯЛЫҚ ШЕШЕНДІКТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа.* Мақалада шешендік өнер тектерінің академиялық түрі сөз етіледі. Оның білім алушыларға қажетті дәріс, тезистер түрлерінің қыр-сыры баяндалады.

Дәріс оқу – академиялық шешендіктің ең негізгі күре тамыр түріне жатады. Тіл – сөйлеудің материалы. Жоғары оқу орындарындағы қызметте ол басты орында. Алқалы топтың алдында дәріс оқу ұзақ дайындықты, сарғайып сарыла зерттеуді қажет ететіні даусыз. Оның үстіне шешендік шеберлік құралдарымен қаруланбай дәріс оқу еш мүмкін емес.

Дәріс оқу өнері туралы ғалым С.Негимов былайша толғанады: “Жоғары оқу орындарында оқылатын лекция толық курстың бір бөлімі және ол алдыңғы өткен лекцияның заңды жалғасы, ол алда болатын лекцияның рухын, арқау-желісін еске салады. Аудиторияда бірыңғай шәкірттер, бұрыннан таныс сыралғы ұстаз лекция оқиды. Студент-шәкірттердің алдында екі түрлі мақсат бар. Біріншісі, интеллектуалдық (білі алу). Екіншісі, моральдық (алдағы сынақ-емтихан сессиясында аталмыш пәнді ойдағыдай тапсыру)... Басты нысана – тыңдаушының дүниетанымын тереңдету, философиялық-эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, қиял өрісін, ұғым-түсінігін кеңейту, пайым-парасатын, ақыл-ойын жетілдіру, ұстамдылық, мейірімділік, әділдік, батылдық қасиеттер дарыту, тіл ұстарту, білім беру. Сөйтіп тыңдаушылардың сезімін билейді әрі иландырады”. [1, 108-109].

Дәріскердің сыртқы түр мәдениеті жөніндегі С.Негимовтің келелі де келісті ақыл-кеңесін де жас оқытушылар үнемі негізге алса құба-құп. Оқытушының сұңғыла ойына, терең ақылына, телегей біліміне, көрегендік-білгірлігіне, судан тұнық сөзіне, сыбызғының даусындай сазды немесе сұңқардың даусындай үніне қоса, келісімді келбеті, сымға тартқандай тіп-тік сұлу тұлғасы, сыртқы түр мәдениеті келісті болса нұр үстіне нұр. Оқытушының сыртқы сымбат-пішіні жайында ғалым былайша топшылайды: “Жүру, тұру мәнері. Сөйлеуге қолайлы жерге жайғасқан ба? Қымтырылмай саспай тұр ма? Топ алдында қобалжымай нық сеніммен шыға ма? Нанымды, мейірімді лебізбен сөйлей ме? Өң-әлпеті келісті ме? Айбындылық, сымбаттылық сұңқарлық көріністері бар ма? Тұнжырамай ма? Сіресіп қалатын қылықтары бар ма? Сөзі баршасына ортақ па? Тыңдаушылар зейінін ескере ме? Тыңдаушыларға назар аудара ма? Қарым-қатынасы қалай? Болмысымен тұтас беріліп сөйлей ме? Екі ойлы, бір нәрсеге алаң емес пе? [1, 108-109].

Қалып күйі. Еңсесін ширақ ұстай ма? Тырысқандық сезіле ме? Ыңғайсыздана ма? Аяғы дұрыс тұр ма? Бүкірейе ме? Қолдарын сәнді ұстай ала ма? Басты түзу ұстай ма? Мойны дұрыс бұрыла ма? Қимыл-әрекеті жеткілікті ме? Қозғалысында сырбаздық сезіле ме? Мақсатсыз қозғалыстары бар ма? Өлімсіреп сүміреймей ме? Өзіндік қасиеттері, ерекшеліктері айқын көрініс бере ме?

Білім алушылардың қақ алдында тарануға, шекпеніңіздің түймелерін ағытуға, галстугіңізді түзетуге (алдын ала істеу керек) мүлде болмайды. Дұрыс, оңтайлы жерге жайғаспай сөз бастауға тағы болмайды. Аяғыңызға, қолыңызға сүзіліп қарамаңыз, бірден қағазыңызға төнбеңіз. Әуелі тыңдаушыларға ілтипат көрсетіп, сөз бастаңыз. Мәселен: “Құрметті студенттер”, “Ханымдар мен мырзалар”, “Жігіттер мен бегімдер”, т.с.с.”.

Айнаның алдында дауыстап сөйлеп, өзіңізді сынаңыз. Бет-жүзіңізді бақылап тексеріңіз. Маңдайың бен қасыңыз қалай құбылатынын, қандай өзгерістерге ие болатынын байқаңыз. Логикалық, психологиялық паузаларға жіктеп сөлей аласыз ба? Сөйлеген кезде салмақты, ойлы, бірде ойнақы, салтанатты, біресе сыпайы, биязы, жұмсақ, кейде буырқанған қалыпқа ауысып отырса, тыңдаушылардың да көңіл-күйі көтеріңкі болады.

„Шешендік“, „шеберлік“, „оқытушының болмысы“. Осы үш ұғым бір-бірімен біте қайнасқан. Адамның болмысы деген оның жалынды сезімі, жарқыраған жаздай көңілі, айдын көлдей ақылы.

Заманның ағымына қарай, жоғары мектеп оқытушысының еңбегі көп қырлана, күрделене, жауаптылығы жыл өткен сайын арта түсуде. Қазіргі күнгі ғылым мен техниканың барынша қарқынды дамыған уақытында, мамандарды даярлаудың талабы да толассыз өсу үстінде. Әсіресе, бұл жағдай, келешек мамандардың шығармашылық еп-дағдыларын қалыптастыруға тікелей қатысы бар десек, артық айтпаймыз.

Аудитория мінбесіне көтерілген әрбір оқытушыны білім алушыларды немен, қалайша қызықтыра алам деген мәселелер мазалауы тиіс. Тыңдаушы өзінің алған біліміне болашақта қажетіне жарарлық нық сенімді болуы керек. Осы мәселе түйіні оң шешілсе, сабаққа қатысу үлгірім кілтпаны да өзді-өзінен шешілері сөзсіз. «Оқыту мен тәрбие ісі – дейді бұл тұрғыда ғалым В.Здоровый – жұмыстың көп қырлары дәріспен шешілмесе де, бәрінің бастау алар көзі осында жатыр. Күнделікті көріп жүргеніміздей, тыңдаушы тарапынан оқытушының білімдарлығына күмән тумау керек. Білімдарлығы қаншалық, тыңдаушылар да білім нәрін сонша ала алады. Өз пәніне қызықпайынша тыңдаушыларды қызықтыра алмайсың» [2, 118 ].

Ендеше оқытушы әрі дәріскер, әрі маман-ғалым, әрі тәрбиеші-тәлімгер болғаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, дәріскер болуы үшін қандай талап-тілектердің барын ашып алмайынша, педагогикалық шеберлікті меңгермейтінің анық. Ол үшін жас оқытушыға мынадай бір ыңғайдағы кеңестер мен ұсынымдарды басшылыққа алуы қажет деп білеміз.

1. Дәрістің кіріспе бөліміне басты назарды салғаның дұрыс, білім алушының пәнге «кірісе» алмай қалып жүрмесін.

2. Басқа пәндердің дәрежесін төмендетпей, өз пәніңді сыйлатуға тырыс.

3. Аудиторияға алғаш кіргеніңнен бастап, тым қатал не, тым кең пейіл болмауды ойла, дұрысы - өзіңнің табиғи шынайы қалпыңда қалғаның дұрыс.

4. Алғашқыдан тыңдаушыларың курс жүйелілігін ұғатын болсын, суырыпсалмалық импровизацияны тек мысалдар келтіргенде, қойылар сұрақтарға өтімді жауап, уәждер қайтарған кезде қолданатын бол.

5. Дауыс ырғағын бір қалыпты баяулатпай да, жеделдетпей де оқы не сөйле. Өйткені біріншісінде, тыңдаушың жалығады, екіншісінде, жетегіне өзің ілесе алмай қалуың мүмкін.

6. Өз дәрісіңді шамадан тыс асыра бағаламауға тырыс, келешекте дәріске немқұрайлы қарап, дайындығың осал түсуі кәдік.

7. Өзің кешікпей кел, кешігіп келген тыңдаушыларды аудиторияға кіргізбеген ләзім болады. Әйтпесе аудиторияда тәртіптің қиюы қашады.

8. Өз пәніңді сыйламасаң, тыңдаушы өзіңді құрмет тұтпауы әдбен мүмкін екенін еске тұт.

9. Алғашқы дәрістен бастап конспектілеудің пайдасын, ертеңгі сынақ пен емтиханды үздік тапсыруға кепіл болатының құлақтарына құйып отырған абзал.

10. Конспектіні бас көтермей оқыма, ақылгөйсiме, аудиториямен ақылдас, әңгімелесу стилін қолданғаның жөн.

11. Айтар негізгі ойың сөз тасқынының тасасында қалмасын.

12. Қызыға баянда, жалған, жадагөй пафостан ада бол.

13. Өз конспектіңе қарауың – тыңдаушылар конспектінің жүйелілігін сақтау үшін қажет екенін олар ұғынсын.

14. Тыңдаушыны емтиханмен қорқытпа, ол өзіңнің кәсіби шеберлік тұрғыдағы дәрменсіздігіңді айғақтайды.

15. Тыңдаушының көңіл-күйін аулама, олар өзіңнің көңіл-күйіңе қарасын.

16. Оқу процесіне тыңдаушылар да ортақ екенін байқат. Сауал қойып, пікірін сұра, жауаптарын талдауға ерінбе.

Тезистер. «Тезис» сөзінің мағынасы: қандай да бір идеяны, сол сияқты дәріс, баяндама, шығармалардың негізгі ойларын қысқа беретін ереже. Логика оқулықтарында тезис триаданың дәлелдемесінің компоненті ретінде баяндалады, яғни тезис – дәйектеме – тезис пен дәйектеме арасындағы логикалық дұрыс байланыс.

Алайда ғылыми мәтінде иерархия, бағыныңқы қатысты өзара байланыстағы ережелердің кейбір жиынтықтары айқындалады. Басқаша айтқанда, тезистермен қатар тезисшелер де бар. Мұндай негізгі ойлардың бірізділігі олардың негіздеуінсіз-ақ ғылыми шығарманың тезистік құрылымын құрайды.

Тезис болашақ шығарманың «қаңқасы» ретінде қызмет атқарады немесе жинақталушы мәтіннен «алынуы» мүмкін. Бұл мәселе бойынша әдебиеттерде айырмашылықтары шартты түрдегі тезистердің мынадай түрлерін анықтайды: *негізгі, қарапайым, күрделі*. Мұның барлығы да тезистеу кезінде өзіңіздің алға қойған міндеттеріңізге байланысты болады.

Бұл жанрдың академиялық жазуда қалай құрылатынын түсіну үшін, беделді автордың үлгілі шығармасын талдауға алуға болады. Мәселен, орта мектепті бітірген әрқайсымызға мейлінше таныс тақырыптағы академик Л.В.Щербаның шағын тезистерін алып көрелік.

«Жалпы білім беру мектептеріндегі тіл және әдебиет пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының жүйесі» баяндамасының тезисі:

1. Мектепте тілі және әдебиетін оқытуда келесі алғы шарттарды ажырата білу керек:

а) жазба әдеби тілді меңгеруді үйрету;

б) ауызша әдеби тілді меңгеруді үйрету;

в) сөйлеу тілін және оның ішінде ескертулерді тарихи тұрғыда реттейтін ережелерді меңгерту;

г) әр түрлі стильдегі мәтіндерді түсініп оқуға үйрету;

д) жалпы оқу дағдысы мен оқуға бейімділікке ұмтылдыру;

е) моральдық-саяси тәрбие;

ж) әдебиет тарихының элементтерін меңгерту.

2. Жазба әдеби тілді игеру грамматиканы, әдеби сөйлеу тілін, сәйкес жазбаша жаттығуларды меңгеру арқылы жүзеге асырылады.

3. Ауызша әдеби тілді игеру ауызша мазмұндауға жаттықтыру жолы арқылы жазба әдеби тілді меңгерген жағдайда орындалады. Ол мектептің барлық сабақтарында, соның ішінде, ең алдымен орыс тілі және тарих сабақтарында орындалуы тиіс (орындалмауы мүмкін емес).

4. Сөйлеу тілі ережелерін түсіну грамматиканы меңгеру арқылы жүзеге асады.

5. Түрлі стильдердегі күрделі мәтіндерді түсіну біліктілігі түрлі әдеби үлгілерді жан-жақты (тілдік және әдеби) талдау (мұғалім басшылығымен) және сөз теориясының элементтерін игеру негізінде меңгеріледі.

6. Оқу дағдысы мен оқуға бейімділік міндетті және еркін сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру арқылы құрылады.

7. Моральдық-саяси тәрбие сыныптағы, сол сияқты сыныптан тыс оқу материалы негізінде орындалып, барлық оқытуға енгізілуі керек (П.П.Балталон «Тәрбиелік оқу»)

8. Әдебиет тарихы элементтерін меңгеру соңғы сыныпта міндетті сыныптан тыс оқу материалы бойынша әдебиет үлгілері мен әңгімелесулерін талдау кезінде жүргізіледі.

9. Жазба әдеби тілді белсенді меңгеруді жүзеге асыру үшін 1-ден 7-ге дейінгі сынып оқулықтарының өзара сабақтастығы қажет. Мұнда жан-жақты талдау мен жаттауға мүмкіндік тудыратын бейтарап стильдегі әдеби проза үлгілері болғаны абзал.

Осы және басқа да үлгілерде бірте-бірте әрі үздіксіз кеңейтілетін әрі тереңдетілетін 1-ден 7-сыныпқа дейінгі грамматикалық мәліметтер табылуы қажет. Қажет жағдайда бұл мәліметтер қосымша материалдың үлгі болатын әдеби фразаларында да ескеріледі (бейтарап стильде болуы міндетті).

10. Оқытудың алғашқы жылдарына арналған кітаптар мазмұны оқуға жаттықтыратын қызықты, үлгілі материалдарды және география, тарих, жаратылыстану бойынша әңгімелесуге әрі оқуға арналған материалды қамтуы қажет.

11. Неғұрлым күрделі мәтіндерді оқу дағдысын дамыту үшін 4-тен 10-сыныпқа дейін әртүрлі стиль мен кезеңдегі проза мен поэзияның үзінділері жүйелі таңдалынып, сыныпта түсініп оқу жағдайы қамтылуы керек. Онда сөз теориясы туралы қысқаша мәлімет, сол сияқты жазбаша жаттығулар үшін тапсырмалар берілуі керек.

12. Бұл оқу құралдарынан басқа, әрбір оқушы 4-5-сыныптардан бастап, біріншіден, қысқаша сөз теориясын ұсынған орыс тілінің жүйелі грамматикасымен (жаттығуларсыз, бірақ үлгіге мысалдар берілген), екіншіден, кішігірім түсіндірмелі сөздікпен қамтамасыз етілуі қажет.

13. Оқушының қолында 8-сыныптан бастап тек жүйелі түрде 10-сыныпта ғана оқылатын орыс әдебиетінің тарихы туралы шағын оқулық болғаны жөн.

14. Әр сыныптың кітапханасына әртүрлі жас ерекшелігіне орайластырылған тыныс белгілері мен орфографиялық жаттығулар жинағының бірнеше даналары енгізілуі керек. Олар тыныс белгілері мен орфографияға қатысты білімдеріне сенімі аз оқушылардың өзіндік жұмысына арналады. Бұл жинақтардағы жаттығу материалдары тілдік пән бойынша толыққан және даусыз болуы керек.

Әуелі бұл ғылыми шығарманың атауына назар аударайық. Біріншіден, бұл қашанда тілді мектеп қабырғасында оқытудағы өзекті мәселе. Екіншіден, бұл тақырып әрқашан тезистің атауында көрсетілгендей, тек жүйелі, кешенді түрде шешілуі керек. Баяндамашылардың тақырыбы дәл және нақты айтылады.

Композициялық тұрғыдан алғанда мәтін қатаң тәртіпте құрылады. 1 тармақшада тезистердің сәйкес тармақшаларында (а) – 2 т; б) – 3 т; в) – 4 т., т.с.с.) жалғаса іске асырылатын алдағы шығарманың жоспары белгіленеді. Бұл тармақ баяндама тақырыбына өзіндік кіріспе ретінде қолданылады.

Әрбір тезис еш дәлелдемесіз және суретсіз жалпы бекіту сияқты беріледі. Мәтін де ішкі тұтастығын тезистермен сақтай отырып ұсынылады.

Қорытындылай айтқанда, әрбір ой қысқа-нұсқа беріледі, қарапайым әрі айқын берілісінің арқасында түсінуге жеңіл болады. Негізінен бұл авторға мәтінді ғылымилығынан ажыратпайтындай күрделі дүниелер жайында айтуға да болады

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Негимов С. *Шешендік өнер.* – Алматы, 1997.
2. Серімов Е. *Сот шешендігі. Қарағанды «Болашақ- Баспа».* – 2006. – 218 бет.

ӘОК 81'367

Дымбаева Г.К.  
«Bolashaq» академиясы  
магистранты, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
[dymbaeva@list.ru](mailto:dymbaeva@list.ru)

Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,  
фил.ғыл. кандидаты Кенжеғалиев С.А.

### **ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ЖОЛДАРЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазіргі қазақ тілі синтаксисі функционалдық бағытта көп аспектілі ғылым ретінде даму үстінде. Ал бұл күндері грамматика саласында қарастырылып келе жатқан еңбектерде жалпы құрмалас сөйлемнің түрлері туралы мәселелер болмаса, оның белгілі бір форма арқылы ғана жасалатын арнайы түріне нақты тоқталатын, сондай-ақ сабақтас құрмалас сөйлемдердегі үнемдеу құбылысы сол қалпы қарастырылмай келеді.

Құрмалас сөйлем – синтаксистің үлкен, арналы саласы. Бұл сала ішінара салалас және сабақтас сөйлемдерден құралып, көптеген синтаксистік категорияларды қамтып жатыр. Осыған байланысты құрмалас сөйлемдер жүйесі, оның ішінде салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердің айырым белгілері сараланбай, тіпті сабақтас сөйлем мен жай сөйлемнің аралығында көптеген даулы мәселелер туындап, ширатыла келе өз шешімін тапқандай болды. Бірнеше жылдар бойына бірқатар ғалымдардың тынбай зерттеу жұмыстарын жүргізуі нәтижесінде сол уақыттарда баспасөз беттерінде де бір-біріне қарама-қайшы пікірлерге толы мақалалардың жарияланып тұрғандығы бізге осы ғылым жайында жазылған еңбектерден белгілі.

Құрмалас сөйлемдерді талдауда кездесетін қиындықтар туралы сөз еткенде, ойға ең бірінші сабақтас құрмалас сөйлем табиғатының оралуын да заңды дей аламыз. Оның өзіндік мәні де бар. Өйткені үлкен дау туғызып, маңайына мәселелерді көптеп шоғырландырумен келе жатқан да – осы сабақтас құрмаластар. Жоғарыда келтіргеніміздей, мұндай сөйлемдер жай сөйлемдермен біте қайнасып кеткендей қатар танылғандықтан, оның бағыныңқы компонентінде жеке сөйлемдік қасиет бар ма, болса, негізгі белгісі қандай болуы керек деген тәрізді сұраулар көптеп етек алды да, синтаксистің түйіні шешілмеген саласы ретінде

ғылымнан жауап тілеп, жұмбақ қалпында жатуымен өзіне зерттеушілердің назарын аудартумен келді. Рас, алғашқы зерттеулерде кейбір жай сөйлемдер құрмалас деп танылып, осы саладағы еңбектерге енгізіліп те жүрілді. Сондай-ақ сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің өз алдына дербес сөйлемдік қасиетінен гөрі, басыңқы компоненті айқындауыш мүше – сөйлем мүшесіне сәйкес қасиеті үстемірек, сондықтан оны жеке сөйлем ретінде қарастыруға келіңкіремейтіндей деген сияқты күмәнді көзқарастар да кезегі келгенде үнемі бой көрсетіп отырғаны мәлім. Кейініректе мұндай тиянақсыздау ой-пікірлер бәсеңси келе өз арнасын тапқандай болды.

Өйткені сабақтас сөйлемдерді жай сөйлемдерден ажырату үшін әр компонентінде өзіндік дербес бастауышы болуы керектігі ең басты критерий ретінде алғашқы орынға қойылған болатын. Осы тұжырымға келу, беку жолында да есепсіз еңбек етілгені, оның көптеген қарсылықтарға кез болып, кей жағдайда қолдау таппай қалған сәттерінің болғаны ғылымдағы түрліше көзқарастардан аян. Кез келген табыстың ғылымда жаңалық болып бірден орнай салмайтыны сияқты, бұл – синтаксис саласы үшін де аса таңсық емес жайт.

Сабақтас құрмаластың сан қилы ерекшеліктеріне байланысты зерттелу тарихындағы қым-қиғаш іздеріне қарап отырып, бүгінгі күнде де түбегейлі айқындала қоймаған тұстарын байқауға болатындай. Көптеген белгілі лингвист-ғалымдар осы бағыттағы түрліше тұжырымдарды бір жүйеге келтіруге барын салғанымен, мәселе соңына түбегейлі нүкте қойылды деуге келмейтіндей. Дегенмен аталмыш тақырыптағы орасан еңбектері бойынша әрқайсысының алатын орны өзінше бір-бір төбе. Осынау ғалымдардың еңбектері шытырман қайшылықтарға толы болғанымен, негізгі бағыттары мен мақсат-мүдделері бір арнада тоғысып жатады. Бәріне де негіз болып, жол сілтеуші – қазақ тіл білімінің көшбасшысы, яғни құрмалас сөйлемдер табиғатын тұңғыш зерттеп, сарапқа салған ғалым А.Байтұрсынұвтың еңбегі. Кейінгі жас ізденушілер тарапынан біз де осыны негізге ала отырып, шартты рай тұлғалы сабақтас сөйлемдердің грамматикалық-стистикалық табиғатына үңілеміз.

Синтаксис ғылымының басқа да салалары сияқты құрмалас сөйлем синтаксисінің де зерттейтін өзіндік күрделі объектісі бар. Адам сөйлегенде бір-біріне байланыссыз жеке сөйлемдерді ғана айтпайды, оның сөйлеуі бір-біріне жалғасып, өзара ұштасып жататын сөйлемдер тізбегі түрінде болады. Тізбек құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен жалғасуында қалыптасқан мағыналық және структуралық заңдылықтар бар. Құрмалас сөйлем синтаксисінің міндеті – сол заңдылықты ашып-айқындау.

Басқаша айтқанда, құрмалас сөйлем синтаксисінің міндеті – жеке ойды білдіретін жай сөйлемдердің өзара ұласып, күрделі бір сөйлемге айналуы сол арқылы бір ойды екінші ойға жалғастырып, күрделі бір ойды білдірудің жолдарын, амал-тәсілдерін зерттеу. Бұл жағынан алғанда, құрмалас сөйлем синтаксисінің жай сөйлем синтаксисінен елеулі өзгешелігі бар: жай сөйлем синтаксисі, негізінде, жеке ұғымды білдіретін сөздердің өзара тіркесіп, сөйлем болу жолдарын тексерсе, құрмалас сөйлем синтаксисі жеке ойды білдіретін сөйлемдердің бір-бірімен ұласып, құрмалас сөйлем болу жолдарын, құрмалас сөйлемнің өзіндік сипаттары мен түрлерін тексереді. Сөйтіп, бірінің объектісі – ұғымдар тіркесі болса, екіншісінің объектісі – ойлар тіркесі, яғни сөйлемдер тіркесі. Сөйлемнің бұл екі түрінің әрқайсысы өз мүшелерінің бір-бірімен байланысу жолдарын, амал-тәсілдерін зерттейді [20, 28 б.].

Құрмалас сөйлем синтаксисі жай сөйлемдердің өзара бірігіп, күрделі ойды білдіретін бір сөйлем, яғни құрмалас сөйлем болуын зерттеумен ғана тынбайды, сонымен бірге бірнеше сөйлемдер тіркесінен құралатын синтаксистік күрделі бірлікті де қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, құрмалас сөйлем синтаксисінің объектісін құрмалас сөйлем, синтаксистік күрделі бірлік деп екі топқа бөлуге болады.

Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемнің кем дегенде екі жай сөйлемнен құралатынын, күрделі ойды білдіретінін ешбір ғалым бекер демейді. Құрмалас сөйлем дегеніміз не? деген сұрауға берген жауаптарында олардың барлығы да бұл екі белгіні негіз етіп алады. Бірақ құрмалас сөйлем компоненттеріне қандай тіркес жатады, оған қойылатын басты критерий не? деген сұрауға келгенде, қазақ лингвистері арасында соңғы уақытқа дейін бірауыздылық болмай келді.

«Тіл құралы» деген атпен 1925 жылы қазақ тілінде шыққан А.Байтұрсынұвтың оқулығында: «Қазақ тілі сөйлемдері арасында екі түрлі жақындық болады: оның бірі – ішкі мағына жақындығы да, екіншісі – сыртқы қисын жақындығы» дегенді айта келіп, жай сөйлемдер бір-бірімен бірігіп, бір құрмалас сөйлем болу үшін олардың арасында осы екі

жақындықтың, ішкі мағына жақындығы мен сыртқы қисын жақындығының болуын керек делінген. Басқаша атқанда, құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен екіжақты әрі мағыналық, әрі тұлғалық байланыста болады делінген [19, 245 б.]. Бұл – құрмалас сөйлемнің синтаксисіне байланысты қазақ тілінде айтылған алғашқы пікір еді, бірақ соған қарамастан компоненттер арасындағы бірлікті, байланысты дұрыс көрсеткен. Құрмалас сөйлемнің құрамына енетін жай сөйлемдер арасында осы атылған екі түрлі байланыстың екеуі де болатынын құрмалас сөйлем синтаксисін кейініректе зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы болсын жоққа шығармайды. Бірақ А.Байтұрсынұлы оқулығында компоненттері арасында болатын тұлғалық байланыстың қандай тәсілдер арқылы көрінетіні, компоненттер құрамында негізгі мүшелердің болу қажеттігі туралы ештеме айтылмаған.

Сол сияқты аталған оқулықта салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемнің бір-бірінен өзгешелігін де сөз еткен. Онда компоненттері өзара тең түрде байланысса, салалас болады да, тең емес бірінен-бірі кем болып байланысса, сабақтас болады дегеннен басқа құрмалас сөйлемнің бұл екі түрін бір-бірінен ажырататын басқа белгілер айтылмаған. «Тең» байланыс, «кем» байланыс дегендерді қалай түсінуге болатындығы да толық ашылмаған. Мүмкін, оларды айтуды сол кездегі оқу бағдарламасы талап етпеген де шығар. Оның үстіне бұл анықтаманың қазақ тілінде айтылған алғашқы пікір екенін де ұмытпаған жөн.

Құрмалас сөйлем жөніндегі бұл пікірлер отызыншы жылдар ішіне дейін өзгеріссіз қайталанып келді.

Профессор Қ.Жұбанов құрмалас сөйлем болу үшін ең негізгі белгі, критерий - әр компонент құрамында бастауыш, баяндауыш боларлық сөздер қажет деп есептеді. Ол былай деп жазады: «Сөйлемнің бір мүшесі тек жайылма болып қоймай, өзі бір сөйлем болып айтылса, өзін сөгіп алып ішін ақтарғанда бір бастауыш, бір баяндауыш болып шықса, ондай сөйлемді күрделі сөйлем [20, 17 б.] дейміз.

Мысалы: Ақылы көп бала жақсы оқиды: «Бұл мысалды автор екі сөйлемнен құралған күрделі сөйлем оның бірінші сөйлемі – ақылы көп». Бұл екі сөз қосылып бір сөйлем болады да, сол сөйлем үтірімен барып, бала деген бастауышқа анықтауыш болады», - дейді.

Қ.Жұбанов құрмалас сөйлем компоненттері арасында интонацияның болу-болмауына мән бермейді. Өйткені бұл ғалым құрмалас сөйлем компонентін сөйлемнің жайылма мүшесінің бір түрі деп санайды. Сондықтан да кейініректе үйірлі мүше деген атқа ие болған тіркестердің барлығы да Қ.Жұбанов еңбегінде құрмаластың компоненті деп есептелген.

Құрмалас сөйлем компонентін айқындауда С.Жиенбаев та, негізінде, Қ.Жұбанов бағытын ұстаған. Бірақ ол үйірлі мүшелерді «баз-баяғы бағыныңқы сөйлем» дей отыра, өзіндік интонациясы болмағандықтан, үйірлі мүшелі сөйлемдерді үйірлі мүшелі сабақтас деп атайды. Бірақ құрамалас сөйлемге қойылатын критерийді бұл кісі да ашық-айқын тармақтап талдамайды.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің дербес айтылатын жай сөйлемдерін елеулі, түбірлі өзгешеліктері де бар. Ең алдымен, құрмалас сөйлем компоненттерінде жай сөйлемге тән дербестік жоқ, олар құрмалас деп аталатын бір бүтін сөйлемнің жеке бөлшегі ғана. Бүтіннің бір бөлшегі болғандықтан құрмалас сөйлем компоненттерінде мағыналық та, интонациялық та, кейбіреулерінде формалық та тиянақтылық болмайды. Ондай тиянақтылық мәнге құрмалас құрамындағы барлық компоненттер біріккен жағдайда ғана ие болады. Өйткені құрмалас сөйлем дегеніміз кез келген жай сөйлемдері кездейсоқ тіркесе салған тобы емес, оның компоненттері бір-бірімен органикалық байланыста, берік бірлікте тұрады [25, 532 б.]. Және біріне-бірі бағынышты, өзара шарттас болып келетін мағыналық күрделі бір бүтін болып есептеледі. Егер компоненттердің бірлігі бұзылса, олар өздерінің бірлікте тұрғандағы мәндерін жояды. Мысалы: Балапандар қанаттанғанша, дәуіт те қанаттанады (С.Мұқанов) деген құрмалас сөйлем осы тұрған қалпында екі бөлшектен құралған бір бүтін. Оның бір жартысы балапандар қанаттанғанша болса, екіншісі дәуіттің де қанаттанатындығы. Бұл екі жартының бірігіп бір бүтін болғанда білдіретін мағынасы олардың жеке-жеке тұрғандарындағы мағыналарындай балапандарың немесе дәуіттің қанаттанатындығы жайында емес, солардың қанаттануларының бір мезгілдің ішінде болатындығы жайында. Ал бұл екі компоненттің бірлігі бұзылатын болса, осы негізгі мағына жойылады. Сонымен бірге, әр компоненттің формалық және интонациялық ерекшеліктері де өзгереді. Дәл осы жөнінде профессор В.А.Богородицкийдің «Орыс тілінің жалпы курсы» деген еңбегінде айтқан мына пікірі өте орынды. Ол кісі құрмалас сөйлем компоненттерінің өзара байланысы бір бүтін екендіктерін айта келі, сөздің морфологиялық бөлшектерінің сөзден тысқары өмір сүре алмайтыны, тек сөзбен бірге ғана қолданылатыны

сияқты, құрмалас сөйлемнің бөлшектерінде де дербестік болмайды, олар өзара бірлесіп барып бір бүтін болып тұрады дейді. Бұл пікірмен В.Виноградовтың да құрмалас сөйлемге берген анықтамасы үндес келеді. «Құрмалас деп, сыртқы формалды грамматикалық құрылысы жағынан дербес жай сөйлемдерге сәл ұқсастығы бар бөлшектерден құралып, интонациялық және мағыналық жақтан бір бүтін болып тұратын сөйлемдерді айтады» [6, 55 б.].

Құрмалас сөйлем компоненттерінің осы айтылған ерекшеліктеріне, қарап, орыс тілінің кейбір мамандары құрмалас сөйлем компоненттерін сөйлем компоненттерін сөйлем деп атамай, басқаша айту жағын қарастыру керектігін айтады. Бірақ әңгіменің түйіні оны қалай атауда емес, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы бірлік пен өзгешелікті ашуда.

Құрмалас сөйлемнің өзіндік сипатына байланысты айтылатын тағы бір жайт – құрмалас сөйлем мен жай сөйлемдердің функциялары туралы. Атқаратын қоғамдық қызметі жағынан жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бір: екеуі де (рас, бірі жалаң бір ойды, екіншісі жеке ойдан құралған күрделі ойды білдіреді) ойды жарыққа шығару, оны басқаларға білдіру, сол арқылы қоғам мүшелерінің өзара түсінісу қызметін атқарады. Сөйлемнің бұл екі түрінің бір-бірінен өзгешеліктері олардың сыртқы құрылыстары мен ішкі мазмұндарында.

Құрамы жағынан алғанда жай сөйлем – жеке мүшелерден (сөздерден) құралады да, құрмалас – сөйлемдерден құралады, басқаша айтқанда, жай сөйлем жеке сөздерге ғана (мүшелерге) жіктеле алатын болса, құрмалас сөйлем жеке сөздерді (мүшелерді) өз ішіне алатын сөйлемдерге жіктеледі. Сөйтіп, бірінің мүшесі – сөз, екіншісінің мүшесі – сөйлем. Жай сөйлемде бір ғана предикаттық орталық болса, құрмалас сөйлемде кем дегенде екеу болады. Бұл – жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-бірінен құрылысы, құрамы жағынан өзгешеліктері, ал бұл екі категорияның бір-бірінен мағыналық өзгешелігі – олардың бірінің (жай сөйлемнің) жеке бір ғана ойды білдіріп, екіншісінің (құрмаластың) күрделі ойды білдіруінде.

Осы айтылған структуралық және мағыналық сипаттары жағынан алғанда, құрмалас сөйлемге екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі бір ғана ойды білдіретін, интонациялық жағынан бір бүтін болып тұратын сөйлемдер жатады.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің осы айтылған ерекшеліктеріне, қарап, орыс тілінің кейбір мамандары құрмалас сөйлем компоненттерін сөйлем компоненттерін сөйлем деп атамай, басқаша айту жағын қарастыру керектігін айтады. Бірақ әңгіменің түйіні оны қалай атауда емес, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем компоненттері арасындағы бірлік пен өзгешелікті ашуда.

Құрмалас сөйлемнің өзіндік сипатына байланысты айтылатын тағы бір жайт – құрмалас сөйлем мен жай сөйлемдердің функциялары туралы. Атқаратын қоғамдық қызметі жағынан жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бір: екеуі де (рас, бірі жалаң бір ойды, екіншісі жеке ойдан құралған күрделі ойды білдіреді) ойды жарыққа шығару, оны басқаларға білдіру, сол арқылы қоғам мүшелерінің өзара түсінісу қызметін атқарады. Сөйлемнің бұл екі түрінің бір-бірінен өзгешеліктері олардың сыртқы құрылыстары мен ішкі мазмұндарында.

Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің жоғарыда айтылған ерекшеліктеріне қарай, құрмалас сөйлем әрдайым көлемді болады да, жай сөйлем оған қарағанда көлемсіз болады деген қорытынды шығармау керек. Сөйлемнің құрмалас болуы оның көлеміне байланысты емес, айтылмақшы ойдың ерекшелігіне қарай. Мысалы:

*Қажымұқанның мейлінше күнге күйіп, желге жарылған қара қайыс жүзі, уысына зорға сыярлық дөкір, ірі саусақтары, тарамыс, әлді денесі, етсіз шықшыты жайылып, езу тартқанда ақсита қалған аққаладай тістері, көзінің айналасындағы мәз болып жиырылған жұқа қыртысты, қалтқысыз шырайы Андреевтің көз алдына қырдың еңбегі еш, тұзы сор көп еңбекшісінің бала мінезді, батыл кейпін алып келгендей болды (Х.Есенжанов). Біз ауылға қайтамыз дейміз, ауыл бізге келеміз дейді (Ғ.Мүсірепов).*

Бұл екі сөйлемнің алдыңғысы соңғыдан жеті еседей көлемді, бірақ соған қарамастан ол жай сөйлем. Ал кейінгі алдыңғыдан әлдеқайда ықшамдылығына қарамастан құрмалас сөйлем. Өйткені алдыңғы қанша көлемді болғанмен сөйлемдік сипаты бар элементтерге, бөлшектерге жіктеле алмайды, ал соңғы ондай бөлшектерге жіктеле алады. Олай болатын болса, сөйлем құрмалас болу үшін өз ішінен сөйлемдік бөлшектерге бөлінуі шарт.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі (Оқу құралы). 2-басылуы. – Алматы, «Санат», 1995. – 176 б.

2. Әмір Р. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері: Оқу құралы / Құрас.: Ж.Р.Әмірова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 287 б.
3. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері /оқулық/. – Алматы: Мектеп баспасы, - 1997. – 92 б.
4. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1974. – 198 бет.
5. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. - Өңд., толық., 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 199 бет.
6. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1977. – 88 б.
7. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2015. – 244 б.

ӨОК 81'366

Ержуманова Г.К.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының

2 курс магистранты, Қарағанды қаласы

[Erzhumanova@mail.ru](mailto:Erzhumanova@mail.ru)

Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

### ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ НӨЛДІК ФОРМА

*Аңдатпа.* Мақалада нөлдік форманың тілдің грамматикалық құрылысынан кең орын алатыны, үлкен қызмет атқаратыны анықталады. Соған қарамастан осы күнге дейін нөлдік форма грамматикалық оқулықтарда аталмайды, аталса да, көрсеткіші жоқ, жалғауы жоқ деген түрде ғана сөз болып келген. Ғылымның дамыған заманында әр тілдік бірліктің танылып, тілден алатын орын көрсетіліп, атқаратын қызметтері мен мағынасы айқындалуы қажет екені ешбір күмән туғызбайды. Ал бұл мәселелер зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Тіл-тілде сөздерді өзара байланысқа түсіріп, грамматикалық жағынан әмбебап сипатқа жеткізіп отыратын – септік жалғаулары. Осы тұрғыдан келгенде, А.Ысқақовтың қазақ тіліндегі жалғаудың төрт түрін төрт түрлі категорияға жатқызуы өте орынды. Ғалым былай дейді: «...төрт түрлі жалғаудың әрқайсысының өздеріне тән грамматикалық мағыналары және сол мағыналарына орай арнаулы грамматикалық формалары бар. Сол себептен олар өз алдымен категория деп танылып, әрқайсысы бас-басына септеу категориясы, көптеу, тәуелдеу, жіктеу категориясы делініп есептеледі» [48, 20].

Қазақ тіліндегі төрт жалғаудың ең күрделісі әрі саны жағынан басымы да – септік жалғаулары (етістік сөз табының кей категориясының тәуелдену және жіктелу үлгісін ескермегенде). Демек, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлеуде, коммуникативтік актіге түсуде аталған жалғаулардың қызметі орасан. Сонысына қарамастан бұл жалғау ықшамдалуға бейім. Бұл мәселе жалпы түркологияда да, отандық тіл білімінде де ара-тұра айтылып келеді. Бірақ біздер көп жағдайда септік тұлғаларының нөлдік форма иеленуінің әдеттегі аксиомаға қарама-қайшы екенін ескере бермейміз. Ендеше бұл (септік жалғауларының нөлдік тұлғасы) – арнайы түрде зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Әсіресе тарихи грамматика тұжырымдарымен байланыстыра зерттеу қажет.

Жалпы, қазіргі қазақ тіл білімінде болсын, түркологияда болсын септік жалғауларының нөлдік тұлғасы жөнінде айтылғанда, атау септігінің грамматикалық ерекшелігі назардан тыс қалады. Сайып келгенде, үнемі нөлдік тұлғада жұмсалатын септік – осы атау септігі. А.Қалыбаева мен Н.Оралбаеваның пікірінше, атау септігі – «сөздің басқа септікке түспей тұрғандағы қалпы емес». Ғалымдардың еңбегінен үзінді келтірейік: «Атау септіктің өзіне тән белгілі мағынасы бар, ол мағынаны септік парадигмасының ешбір мүшесі білдіре алмайды, атау септіктің белгілі тұрақты қызметі бар, оны қалған септіктегі сөздердің ешқайсысы атқара алмайды, өйткені атау септік – шартты түрде алынған, сөздің басқа септіктерге түрленбей тұрғандағы қалпы ғана емес. Ол – септік парадигмасының бір мүшесі, септік жүйесіндегі сөз формаларының бірі, ол сөйлемдегі сөздермен белгілі қатынасқа түседі, синтаксистік қызмет атқарады, тұрақты мағынасы бар. Атау септікте танылып жүрген түрлі мағыналардың біреуі ғана оған қатысты. Ол, атау септік, сөйлемде кім және не туралы айтылатынын білдіреді. Бұл – атау септіктің бірден-бір мағынасы»



[51, 116]. Осы орайда А.Омарова «атау септіктің нөлдік морфемасы тұрақты» екенін ескертеді [52, 165].

Бұларға атау септігінің тұлғасы қарама-қарсы. Атау септік тек нөлдік формада ғана қолданылады. Атау, ілік, табыс септіктері бір категорияның ішкі ерекшеліктері болғанына қарамастан, оларда осындай үлкен айырмашылық бары байқалады. Анығырақ айтқанда, ілік, табыс септіктерінің формалары бірде қосымшалы, бірде нөлдік формада ауысып қолданылса, атау септігінің бір ғана тұлғасы болғандықтан, ол тұрақты, үнемі бір тұлғада, яғни үнемі нөлдік формада қолданылады. Бұны нөлдік қосымша араласқан категориялардың сөз тұлғаларының бір ерекшелігі санауға болады. Демек, атау септік тұлғасының да нөлдік морфема екені ескерілуі тиіс.

Тарихи грамматика мәліметтеріне қарағанда, септік категориясы өте ертеде қалыптасқан. Бұл туралы Т.Қордабаев пен М.Томанов былай дейді: «Түркі тілдеріндегі септік жалғау – ертеде қалыптасқан көне категориялардың бірі. Ол сонау V-VI ғасырлардан сақталған ең көне жазбалардың өзінде-ақ, негізінен алғанда, қалыптасып болған категория ретінде кездеседі. Ал біз сөз етіп отырған еңбектің (Жамиғат-Тауарих – Н.Қ.) жазылған дәуірінде, яғни XV-XVI ғасырларда, ол едәуір екшеліп, толығып, мағыналары сұрыпталып жетілген...» [53, 16].

Алайда авторлар септік тұлғаларының нөлдік морфемасын «атау септігіне теңелу» деп көрсетеді. Ал мұндай құбылыс еш уақытта да атау септік тұлғасына теңеспейді. Оған жоғарыдағы ғалымдар тарапынан келтірілген дәлел де жеткілікті. Сондықтан түрколог мамандардың септік тұлғаларындағы нөлдік морфеманы атау септігіне теңестіруін, өздері атап көрсеткендей, «сыртқы тұлғасы жағынан» ғана, яғни салыстырмалы түрде ғана сипаттауы деп түсінуіміз қажет: «...көне жазбалар тілі жайлы әңгіме болғанда, мынадай бір ерекшеліктерді де еске алмай болмайды: V-VIII ғасыр жазбалары болсын, кейінгі орта ғасырлар ескерткіштері болсын, қайсысында да грамматикалық септіктердің де, көлемдік септіктердің де «жасырын» келуі, септіктің сыртқы формасы жағынан атау тұлғасына ұқсап тұруы – жиі кездесетін құбылыс. Солардың кейбірін көрсету артық емес: іліктің «жасырын» келуі: Іле суын кечтіміз (МК). Теңір сөзү (КҚ). Табыс септіктің жасырын келуі: Таш тоқытдым (КТ), Тіл білмен (КК). Дегенмен мұндай сыртқы ұқсастық (әрине, функциялық емес) – қазіргі түркі тілдерінде де кең жайылған заңдылық» [53, 94].

Енді тарихи жазбалардағы септік жалғауларының нөлдік морфемасына жекелей тоқталайық.

Атау септігі. Бұл септіктің нөлдік тұлғасы тұрақты екені жоғарыда айтылды. Ескеруге тұрарлық мәселе – көне түркі жазбаларындағы атау септігі де қазіргі қалпында (қосымшасыз) болған.

Ілік септігі. XIY ғасыр жазба ескерткіштерінің біріне жататын «Хұсрау-Шырын» поэмасының тілін арнайы қарастырған зерттеуші Н.Құлтанбаева ілік септігінің қандай жағдайда нөлдік тұлғада жұмсалғаны жөнінде:

«1. Бүтіннің бөлшегін білдіргенде ілік септіктегі сөз қосымшасыз қолданылады. Мысалы: Айа бірла күн өртүлғайму – Алақанның аясымен күн жабыла ма?

2. Тәуелді жалғаулы сөз меншіктілік мағына емес, қатыстық мағынаны білдіргенде, ілік септік жасырын формада келеді. Мысалы: Чын айтег йулдуз ара халық ічинда – Жұлдыздың арасындағы айдай.

3. Алдынан сілтеу есімдігінен болған анықтауыш келгенде, ілік септігі қосымшасыз қолданылады. Мысалы: Бу көңлүм ігінча тіма қылғыл – Бұл көңілімнің ауруына қамқорлық жаса», – дей келіп, «ілік септігінің жасырын формада тұруы» «қазіргі қазақ тілімен бірдей, айтарлықтай өзгешелігі байқалмайтынын» айтады [54, 357].

XVIII ғасыр жазба ескерткіштерінің біріне жататын «Жамиғат-Тауарих» шежіресі тілін зерттеуші белгілі ғалымдар ілік септігінің онда да жасырын келетінін жазады: «Шежіреде кездесетін ілік жалғаулы зат есімнің барлығы да тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысады да, мағыналық жағынан оған иелікті, іліктес-қатыстылықты білдіреді. Қазіргі әдеби тіліміздегі сияқты, ілік жалғаудың кейде айтылмай жасырын тұратын фактілері де (атасы йұртында, хан ұғлы) (20) кездесіп отырады» [53, 17-18].

Жалпы, септік формаларының нөлдік морфемасы туралы зерттеулерде көбіне ілік және табыс септіктерін келтірумен шектеліп жатады. Қолда бар деректерге қарағанда, басқа септіктердің де нөлдік тұлғада жұмсалуды айтарлықтай белсенді.

Барыс септігі. XIY ғасырдағы «Хұсрау-Шырын» тілінде: Қол йар бойны ұзра салмақ – Қолды жар мойнына салмақ [54, 358].

ХҮІІ ғасырдағы (1602) «Жамиғат-Тауарих» шежіресі тілінде: «Барыс жалғауының айтылмай, сөзге қосылмай жасырын тұру фактісі де кездесіп отырады, бірақ мұнда да бірізділік жоқ. Мысалы, шежіренің 32-бетінде Аның ұрғуы Чыңғыс хан барор деп жазылса, 35-бетінде осы сөйлемдегі Чыңғыс хан деген сөздің барыс жалғауы ашық түрде (Чыңғыс ханға) берілген» [53, 19].

Табыс септігі. ХІҮ ғасырдағы «Хұсрау-Шырын» тілінде тәуелдік жалғауынан кейін немесе керісінше: Бу Шабдіз аның ұрғы тейу білдім – Бұл Шабдіз оның ұрығы деп білдім. Сабрум алды – Сабырымды алды [54, 358].

ХҮІІ ғасырдағы «Жамиғат-Тауарих» шежіресі тілінде: «Табыс септіктің қолданылуын әңгімелегенде, ең алдымен оның жасырын не ашық қолданылуының заңдылықтары қарастырылуға тиіс. Қазіргі тюркологияда табыс септіктің мұндай қолданыстарын заттың (объектінің) белгілі не белгісіздігімен байланыстыру жиі кездеседі. Ал қазіргі тілдердегі жай бұлай болғанда, тарихи тұрғыдан қалай екен дейтін сұрақтың тууы заңды. Көне жазбалар тілін зерттеушілердің көпшілігі-ақ көне түркі тілінде табыс жалғауының ашық не жасырын келуі белгілі бір жүйені аңғартпайтынын айтады. Әңгіме болып отырған объект белгісіз болса да, кейде ол табыс жалғауының ашық түрімен келеді де, сол объект белгілі болса да, ол кейде жалғаусыз жұмсалады. Сөйтіп, зерттеушілердің едәуір бөлігі қолдайтын қазіргі тілдердегі белгілілік-белгісіздік теориясы тарихи тұрғыдан дәлелді болмай шығады. Мысалы, Ақтермел кече оғрақлатдым (Ақтермелді кешіп өткесін тоқтаттырдым) (Т) деген сөйлемді алайық. Егер белгілілік-белгісіздікке байланысты болса, осы сөйлемдегі Ақтермел атауы міндетті түрде табыс жалғауында келуге тиіс еді» [53, 100-101]. Етістіктің тура алдында келіп, оған меңгеріле байланысатын зат есімдер көбінесе жалғаусыз болып келген: Қаршындар, камшылар йығып, сал бағлады (28). Ләшкер бөліп берді (154) [53, 19].

Жатыс септігі. ХІҮ ғасырдағы «Хұсрау-Шырын» тілінде көмекші есімдерге жалғанған жатыс септігі жасырын келеді: Көрүб йасмин банафша ара ол шаһ – Көріп жасминді фиалка арасында ол шаһ. Бу сахра ічра ав авлады – Бұл сахара ішінде аң аулады [54, 359].

ХІҮ және ХҮ-ХҮІ ғасырларға тиесілі жазба ескерткіштер тіліндегі септік жалғауларының нөлдік тұлғада жұмсалы ерекшелігі, жалпы, осындай. Байқап отырғанымыздай, авторлар жатыс (Т.Қордабаев пен М.Томанов), шығыс (Т.Қордабаев пен М.Томанов, Н.Құлтанбаева) және көмектес септік (Т.Қордабаев пен М.Томанов, Н.Құлтанбаева) жалғауларының нөлдік тұлғасы жайлы мәлімет келтірмейді. Алайда Т.Қордабаев пен М.Томановтың Ү-ҮІІ ғасыр жазбалары мен орта ғасырлар ескерткіштерінің бәрінде де септік жалғауларының жасырын келуін жиі кездесетін құбылысқа жатқыза отырып, мынадай айғақ ұсынады: «Жатыс септігінің жасырын келуі: Өтүкен иір олурып (КТ) – Өтүкен жерінде отырып. Құралдық септіктің (көмектес – Авт.) «жасырын» келуі: Сү йорылдым (Т) – әскермен шықтым, шабуылдадым. Барыс септіктің жасырын келуі: Хінддін Герім бардыңыз (БН) – Хиндидан Герімге бардыңыз. Кейде шығыс септік те «жасырын» қолданылады: Көгмен аша (КТ) – Көгменнен аса. Соңғы, көлемдік септіктердің «жасырын» келіп, сыртқы тұлғасы жағынан атау тұлғасына теңелуі, әрине, қазіргі әдеби тілдің нормасы емес. Дегенмен ауызекі сөйлеу тілінде, сондай-ақ ырғаққа құрылған өлеңді сөзде ондай ерекшеліктер байқалады да: Москва бардым, не көрдім (Жамбыл), ел асып кету. Орхон-Енисей жазбалары тілі ырғаққа құрылған дейтін пікір соңғы кезде жиі айтылып жүр. Әсіресе көлемдік септік жалғауының «жасырын» келуіне соның әсері болуы да мүмкін. Қазіргі тіліміздегі ұшырасатын ондай құбылыстар соның жалғасы тәрізді» [53, 94].

Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, барыс, жатыс, шығыс септік (көлемдік не кеңістік септіктері) жалғауларының нөлдік тұлғасы қазіргі әдеби тіліміз үшін норма болып саналмайды. Асылы, әдеби тілдегі кез келген дағды кейіннен нормаға айналады. Ал септік жалғауларының нөлдік тұлғасы Ү-ҮІІ және ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы көне жазба ескерткіштер тілінде де кездесетін болса әрі қазіргі әдеби тілімізде де бар болса, онда мұны норма ретінде әбден орнығып болған құбылысқа жатқызуға тиіспіз. Бұл туралы зерттеуші Ж.Баймұрыновтың мына пікірін келтіре кетуді жөн санаймыз: «Шындығында, нормаға жатпайтын сөйлем болмайды. Себебі – сол: сөйлем – жайдан-жай айтыла салған синтаксистік конструкция емес. Психолингвистердің пікіріне сүйенетін болсақ, оның (сөйлемнің) сөйлеуге дейінгі бірнеше кезеңдерден сүзіліп, екшеліп, қырналып шығатындығына көз жеткіземіз» [55, 51].

Ал Н.Құлтанбаева шығыс септігінің грамматикалық көрсеткіші жайлы: «Көне түркі жазбаларында бұл жалғау өте сирек қолданылады. Оның қызметін табыс септік жалғауы атқарады, шығыс септігінің формасы кейіннен пайда болды деген пікірлер бар», – деп А.Ибатовтың «Хұсрау-Шырын» поэмасының сөздігіне» сілтеме жасайды [54, 359]. Мұндай пікір

Т.Қордабаев пен М.Томановқа да тән: «Түркі тілінің көне жазбаларында жатыс септігінің кездесіп отыратындығы, соған қарап кейбір тюркологтардың жатыс септігі шығыс жалғауына қарағанда көне категория дейтін көзқарастың барлығы белгілі» [53, 21].

Көмектес септігіне келер болсақ, бұл септік жалғауының кейіннен ғана қалыптасқаны тарихи грамматика зерттеулерінен мәлім. Сондықтан аталған жазба ескерткіштер тілінде мұның грамматикалық жалғауының сөз етілмеуі түсінікті. Мәселен, ХІҮ ғасырға тиесілі «Хұсрау-Шырын» поэмасындағы көмектес септіктің грамматикалық көрсеткіші ретінде Н.Құлтанбаева «көмектес септігінің мағынасын беретін, қызметін атқаратын бірлә шылауы жұмсалғанын» [54, 359], сонымен қатар ХҮІІ ғасырға тиесілі «Жамиғат-Тауарих» шежіресі тілінде де көмектес септігінің грамматикалық көрсеткіші ретінде осындай сөздердің қолданылғанын білеміз: «Қазіргі әдеби тілімізде қолданылу орнына қарай бірде көмектес жалғауы, бірде жалғаулық делініп жүрген -мен, -пен, -бен форманттары талданып отырған жазбада қолданылмаған. Олар келетін орындарда және солардың мағыналары мен функцияларында бірлән, бірлә, илән морфемдері қолданылған. Бұлар жалғаулық функциясында түркі тілдерінің біразында күні бүгінге дейін қолданылып келеді» [53, 22-23].

Сонымен, септік жалғауларының тарихи жазба ескерткіштер тілінде де нөлдік тұлғада жұмсалатынын және мұның сол замандардың өзінде нормаға айналғанын, ал қазіргі әдеби тілімізде әлі де сақталатынын жүйелеп алдық. Ал септік жалғаулары нөлдік тұлғасының әдеби тіліміздегі жұмсалу жиілігі, грамматикалық ерекшелігі, стилистикалық қызметі жайлы зерттеу жүргізу алдағы күндердің еншісіне қалып отыр.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 446 б.
2. Оралбаева Н. Сөзді қосымшасыз қолданудың сыры // Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 242 б.
3. Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды: ҚарМУ, 1998. – 159 б.
4. Адилова З.Ш. Экономия речи и способы ее реализации: дисс. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1989. – 149 с.
5. Қондыбаева К.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулардың қолданыста ықшамдалуы: филол. ... канд. дисс. автореф. – Алматы, 1999. – 123 б.
6. Айғабылова Г. Қазақ тіліндегі ықшамдалған сөздер мен сөзформалар: филол. ғыл. канд. диссерт. – Алматы: 1995. – 128 б.

ӨОК 81'42; 801.7

Ермекова А.Е.

«Volashaq» академиясы, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша

2-курс магистранты, Қарағанды қаласы.

aijan.0479@mail.ru

Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУдың

қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, фил.ғыл. кандидаты Кенжеғалиев С.А.

### **РИТОРИКАЛЫҚ МӘТІННІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

***Аңдатпа.*** Мақалада қазақ толғаулары мәтіндерінің құрылысы сөз болған. Жыраулар поэзиясындағы сөйлемдердің мәтінін түзеудегі бұйрықты сөйлемдердің ролі ерекше аталып өтіледі. Болымсыз компоненттердің бірыңғай қатар жасаудағы маңызы да қарастырылған. Бұл ретте әр түрлі тілдік тұлғалардың өзіндік түрлері жіктеліп берілген.

Поэзиялық туындалардың стилі, мазмұны, идеясы өзінің бойындағы сөйлемдердің синтаксистік ерекшеліктерін айқындайды. Толғаулардың жанрлық сипатының да ондағы сөйлемдердің түзілісіне ықпалы зор. Ол ерекшелік ең алдымен толғаулардың мақал-мәтелдерге жақын келетінімен байланысты. Бұлай дейтін себебіміз мақал-мәтелдердің қалыпты конструкциясының әсері [1].

Белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев бұл ретте: «Бірақ дидактикалық- шешендік өлеңдер көлем жағынан әлдеқайда күрделі болып келуіне байланысты өзінің синтаксистік жүйесінде де мақалдың синтаксистік жүйесіне қарағанда әлдеқайда күрделілік бар. Бірақ бұл форманың түр

жағынан күрделілігінен гөрі бір форманың жұмсалыу қатарының жиілігіне, қайталауына көбірек бейім [2. 124-125], – деп көрсетеді.

Осы негізде толғаулардағы бұйрықты сөйлем және олардағы болымсыз мағыналардың маңызы зор. Жыраулар поэзиясында бұйрықты сөйлемдердің қолданылуында айырықша сипат бар. Мұнда олар тікелей бұйырудан гөрі жөн сілтеу, ақыл - кеңес түріндегі сипатта жиі келеді. Толғауларда мұндай сөйлемдер көп.

Бір толғау бүтіндей бұйрықты сөйлемдерден тұратыны жиі кездеседі. Оның басты негізі жыраулар поэзиясының мазмұнынан келіп шығады. Ол мазмұн ақыл-кеңес, үгіт-насихат болып табылады. Осыдан келіп бұйрық мәнді сөйлемдердің бірыңғай қатары пайда болады.

Жалпы бұйрық райға грамматикада мынадай анықтама берілген: «Бұл рай іске қосу, амалды істеуге қозғау салу, түрткі болу, ұсыныс жасау, кеңес беру, тілек айту, өтініш ету, жалыну, әмір ету тәрізді қыруар көп модальдік мағыналарды білдіреді, демек, бұл рай сөйлеушінің белгілі бір істі жүргізу, жасау, тындыру туралы көңіл қошынан туған талабын, тілегін білдіреді» [3.14-б.].

Ал бұйрық райдың екінші жағының бойында нағыз бұйыру мәнімен бірге модальдік мағына да бар: «Екінші жақ формалары нағыз бұйрық мәнімен қатар, тілек, өтініш, кеңес, ұсыныс тәрізді модальдік мағыналарды да береді. Бірақ бұл мағыналардың да қилы-қилы реңктері контекстке, интонацияға қарай анықталып, эмоциямен, экспрессиямен ұштасып жатады» [3. 15].

Зерттеуші Т.Ермекова бұйрықты сөйлемдерге байланысты: «Бұйрықты сөйлемдер мазмұны жағынан да, оның берілу сипаты жағынан да біркелкі емес. Олар нақты бұйрық пен бірге сөйлеу ситуациясына қарай кейде кеңес білдіру (Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан), ұсыныс жасау (Қолың бос па, бүгін киноға барайық), ескерту жасау (Білсін деп айтып отырмын, осыған ұқыпты бол, келін), тілек, өтініш, жалыну мәнді (Жастар да аман болсын, сіз де аман болыңыз) болып та жұмсала береді. Бұйрықты сөйлемнің осындай мағыналарын нақтылы тұлға – құрамына қарап ажырату мүмкін бола бермейді. Оларды белгілі бір сөйлеу жағдайында қолданушыға қарай, соған сәйкес, өзіндік құрылымы мен басқа да коммуниканттардың қатысына қарай анықтауға болады» [4. 90-91], – деген пікір айтады.

Толғаулар мәтіндеріндегі бұйрықты сөйлемдердің маңызы ерекше. Себебі бұндай сөйлемдер арқылы ондағы мазмұнның болмысы ашыла түседі. Толғаулар поэтикасындағы дидактикалық мазмұн осы тұрғыда шешуші маңызға ие. Ең алдымен, жыраулар поэзиясындағы бұйрықты сөйлемдердің болымды түрде келуі кездесіп отырады. Мұндай толғаулар екпінді түрде айтылған.

Бұқар жырау:

*Өзің қонған Көкшетау,  
Кәпір қала салды, ойла!  
Жарқайың деген жерлерге  
Шашылып шеті барды, ойла!  
Атбасар мен Қалқұтан  
Балығы тәтті су еді,  
Өзен бойын шандып ап,  
Сүзекісін салды, ойла!  
Қарқаралы деген тауларға  
Қарқарасын шанышты, ойла!* [6 22-б.]

Мұндағы жолдар бойындағы бұйрық мәнді қатар ол сөйлемдерде бір етістіктің қайталануы арқылы болып тұр. Бұл арқылы белгілі бір қимыл-әрекетті еселеу, үздіксіз дамытуға сілтеме жасалады.

Дегенмен, жыраулар поэзиясындағы болымсыз мағыналы сөйлемдердің маңызы зор. Т.Ермекова болымсыз сөйлемдер жасалу амалдарын былайша көрсеткен: «Болымсыз сөйлем-болымды сөйлемнің негізінде жасалатын, соның қарама-қарсы мағынасын білдіретін сөйлем. Болымсыз сөйлемнің айырмашылығы – оның баяндауышының грамматикалық формасында. Болымсыздық мағынасын білдіру үшін сөйлем баяндауышы арнай грамматикалық формалар арқылы жасалады:

– баяндауыштары **-ма/ме** тұлғалы болымсыз етістіктерден жасалады;  
– есім, есімдерден болған баяндауыштар құрамында **емес** деген көмекші етістік жұмсалады;  
– **жоқ** сөзі баяндауыш қызметінде күрделі баяндауыш құрамында айтылу арқылы да болымсыз сөйлем жасалады» [4. 96].

Болымсыздық мағына жасаудың ең өнімді амалы, яғни баяндауыштары **-ма/ме** қосымшалы етістіктермен келген сөйлемдер толғаулар бойынан көп кездеседі. Бұндай толғаулар жыраулар

туындыларының белгілі бір сипаты іспеттес. Өздері қатыстырылған мәтін бойындағы көркемдік қабаттың да иіріміне ерекше әсер етеді. Өйткені олар сөйлемді аяқтап, ондағы мәтінге бірыңғай динамика үстеп тұрады.

Асан қайғы:

*Арғымаққа міндім деп,  
Артқы топтан адаспа.  
Күнінде өзім болдым деп,  
Кең пейілге таласпа  
Артық үшін айтысып  
Достарыңмен санаспа.  
Ғылымым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама.  
Жеңемін деп біреуді,  
Өтірік сөзбен қостама.* [5.63]

Бұл толғаулардағы жолдардан берілген бұйрықты сөйлемдердің түгелі дерлік сол өздері қатыстырылған толғаулардың ұйқасын да жасап тұрады. Демек, олар көркемдік талапты да орындайды.

Болымсыз компоненттердің құрмалас сөйлемдер құрамындағы орындары да ерекше. Мұндай құрмалас сөйлемдер толғаулардағы мәтіндерден жиі кездеседі. Бұл ретте шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің компоненттеріндегі болымсыз мағыналардың қатары бірыңғай келеді.

Үмбетей жырау:

*Бай болмаған бай болса,-  
Жайламаған сай қоймас.  
Би болмаған би болса,-  
Айтылмаған сөз қоймас ...* [5.130]

Бұқар жырау:

*Жабыдан айғыр салсаңыз,  
Жауға шабар ат тумас.  
Жаман қатын алсаңыз,  
Топқа түсер ұл тумас ...* [5.26]

Толғау мәтіндерінде болымсыз мағына тудырушы формалар құрмалас сөйлемдер құрамының компоненттерін жасауға белсенді қатысады. Жыраулар туындылары мәтінінен құрмалас компонентті сөйлемдер аз кездеспейді. Толғаулар мазмұнының болмысына сай болымсыз мағыналы қатарлар да өте жиі кездеседі. Демек олардың жай сөйлем құрамында ғана емес, құрмалас сөйлемнің де ішінде атқарар міндеті зор. Бұл жағынан оларды ең алдымен болымды компонент – болымсыз компонент қалыбындағы түрде көреміз.

Доспанбет жырау:

*Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым, өкінбен.  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым, өкінбен.  
Тобыршығы биік жай салып.  
Дұспан аттым, өкінбен ...* [5.71.]

Бұқар жырау:

*Мал жинасаң, қойдан жи,  
Майы кетпес шарадан.  
Ит жинасаң, сырттан жи,  
Қойды бермес қорадан* [6.21-22.]

Үмбетей жырау:

*Бай болмаған бай болса,-  
Жайламаған сай қоймас.  
Би болмаған би болса,-  
Айтылмаған сөз қоймас ...* [5.130]

Ал мына толғаулар жолында бұл құрылым болымсыз компонент – болымды компонент ыңғайында келген. Болымсыз мағына бағыныңқы бөліктегі баяндауыш құрмында келіп, болымды компонент басыңқы бөлік баяндауышынан орын алады.

Асан қайғы:

*Жақсыларға айтпаған  
Асыл шырын сөз зарып;  
Замандасы болмаса,  
Қариялар болар тез зарып;  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел зарып;  
Қаз-үйрегі болмаса,  
Айдын- шалқар көл зарып... [5.62.]*

Шалкиіз жырау:

*Жауынды күні көп жүрме,  
Жар жағасы тайғақ-ты,  
Жаманға жақыным деп еш айтпа,  
Күндердің күні болғанда.  
Со жаман өз басыңа айғақ-ты! [5.84].*

Бұқар жырау:

*Қорғанды шаһар қаласын  
Қазақ білмес, сарт білер.  
Төс айылдың батқанын  
Иесі білмес, ат білер.  
Ер жігіттің қадірін [6.30].*

*Дін мұсылман болмаса,  
Тіл мұсылман не пайда.  
Қызда қылық болмаса,  
Құр шырайдан не пайда.  
Мал араға түспесе ,  
Құр айтқаннан не пайда ... [6.13].*

*Жар басына қонбаңыз,  
Дауыл соқса, үй кетер.  
Жатқа тізгін бермеңіз,  
Жаламенен бас кетер  
Жаманмен жолдас болмаңыз,  
Көрінгенге күлкі етер.  
Жақсымен жолдас болсаңыз,  
Айырылмасқа серт етер ... [6.13]*

Баяндауыштары **-ма/ме** тұлғалы болымсыз етістіктер сұраулық шылаулармен қоса келіп, мына толғаулар жолдарындағы риторикалық сұрақты болымсыз сөйлемдердің қатарын жасап тұр. Соның нәтижесінде бұл толғаулар жолдарындағы ұйқас қатары мен ырғақ екпіні еселене түскен. Ал ол бөлік арқылы мәтін көлеміндегі стильдік маңыз да артып тұрады.

Бұқар жырау:

*Ақсұңқар құстың баласы,  
Ұяда алтау тумас па.  
Ұяда алтау туғанмен  
Оның ішінде біреуі алғыр болмас па-  
Адамзаттың баласы  
Атадан алтау болмас па.  
Атадан алтау туғанмен  
Оның ішінде біреуі арыстан болмас па –[6.15]*

Асан қайғы:

*Ай, Жәнібек, ойласаң,  
Қилы, қилы заман болмай ма,  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма... [5.62]*

Доспанбет жырау:

*Қалаға қабылан жаулар тигей ме,  
Қабырғадан дұспан жолдан жүргей ме,  
Қатарланып, қорланып,  
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме ! [5.68]*

Бұл жолдарда осы риторикалық мән арқылы сол айтылмақшы жайттың болымсыз жағын емес болымды қырын танытып тұрады.

Сондай ақ, мәтін ішіндегі болымсыз мағына **-жоқ** сөзі баяндауыш қызметінде айтылу арқылы жасалған түрін де атап өтеміз. Олар бірнеше сөйлемдер қатарында үздіксіз келу арқылы өздері қатыстырылған шығарманың құрылымы мен мағыналық қалыбын ерекшелей түскен.

Ақтамберді жырау:

*Нашар қайтып күн көрер,  
Егін салар құлқы жоқ.  
Әділетті ұлығы жоқ,  
Жосып жүр әлі тоқталмай,  
Мекен еткен жұрты жоқ [5.119].*

Бұқар жырау:

*Бірі етек, бірі жең болған,  
Ежелден саған ел болған,  
Орта жүзден кісің жоқ.  
Найзасының ұшы алтын,  
Кіші жүзден кісің жоқ.  
Енді бұған қарап тұрғаннан  
Басқа қылар ісің жоқ [6. 27].*

Ақтамберді жыраудың толғауынан берілген жолдардан болымсыз мағына тудыру үшін есімдерден болған баяндауыштар құрамында **емес** деген көмекші етістік жұмсалған:

*Он жетіге жас толды,  
Көңілім сонда орнықты.  
Жауласарға жау емес,  
Дауласарға дау емес,  
Жақынға қылман қорлықты [5.107].*

Мұндай амалды болымсыз мағына көп кездесе бермейді. Олар болымсыз мағына тудыратын басқа амалдардан қарағанда белсенді емес.

Болымсыз мағыналы баяндауыштар көбіне тармақ не сөйлем соңында келіп шығарманың ұйқас, ырғақ жүйесін арттырып тұрады. Мұндай сөйлемдер қатары кей жағдайларда бұйрықты болып келеді. Болымсыз мағыналы баяндауыш мүшелер өздерінің ерекше маңызын байқатады. Осының салдарынан туындының мазмұны жасалып, автордың ой-түйіні толық ашылады. Бұл толғаулардың мәтінінде толық параллель тізбек орын алады.

Мұндай сөйлемдердің мол қолданылуы сол туындының жанрлық сипатымен тікелей байланысты деуге толық негіз бар. Бұл – жыраулар туындыларының арнау түрінде және дидактикалық сипатта келуі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Өмірәлиев Қ. XX- XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 207 б.
2. Кенжемұратова С.К. Мақал- мәтелдердің синтаксисі: Филология ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2001. –127 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993, – 496 б.
4. Ермекова Т.Н. Компонеттер құрылысының құрмалас сөйлемнің грамматикалық-семантикалық сипатына қатысы: Филология ғыл. док. дисс. – Алматы: 2007, – 273 б.
5. Алдаспан. (XV-XVII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы). – Алматы: Жазушы, 1971.
6. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. -Алматы: Мұраттас, 1992.

Зыямиденова А.М.  
 «Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
 2 курс магистранты, Қарағанды қаласы  
[Adamovdauren1@gmail.com](mailto:Adamovdauren1@gmail.com)  
 Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУдың  
 қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, фил.ғыл. кандидаты Кенжеғалиев С.А.

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

*Аңдатпа. Мақалада Бауыржан Момышұлының бойындағы шыншылдық пен әділдік, пікірдегі батылдық жас кезінде жазған тырнақалды өлеңдерісөз етіледі.*

Сан қырлы саңлақ Бауыржан Момышұлының шығармашылық талабы ақындықтан басталған екен. Қазақта «Екінің бірі - ақын, екі өлең жазған - ірі ақын» деген сөз бар. Осының жаны бар. Ол қазақ ұлтының ақынжандылығын танытады. Бірақ Баукең ақынжанды жан ғана емес, ірі ақын. Осы күнге дейін батыр ағаның ақындық өнері әдебиет зерттеуінде кеңінен сөз бола қоймапты. Біз Бауыржан Момышұлы туралы зерттеуіміздің «биссмилясын» осыдан бастасақ деп отырмыз.

Белгілі ғалым, әдебиеттанушы Мекемтас Мырзахметов Бауыржан Момышұлының алғашқы ақындық талабы жайлы «Бауыржан батыр» деген кітабының алғы сөзінде: «Баукеңнің бойындағы ақындық қуаттың бүршігі ерте белгі бергендігін мектеп ұстазы Тәңірберген Отарбаев та байқаған, Шәкіртіне шығарма жаздырып, қабілеттерін байқау үстінде бала Бауыржанға сенен ақындықтың иісі шығады» [3, 5 б.], -деген дерек береді.

Бауыржан Момышұлының бойындағы шыншылдық пен әділдік, пікірдегі батылдық жас кезінде жазған тырнақалды өлеңдерінің өзінен айқын аңғарылып тұрады. 20-22 жастағы жас жігіттің «Біреулерге», «Омарбекке» деген өлеңдерінде 1930 жылғы асыра сілтеу мен ашаршылықтың себепкері болған ұр да жық надан белсенділердің сотқарлық қылығы айқын көрініс табады. Жас талаптың:

«Қалды ма айыр тұяқ елде малдан,  
 Жалғыз сиыр қалмады «ет планнан».  
 Ет етсіз, бала сүтсіз қалып кетті,  
 Барып ең уәкіл боп сен ауданнан», [3, 7 б.]

- деген өлең жолдарында қазақ жұртын қайғылы қасіретке ұрындырған қара бұлттың қоюланып келе жатқан қалпы дөп көрініп, дәл суреттелген. Ақын мұнда зорлыққа деген өзінің іштей қарсылық рухын да лирикалық кейіпкер қатысы арқылы жеткізе алған. Белгілі ақын Сырбай Мауленов Баукеңнің ақындығы жайында: «Бауыржан өлең соңына түспегенмен әр кезде өзінің көңіл-күйін дәптер бетіне жазып отырған. Оның толық бір кітаптық өлең-жырлары бар. Әрине, оның бәрі алтын емес. Қызу майдан үстінде, қараңғы окоп ішінде асығыс ат үсті, ұйқас, ырғағы шала-шарпы жасалған жырлар да ұшырайды. Бірақ Бауыржанның қай өлеңін оқысаң да майдан ақиқаты, солдат өмірі кең көсіліп жатады. Сонау өткен сұрапыл соғыс өзінің қатал шындығымен қарсы алдыңнан өтеді.

Бауыржан өлеңдерінде Махамбет сарыны басым. Махамбеттің өткір шешендік мақамдарын, күшті пафосын Бауыржан көбінесе өзіне өнеге тұтатын сияқты. Бауыржанда тікелей Махамбеттің ізімен жазылған өлеңдер де бар.

Бауыржан «Оқтың тілі қысқа тіл» деп өзі айтқандай, өлеңді, оқтай қылып өте қысқа жазады. Кейде ол күшті сөздер, ауыр ойлар келіп қалса, өлеңнің ұйқас, ырғақтарын белінен басып жүре береді. Мұнысы заңды болып, өлеңге әлде қалай ойнақылық мінез бітіріп, сіңіп кетіп отырады. Әрбір ақынның өлеңінен өз мінезі жалт етіп көрініп жатады. Бауыржан өлеңдерінде де өзінің айбарлы үні асқақ шығып тұрады.

Бауыржанның соғыс кезінде жазылған саяси-публицистикалық жырларымен бірге көңіл-күйін шертетін, жан пернесін басатын бірсыпыра лирикалық өлеңдері бар» [1, 138 б.].

Біздің ойымызша, Бауыржан Момышұлының ақындығын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезеңге - 1928 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектепті бітіріп, өмірге енді араласа бастағанда жазған өлеңдері мен соғысқа дейінгі шығармашылық ізденістерін жатқызуға болады.



Бұл кезеңге колхоздастыру кезеңінде жазған - «Біреулерге», ашаршылық алдында жазған - «Омарбекке», репрессия жылдарында жазған - «Қ-ға» өлеңдері жатады. Енді осы өлеңдердің мән-мазмұнына, жазылу себептеріне үңіліп көрейік. Алдымен 1930 жылы жазылған «Біреулерге» атты өлеңіне назар аударайық. Мұнда автор өзі өмір сүріп отырған ортаға немқұрайды қарайтын, халық есебінен күн көретін жағымпаздарға жан-тәнімен қарсы екендігін байқатады. Оны мына шумақтан көруге болады:

«Басқаның жамылған соң көлеңкесін,  
Жалтақтап өлетіндей кетеді есің.  
Жүрексіз қоян сынды сендейлер ғой,  
Халықтың қашыратын берекесін.  
Бейшара жаңа білдім, кем екенсің,  
Құрайға іші қуыс тең екенсің.  
Айтушы еді әкем марқұм қызық өлең,  
Сондағы «нысанасы» сен екенсің» [4,4 б.].

Өлеңдегі өткір мысқыл, ащы әжуа көздеген жерге дәл келіп, автор сынға алып отырған кейіпкердің сыр-сипатын, адами болмыс-бітімін аяусыз әшкерелейді. Ең болмаса, айуандағы жақсы қасиеттер бойынан табылмаған ол байқұстың мал кұрлы сиқы болмаса, тірі жүргеннен өлгені артық емес пе?! Осы алғашқы өлеңнен ақын Бауыржанның өткірлігі, айтса кесіп түсетін, тіке кетіп, бетке басып айтатын батылдығы танылып-ақ тұр.

Бауыржан Момышұлының екінші бір өлеңі «Омарбекке» деп аталады. Ақын бұл арада, ә дегеннен-ақ басты кейіпкерін ащы сынға алады:

Біздің елге сен келген мейман едің.  
Өр көкірек, икемсіз милау едің.  
Мына өлең әзіл болсын саған айтқан,  
Пайдалы қызмет жұртқа қылмап едің [5, 8-9 бб.].

Бұның өзіндік себебі де бар, өйткені кешегі ашаршылық жылдары Омарбек сияқты «Шаш ал десе бас алатындар» көп болған, халық ондайлардан көп зиян шеккен. Ақын өз ұлтының өз қандасынан көрген қорлығын езінің 1932 жылы жазған осы өлеңінде былай деп суреттейді:

Қой сойдық, қозы сойдық қонақ болсаң,  
Қазақта қонақ күту ежелден заң.  
Қолдағыны сыпырып алып кеттің,  
Енді келсең таппассың бір үзім нан [5, 8-9 бб.].

Ал ақынның «Қ-ға» деген өлеңі 1937 жылы жазықсыз кеткен 60 мыңнан астам қазақ зиялыларының тағдырына, халқының мүддесін сатқан екі жүзді безбүйректерге арналған. Бауыржан Момышұлы кейінгі ұрпаққа 1937 жылдың зобалаңшы кейпін екі-ақ шумақ өлеңмен былай деп жеткізеді:

Анадан ақымақ туған сен қарабет,  
Ғылымсыз, шала сауат сен бір нағлет.  
Бекер сені полковник еткен екен,  
Зербарақты жағаңнан садаға кет.  
Ми емес басыңдағы сары мақта,  
Ыржиып мәз боласың салтанатқа.  
Идиотқа арналған болса орның  
Сен қалай қол созасың махаббатқа? [5, 7 б.].

Ал, соғысқа дейін Бауыржан Момышұлы әртүрлі тақырыпқа арнап «Әскер аты», «Туған жер», «Сен туғанда қуанды, жұрт шалқыды» деген өлеңдерін жазған. Енді, осы шағын көлемді шығармалардың жазылу тарихы мен мән-мазмұнына тоқталып, олардың көркемдік қасиеттеріне көз салалық.

Ақынның алғашқы өлеңі - «Әскер аты» деп аталады. Мұны Бауыржан Момышұлының Абай атамыздың «Аттың сыны» өлеңіне еліктеп жазғаны байқалады.

Тік аяқ, бура сонды, құйма тұяқ,  
Кең маңдай, етсіз жақты, қамыс құлақ.  
Омыраулы, жібек жолды, сағақ мойын,  
Бұлшық етті, сауырсын, артық толмақ [5,17 б.].

- деп басталатын бұл өлеңін Бауыржан Момышұлы Сібірде әскери қызмет атқарып жүргенде ат өнерінен озып шығып, сыйлық алып көңілі шалқып тұрған шағында жазыпты.

Өлеңнің өлеңдік қасиеті туралы академик З. Ахметов былай деп түйеді: «Поэзиядағы, өлең-жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер әлде қандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан тұрады» [1, 7 б.]. Жоғарыдағы өлеңнен Бауыржан ақынның осы талаптардан шығуға деген талпынысын аңғарғандаймыз.

«Туған жер» өлеңі жас жігіттің өзі туып өскен өлкеге деген ыстық махаббатын байқатады. Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен орындап, туған жердің шетіне аяғы тиген жас ақынның жүрегі былай деп алып ұшады:

Туған жерім Мыңбұлақ, арналы Ақсай,  
Ішсем суы татиды шекер-балдай.  
Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа,  
Сенен артық, жер, шіркін, өтер қандай?!  
Көк орай шалғын, кең өлкем жерің дәнді,  
Жазың салқын, жайлауың малға жайлы,  
Сағынып алыс жерден келгенімде,  
Көзім тойып көркіңе мейірім қанды [5, 18 б.].

Осы өлеңдегі сезімнің қуатын көрнекті әдебиетші, сыншы З.Серікқалиевтің мына ойымен түйіндеуге болады деп ойлаймын: «Өзін толқытып, тебіrentкен әрбір құбылыс пен сәтті туған әрбір ойға табынып, жүрегі жарылғанша қуана білу; өз талантының, өз еңбегінің құдіретімен тапқан осынау қымбат, бағалы қазынасын ақыл таразасына салып, жүрегімен қорыта білу - шынайы ақынның бірден-бір қасиеті» [2, 56-57 бб.].

Ақынның соғысқа дейін жазылған өлеңдерінің бірі - «Сен туғанда қуанды, жұрт шалқыды» деген патриотизмге толы жыр шумақтары. Онда ұл туғанда анасының қалжа жегені, үлкендердің ер болсын деп бата бергені, сондықтан оның ел аузында аңыз болып қалуға тиістілігі, өлгенде қалың елдің қабырғасы қайысып, қара жердің күңіренуі керектігі жырланады. Қызық! Осынау жыр шумақтарында Бауыржан болашағын болжап білгендей әсер қалдырады.

Бауыржан Момышұлының ақындығының екінші кезеңі - Ұлы Отан соғысы жылдарында, етікпен су кешіп жүріп жазған Отан мен ел алдындағы қарапайым жауынгердің парызы, туған жер мен жарға деген махаббаты туралы өлең, терме, толғау дастандары дер едік.

Енді Бауыржан Момышұлының майдан шебінде жүріп, көрген-білгендерін көңіліне түйіп, жүректен өткізген өлең-жырларына назар аударып көрелік. «Серігім», «Жазушыға», «Қалыбек аға», - бұл үш өлеңнің барлығы да ақынның ішкі толғанысынан туындаған. Алғашқысы қан майданда ерлікпен қаза тапқан Махметқұл Исламқұловқа арналған болса, соңғыларында М. Әуезов, Қ.Сәтбаев, Н. Оңдасынов сияқты жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің қанды қырғын ішінде жүрген қазақ жауынгерлеріне рухани көмек болып отырғандығын жазады. Енді осылардың ішінен «Серігім» өлеңіне назар аударайық.

Келбетті, орта бойлы, өжет мінез,  
Кең маңдайлы ақылды, жайнаған көз.  
Әдепті хәм өнерлі, салтанатты,  
Сендей жігіт тым сирек ұшырар кез [5, 1-2 бб.].

- деп ақын алғашқы шумағында көркем жігіттің келісті келбетін суреттей отырып, оның әдемі портретін жасайды. Әр өлең жолдарында қаһарманның образын молынан қамтып, оның батырлығы мен тапқырылығын, өжеттілігі мен ерлігін паш етіп, соңғы екі шумағында ер жігіттің қазасына деген қайғысын былай білдіреді:

Үлгі, өнеге көрсетер,  
Ел серкесі болар деп,  
Ішімнен баға беруші ем.  
Серігім едің сенімді,  
Жауды бірге шабысқан.  
Жүрекке суық, жанға жат  
Есіттім хабар алыстан.  
Сыймай кеттің маңдайға,  
Қыршын, шейіт арыстан.  
Қазана қатты қайғырып,  
Жігер бауырым құм болып,  
Қабырғам менің қайысқан [5, 2 б.].

Бұл өлең - сұрапыл соғыс жылдары жолдастарынан айырылған кездегі жүректің қайғысынан жаралған жоқтау жыр еді. Өлең - қайғының емі, рухтың туы деген осы.

Өзінің ішкі сезімдері мен қуаныштарын, яғни рухани жан дүниесін Бауыржан Момышұлы осындай ақындық өнерімен де көрсете білген жан.

«Ел басына күн туса» атты кітабында Бауыржан Момышұлының басқаруымен жасалған бір жорық сәтті аяқталады. Бұл жорық жоғарыдан келген бұйрық болатын. Осы берілген тапсырманы орындар кездегі алдынан шыққан қиыншылықтары шығармасында қырғын соғыспен ғана бітіп қоймай, жеңілістің ащы уын жұтып, зор шығынға ұшырауы да мүмкін еді. «Комиссар екеуміз: «Осы жолы біздің полк не алты қыстақты алып, бұйрықты орындап мұратқа жетеді, не екеуміз бас болып, біріміз тірі құтылмай сүйегіміз осы жерде қалады, не болса да жігіттермен қатар көтердік», - деген келісімге келіп ажырастық» [1, 92 б.]. Міне, жауынгерлер алдында тұрған бұйрықтың оңайға соқпайтыны, өзінен бірнеше басым күшке жасалғалы жатқан шабуылдың ауырлығы осыдан-ақ сезіледі. Оны жәй сөзбен жеткізу де қиын. Осы сәтті академик-жазушы М. Әуезов былай береді: «Бұйырдың ба, ендеше күдікке де, қауіпке де кірдің... өрт құшағына кірдің. Шықсаң қайратың мен қимылың ғана алып шығады. Өлмек үшін баспайсың, өмір үшін жанталастың. Бауыржан үшін қазір осы жанталас бұған шейін бастан кешкен бар тайталастың ең ауыры еді» [1, 109 б.]. Трашкова бағытындағы бұйрық орындалды. Жаудың алты қыстағы да алынды. Б. Момышұлы бастаған қаһармандар азғана күшпен айла-тәсіл, ерекше жүректілік нәтижесінде жеңіске жетті. «Кешегі ой, түндегі қиял алда сағымдалған арман еді. Тап осы жолы ойдың, қиялдың, бұйрықтың сәті түсіп, бұлжытпай орындалуы таңданарлық нәрсе» [1, 96 б.] - деп, жазады Б.Момышұлы бұл туралы. Бұл бір жан тебінерлік сәт еді. Баукең тебіреніп тұр. Комиссар қасына келіп, бұйрығына күмәнданғанын айтып, осы сәтті шабуылдың жеңісі сіздің арқаңыз деп ақталып жатқан сәтінде Бауыржан Момышұлының:

«Мен істеді дегенше  
Мың істеді десеңші.  
Мың істеді дегенше  
Ер істеді десеңші.  
Ер істеді дегенше  
Ел істеді десеңші.  
Мен мыңдікі болмасам,  
Ер елдікі болмаса,  
Кім істеді дер едің»,

- деп, табан астында, суырып салып айтатыны осы тұс [3, 96 б.]. Бұл өлеңнің қадір-қасиетін ғалым З. Ахметовтың мына ойымен тұжырымдауға болады: «Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз әлгі ақындық, көркем ой сезімді жеткізудің құралы ғана» [1, 7 б.]. Дыбыстар үндестігі, риторикалық сұрақ-жауап, екпінді ырғақ, кешегі Махаңдар сарыны бәрі астаса келіп, өлеңдегі ерлік рухының айбынын асқақтатып тұр.

Бауыржан Момышұлының соғыс жылдарында жазған шығармаларының үлкен бір тобы терме, толғау, дастандар болып келеді. Оның әзірге халыққа белгілі төрт-бес ірі дүниелері бар. Алғашқысы осы сипаттағы «Тырнақтап жина әр жерден» деп аталатын термесі:

Еріккеннен жазылған  
Елге ермек бола алмас.  
Зеріккеннен жазылған  
Зерттеуге белгі бола алмас.  
Ылғи алтын іздеме,  
Қазына оған тола алмас.  
Сұлу сөзге құл болма,  
Зеректік онда көп болмас.  
Қол-аяғы болмаса,  
Орнынан адам тұра алмас.  
Қанатын жазып ұшқанмен,  
Құйрықсыз құс қона алмас.  
Талабы таудай болса да,  
Барлығын жалғыз бере алмас.

Тырнақтап жина әр жерден,  
Асылын елеп теріп ал.  
Көзге ілместен тастама,  
Кірпішсіз үй құра алмас [5, 20 б.].

Бауыржан Момышұлының осы бір бас-аяғы 18-ақ жолдан тұратын, айналасы жұп-жұмыр, әп-әдемі өлең жолдары оның шын мәнінде жасынан халық ауыз әдебиетінің тұнығынан сусындап өскенін байқататын жайлар.

Ал, ақынның ұсақты-ірілі 12 бөлімнен, 17 шумақтан, 212 жолдан тұратын, 7 буынды жыр үлгісімен жазылған «Досыма» атты өлеңі батырдың мектептес, майдандас, өмірлік досы, белгілі ғалым-журналист, аудармашы Құрманбек Сағындықовқа арналғаны белгілі. Бірақ, өлеңнің ішінде Құрекеңнің аты аталмаған.

Ақын соғыста жүрген кездегі өзінің толғантқан жан сырын досына ақтара отырып, ер жігіттің шын сыналар кезі енді келгендігін, адамның бойындағы асыл қасиеттің барлығы да ел басына ауыр күн туғанда сыналатындығын айта келіп, елде жатып алып майдан өмірін көзбен көргендей жазатын ақын-жазушыларға, қысылтаяң кезде қасыңнан табылмайтын ағайынға, адал махаббатын лайлап көрінгенге көз салған қалыңдыққа ренішін білдіреді:

Ағайыннан не пайда  
Адал еткен еңбекті  
Бағалап мақтан етпесе,  
Жат алдында көтеріп  
«Жақының» мынау демесе,  
Немесе  
Қалыңдықтан не пайда  
Қылымсып жылы күлгенмен,  
Құшақтап құшып сүйгенмен,  
Ыңырсып қылық еткенмен,  
Қырандай көзі шалмаса [5, 31 б.].

Осынау шағын жанрдағы дүниелер: өлең-жыр, енегелі өсиетке құрылған толғау-термелер, қанатты сөзбен өрнектелген ой-толғамдар, толғамнан танымға жол салған күнделік «жазбалар» мен мақалалар болашақ көлемді көркем шығармалардың бастау бұлағы, баспалдақ-басқышы болатын. Ол жолдағы ізденістің жемісті боларына күдік көп болғанмен, сенім нық еді. Осыдан қанаттаған Б.Момышұлы іргелі жанрларға қалам тартып, қалам қарымын байқай бастады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *1 Қазақтар*. - Алматы: Қазақстан даму институты, 2018. - Т. 2. - 523 б.
2. *2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы*. - Алматы: Санат, 1994. -448 б.
3. *Қалдыбаев М. Аруағына сиынам (Ақын Т.Абдрахманов шерткен сыр) // Қазақ батырлары*. - 2000 ж. - Тамыз.
4. *Қаратаев М. Эпостан эпопеяға*. - Алматы: Жазушы, 1969. - 444 б.
5. *Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог, Екінші басылым*. -Алматы: Жазушы, 1978. - 360 б.

ӘОК 81'37; 003; 81'22

Калиакпарова Р.М.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы  
[kaliakparova29@mail.ru](mailto:kaliakparova29@mail.ru)

Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

#### **КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ, СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

***Аңдатпа.*** Мақалада ұсынылған тұжырымдар, нәтижелер қазақ тіл біліміндегі лингвокогнитивтік, психолингвистикалық зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері мен ұстанымдарын нақтылай түсуге, айқындауға өз деңгейінде үлес қосады. С.Жүнісов шығармаларының концепт құрылымдарын анықтау арқылы лингвомәдениеттану, этнолингвистикалық білім негіздерін тереңдетуге ықпал етеді.

Қай халықтың болмасын тарихында қоғамдық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер болып тұратыны белгілі. Кез келген тіл басқа тілдермен қарым-қатынасқа түседі. Қай тілдің болсын сөздік қорына қоғамдағы түрлі тарихи оқиғалар өз әсерін тигізетіні анық жағдай. Тіл – үнемі өзгеріп, дамып, толығып отыратын қоғамдық құбылыс. Кез келген тілдің сөздік құрамының толғып кемелденуі ішкі мүмкіндіктерімен қатар, өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алуы арқылы да өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіруіне байланысты болады. Тарихтың белгілі бір кезеңінде халықтар арасында болған экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынастарды бір тілден екінші тілге ауысқан сөздердің кірме қабатынан байқауға болады. Қазақ тілінің сөздік құрамына түрлі жолдармен, заман ағымындағы өзгерістерге орай енген, дегенмен байырғы сөздік қорға жатпайтын сөздер тобы *кірме сөздер* деп аталады.

Жалпы *кірме сөздер* дегеніміз – әрбір тілдің өзіндік сөз тудыру тәсілмен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған сөздер. Яғни сөздің белгілі түр-тұрпаты мен мағынасы екеуі де өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер болып табылады. Б.Серебренниковтің пікірінше, кез келген тілде кірме сөздің пайда болуы қоғамдағы болған өзгерістер мен болып жатқан өзгерістерден хабар береді екен [3, 27-29]. Тілдің сөздік құрамын байыта түсетін лексикалық қабаттың қатарында кірме сөздердің алатын орны бөлек.

Қазақ халқы өзінің даму тарихында көптеген көрші елдермен үнемі тығыз қарым-қатынаста болған. Біздің еліміз тілдік қарым-қатынас жасауға өте ыңғайлы географиялық жерде орналасқан. Өз тарихы, тілі, дәстүрі, әдет-ғұрпы бар түрлі елдермен шектеседі. Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-біріне әсер ететін ықпалы әр түрлі деңгейде болады.

Тілімізге араб, парсы кірме сөздерінің енуі VIII-IX ғасырдан бергі уақыт пен XX ғасырда енген интернационалдық терминдер мен руссизмдер. қоғамдағы түрлі қарым-қатынастардың әсерінен енген араб, парсы сөздері туралы мәселені арнайы зерттеген Л.З.Рүстемов: «Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында түбірлес (түркі) тілдерге ортақ сөздер де, араб, парсы, монғол тілдерінен қосылған сөздер де, орыс, грек, латын т.б. тілдерден ауысқан элементтер де аз емес» [4, 4], – дейді.

Академик Р.Сыздықова: «... көп сөздердің түп-негізі араб-парсынікі болғанымен, халық тіліне сіңіп, қазақ лексикасының байлығына әлдеқашан айналған» [5, 154], – деп санайды.

Қазақ тілінің сөздік қорына талай тарихи кезеңдерде өзге тілдерден көп сөз ауысқанын көреміз. Шығыс халықтары тілдерінен сөздердің ауысу үдерісін ғалымдарымыз ислам дінінің келуімен, IV ғасырдан бастап керуен саудасы болғанымен және қоғамдық-саяси құбылыстармен байланыстырады. Қазіргі қазақ тіліндегі араб, иран, парсы сөздері көбіне қоғамдық-саяси өмір, мәдени-ағарту, оқу, тәрбие, ғылым, діни ұғымдар туралы болып келеді. Барлық енген сөздер қолданылуы барысында фонетикалық, морфологиялық өзгерістерге ұшыраған, қазақ тіл білімінде зерттеліп, анықталғанындай жалпыхалықтық тілге сіңіп, жымдасып, жігі білінбей кеткен.

С.Жүнісовтің де шығармаларында кірме сөздердің мынадай түрлері кездеседі:

1) араб, иран, парсы тілдерінен енген сөздер;

2) әкімшілік іс басқару, тұрмысқа, ғылым мен мәдениетке қатысты орыс сөздері.

Кірме сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздік қорына жаппай енгенімен, сөздік қордағы қазақтың төл сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болған байырғы туынды сөздер көптеп табылады. Олар сөздік құрамға сіңісіп кеткендігі соншалық, тіпті кірме сөз екенін айырудың өзі біраз қиындық тудыратындары да бар. Бұл сөздер өзінің кірмелігіне қарамай, ұзақ өмір сүріп, сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған.

С.Жүнісов шығармаларында төл сөздермен қатар кірме сөздерді де тіл байлығының жетіспегендігінен емес, әр түрлі стильдік мақсатта немесе эмоционалды-экспрессивті сөздер ретінде қолданған. Мысалы:

Ә л и х а н. *Шарыш баһадүр жарлық шығарсын дейді* (Сабалақ Абылай – Хан Абылай, 22-б.);

М и л л е р. *Түсінбедім, алдияр тақсыр, ол қандай талап?* (Сабалақ Абылай – Хан Абылай, 51-б.);

Қ а л м а қ. *Ұлы қоңтайшыдан хабар келді елге дейін жаяу айдағанға жарайтындарын құлақжесті құл етіңдер, жарамайтындарын бастарын кесіп, құлақтарын жіпке тізіңдер депті* (Сабалақ Абылай – Хан Абылай, 14-б.);

*Қоңтайшы* – бас әмірші, хан. Жоңғар жұртының әкімшілік жүйесіне қатысты сөз [6, 182].

В о е н к о м. *Кеткеннен хабарсыз көрінеді. Өлі ме, тірі ме, ол арасы бималұм* (Жаралы гүлдер, 227-б.).

Жазушы С.Жүнісов қолданысында араб, иран, парсы тілдерінен енген сөздердің көбі дін мен оның түрлі ритуалдарына байланысты болып келеді. Халқымыздың ғасырлар бойғы тарихында ислам дінінің сіңісті болғанына көп уақыт өткені мәлім, соған орай, тіліміздегі ислам дініне қатысты сөздердің молырақ ұшырауын заңды деп түсінеміз. Бүгінге дейін тек қолданыс тілінде ғана емес, сонымен бір қатарда көркем әдебиет тілінде де араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер көптеп қолданылады.

XIX ғасыр ақындары Дулат, Шортанбай, Мұрат поэзиясындағы араб, иран тілінен кірген сөздерді зерттеген Н.Мансұров былай дейді: «Дулат ақын шығармаларынан *шаһар-шәһәр-шәр* варианттарын кездестіреміз. Иран тілінде *шәһәр* – қала, ел, мемлекет деген ұғымды білдіреді. Тілімізде ол көбіне қала мағынасында жұмсалады... Кірме сөздер түп нұсқасында *шәһәр* қолданылса, кейбірі қазақи қалыпта енген үлгісі екенін аңғартады *шәрі*. Ал *шаһар* нұсқасы кірме элементтердің жуан дауысты дыбыспен келген көрінісі» [7, 24].

Ал С.Жүнісов шығармаларында *шәһәр* сөзі қазақи қалыптағы үлгісі түрінде де және жуан дауысты дыбыспен де келеді. Кейіпкерлердің жас ерекшелігіне қарай экспрессивті мәнді сөз лайықты алынған:

Б ө п і ш. *Ақмола дегенің адам айтқысыз үлкен шәр екен зой. Тек қолың қимылдап кетсе алақаның сөлкебайға толып шыға келеді...* (Ажар мен Ажал, 77-б.).

К ө с е. *Бар қолдан келетіні – аман-есен шәрға жеткізіп салу* (Ажар мен Ажал, 102-б.).

Ә л и м а. *Шинсин қаласына баратынымызды, Аманайым әлі мектеп жүзін көрген жоқ, онға келгенде биыл оқуға беретінімді – ақ әжемді де тамаша шаһарға ала кететінімді – бәрін-бәрін айтып кеңесетінбіз. Шинсин деген «төбе басындағы кент екен», жердің жұмағы дейді* (Төгілген қандар, 339-б.).

*Шаһар* сөзінің экспрессивті бояуы, көркемділігі жоғарыдағы сөйлемдерде анық байқалады. Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке қолданылуы мағынаға нұқсан келтірмейді, бір мағында қолданылған бір сөздің түрлі варианттары болып саналады.

Жазушы шығармаларында араб, парсы тілдерінен енген сөздерді сол тілдердегі негізгі тұлғаларын сақтап қолданған тұстары да кездеседі. Мәселен, *уағда, гұмыр, гарып* т.б. сөздері: *Әй, Қарауылқожа, ал келдік уағда бойынша, не айтпақшы едің, тілің байланып қалған ба?! (Махамбеттің өкінішпен өте шыққан өмірі-ай! 18-б.); Қалғандарыңа гұмыр берсін! (Ажар мен Ажал, 64-б.); Қарағым-ай, сен де бір құдай тағала аямаған жан екенсің, тым құрмаса өзің аяушылықты білсең етті, біз өзіңдей жарымжан гарыппыз зой* (Ажар мен Ажал, 67-б.).

Кірме сөздерде бір мағында қолданылған бір сөздің бірнеше варианттары кездесе береді. Мәселен, С.Жүнісовтің қолданысындағы *фәни* сөзіне тоқталайық: *Біз келсек, Сәлімгерей марқұмның өліміне қан жұтып, қара жамылып, шаһит болған бейкүнә фәндәні фәни жалғаннан бақи дүниеге соңғы рет аттандырып салуға келдік* (Төгілген қандар, шашылған жандар, 356-б.).

Діни ұғымда қолданылған *фәнидің* мағынасы – алдамшы, тұрағы жоқ. Бұл дүние алдамшы, жалған, өткініші деген ұғымнан пайда болған. Тілімізде *фәни* сөзінің синонимі ретінде жалған сөзі де қатар қолданылады. Сондай-ақ *пәнидің жүзі* деген тіркес те қолданылады, «пәни» деген о баста *құбылмалы, өзгермелі, опасыз* деген мағынада айтылған. Ал қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бұл тіркеске «өзгермелі, құбылмалы, опасыз» деген түсінік берілген. Тілімізде *фәни – пәни* сөздері бір ұғымда қолданылған фонетикалық вариант (нұсқа).

*Сұбхан алла* тұрақты тіркесі тілімізде өте сирек кездеседі. *Сұбхан* араб тілінде *сахаба* етістігі, араб тілінде *жүзу* мағынасын берсе, екінші баб үлгісі бойынша *саббаха* мақтау, мадақтау мағынасында, екінші бабтың масдары, яғни іс-қимыл атау ұғымында *субханун* – мақтау, мадақтау, *субхан аллаһу* – аллаға мақтау мағынасында қолданылады. Құран Кәрімде *Сұбхан Алла* тіркесі жеті рет қолданылады. Оның бесеуінде Аллаға мақтаулар мен мадақтау, Алланың ұлылығын сипаттау болса, біреуінде таңырқау, біреуінде тәубеге келу мағынасында айтылады [7, 21].

С.Жүнісов өз қолданысында *сұбхан алла* тіркесін араб тіліндегі таңырқау мағынасында қолданылғанын көреміз:

Т а м ы р ш ы. *Сұбхан алла! Не дейсің? О заманда бұ заман, әйелдің кісі өлтіргенін естіп отырғаным осы. О, кәфрстан!* (Ажар мен Ажал, 97-б.).

Сол сияқты *кафир* сөзінің де *кәпір, капыр* варианттарының қолданылатынын айтуға болады. Қолданыстағы «кафрстан» таң қалу мағынасында жұмсалған. Кейіпкер тіліндегі осы сөз арқылы сөйлемге эмоционалды әрі экспрессивті реңкті басым беріп тұр.

«Тілімізде араб тілінен енген *харам* және *арам* сөздері бар. *Харам* сөзі негізінде шарифат үкімдеріне қайшы келетін, яғни тыйым салынған, күнә амал жасалған ретте қолданылады. Ал арам сөзі пайдасыз, қажетсіз, көбіне сұм, қара ниетті ұғымында қолданылады. Мысалы, «Харам

ниет емес, арам ниет» [7, 15]. Харам мен арам сөздерінің қолданылу аясы әр түрлі болып келеді. С.Жүнісов қолданысында мынадай нұсқада берілген: *Басқан ізің харам сенің, харам! Батыр қараңды бұл ауылдан!* (Ажар мен Ажал, 100-б.). *Шырағым-ау, ол не қылмыс? Отыз жылғы еңбегім қарамға шықпақ па, не айтып тұрсың?!* (Қызым, саған айтам... 128-б.). Харам, қарам сөздері фонетикалық айырмашылықтарымен қолданылған.

Жазушы шығармаларында ислам дініне байланысты сөздер молынан ұшырайды: *зекет* (*зекетің кетейін*), *бісмиллә*, *стагтиралла*, *шаһит* (*шейіт*), *тоба* (*тәубе*, *тәубә*), *аллаһ акбар*, *аумин* т.б.

Кірме сөздердің кейбіреулері ғана белгілі бір стильдік мақсатта қолданылғаны болмаса, көбі қазақ тілінің тілдік құрамына еніп кеткен, тіпті кірме екені білінбейтін сөздер болып табылады. Жоғарыда келтірілген кірме сөздердің қазақ тіліне бейімделіп, өзгеріске ұшырап дыбысталуы жүздеген жылдың жемісі.

С.Жүнісов «төгілген қандар, шашылған жандар» драмасында қытай қазақтарының тілінде айтылатын кейбір кірме сөздерді қолданған: ... *Хаң деп аталатын жер астында дінхұла дейтін газ болады екен.. Кешке хаңның басшылары ағаулыттар келіп, енді дінхұла басылмайды деп шахтының аузын о-дәрімен жарып, аспанға атқан таудай топырақ үйіндісімен жаба салды* (Төгілген қандар, шашылған жандар, 372-б.).

Ағаулыт (ағаұлт) деп Шынжаң қазақтары қытайлықтарды атайды (С.Жүнісов).

*Е, ол өзіміздің пайжүсір Бақты ғой. Пайжүсір* – Қытайдағы учаскелік милиционер (С.Жүнісов). Осы секілді сөздер суреттеліп отырған сол кезеңдегі өмір шындығын танытуда үлкен рөл атқарады. Әрі автор осындай сөздерді кейіпкер аузына салу арқылы кейіпкер бейнесін аша түседі. Кейіпкерлер тіліндегі бұл сөздер стильдік жүк арқалап тұр.

Ал орыс тілінен енген сөздердің біразы қазақ тілінің өз заңдылығына сәйкес фонетикалық жағынан азды-көпті өзгеріске ұшырап, кейбірі орыс тіліндегі дыбысталу түрін сақтап, бастапқы қалпында қолданылады.

Жинаған материалдарға сүйенсек, С.Жүнісовтің де шығармаларында орыс тіліндегі сөздердің қолданысы әр түрлі болып келетіндігін байқадық. Оларды қолданылу аясы мен стильдік қызметіне қарай былайша топтастырдық:

- 1) қазақ сөздерімен араластырыла қолданылған орыс сөздері;
- 2) таза орыс тілінде алынған тілдік қолданыстар;
- 3) орыс тілі арқылы енген кірме сөздер.

Қаламгердің ұтымды қолданған көркем әдісінің бірі – ауызекі сөйлеуде қолданылатын орыс сөздері. Сол кезеңдегі ауыл қазақтарының орыс сөздерін айтудағы үлгісін көрсетеді. Орыс сөздері әр түрлі әлеуметтік топқа жататын кейіпкер тілінде ұшырасады және қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына икемделген үлгісінде қолданылып беріледі: *Сендерге не дәлел, не пәкті керек? Ал кәмесия мүшелері, тыңдаңдар, тағы да қайталайын* (Махамбеттің өкінішпен өте шыққан өмірі-ай! 11-б.); *Қуатит енді!* (Жаралы гүлдер, 198-б.); *Нишауа, пойдом!* (Қысылғаннан қыз болдық, 323-б.); *Көзінің ақауы бар еді, дәктірге қаратқан ғой* (Қос анар, 304-б.);

Орыс есімдерін «қазақшалап», қазақтар аузынан былай айтқызады: *Галашоқын ба? Галашоқынның мұсылман баласына бүйрегі де бұлқ етпейді* (Төгілген қандар, шашылған жандар, 346-б.); *Бақытты заманды, Стәлінді жырлағаным халқыма, ұрпаққа жетсе де, Стәліннің құлағына жетпей қойды* (Жамбылдың даңғыл, тарғыл жолдары, 146-б.). Яғни жазушы орыс тілінен енген сөздердің стильдік жүгін арттыру мақсатында осындай тәсілді қолданған.

Жазушы шығармаларындағы орыс сөздерінің берілу сипатын шартты түрде былайша бөлдік:

1. Кейіпкердің тұрмыс деңгейін, кәсібін аңғартатын сөздер: *шенеуніктер*, *аристократтар*, *участковый*, *«слушаюсь»*, *«начальнигің»*, *кандидат наук*, *бывший*, *элитный*, *«өнберстетте сабақ берген оқымысты адам»* т.б. өмір шындығын шынайы суреттеу үшін бұл сөздер қажетті тілдік қолданыстан туған.

2. Ана тілін білуге мән бермей, үйренуге құлық қоймайтындар арамызда жоқ емес. Кейіпкер аузына орыс сөздерін салу арқылы жастар арасындағы тіл шұбарлаудың жиі кездесетіндігін және варваризмнің сол уақыттағы адамдардың тіліне тән екендігін даралап көрсету мақсатында: *«это же целая церемония»*, *«дауыстарын естісе, стенаны ұрады»*, *«әйтпесе ноль дваға звонить етеді»*, *«от, дает, апайка, дұрыс айтасыз, кайфуем, апайка!»*, *«Атымтай дедушкаңды, Балзия бабушкаңды ешкім знаят не знает»* т.б.

Жасыратыны жоқ, біздің арамызда орыс сөздері мен қазақ сөздерін араластырып, қойыртпақтап сөйлейтіндер баршылық. Мұндай тіл шұбарлау – қоғамымыздың «сырқаты». Тілді

шұбарлап сөйлеудің түрлі себептері бар, сөйлеушінің өз сөзіне мән бермей, әдеті болып кетуі болса, енді бір жағдайларда оның сөздік қорының аздығы, тілінің жұтандығы себеп болып жатады.

Жазушы кейіпкерлердің тіліндегі варваризмдерді белгілі бір стильдік мақсатпен қолданған. «Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макаронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріп, оның образын жасауға көмектеседі. Көркем шығарманың «көркемдік» шарттарының бірі де осында. Бұл шарт – тәсіл, стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы – жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады [6, 38].

Кейіпкерлер тіліндегі орыс сөздерінің ретсіз болмаса дыбысталуын өзгертіп қолданылуы бүгінгі ауызекі сөйлеу тіліндегі сөз мәдениетінің жағымсыз бір қырын көрсетеді.

3. Қоғамдағы саяси, тарихи оқиғаларға байланысты жұмсалған орыс сөздері: «ұлы жүз депутациясы», «император», «Еміл Пугачовқа», «Нова-Ишим линиясындағы бекініс» т.б. Осы секілді орыс сөздерінің мол қолданысынан қазақ даласын патшалық басқару жүйесінің тереңдеп келе жатқан тамырын көрсетуге байланысты екенін байқаймыз.

4. Соғыс техникасының атаулары және әскери өмірді суреттеу үшін де қолданады: «траншея» «снаряд», «танк», «немістің тигрі», «пулемет», «браунинг», «штуцер» т.б.

5. Өркениеттік өзгерістерді көрсету үшін: «млица», «учитель», «зәрпілет алдым», «шығарындар балнистен», «бәлшейбектер бел алды», «пашес сұмырайлар» т.б. тек стильдік мақсатта емес, белгілі бір кезең шындығын суреттеу мақсатында қолданылған.

6. Кейіпкердің мінез-құлқын беру мақсатында жұмсалады: «Қуатит, алтысқа дейін істедім...», «Собес қағаздарымды түгел реттеген, соған тездетіп қол қой, исполкомның решениесі керек дейді», «Оның әгінт емесін қайдан білесің?» т.б.

7. Күнделікті тұрмыс, зат, құбылыс атаулары болып келеді: «Барлық жерде өшірет», «Бұл пальтоның әдірісі, апа» т.б.

8. Әр түрлі мәндегі жаргон сөздер: «кейбір адамдардың осындай хоббиі болады», «бич бола бастадық», «бомжса айналмай тұрғанда», «братан... ренжімеңіз», «мелтондардың ішіп жүргендеріне күлетін ек» т.б.

Сонымен, қаламгер қолданысында орыс тіліндегі сөздер екі тәсілмен берілген:

1. Сөздердің дыбысталу түрін сақтап, еш өзгеріссіз сол қалпында қолданылуы: «телохранитель ертіп берер деймісің», «бір упражненииені аудартты» т.б.

2. Кейіпкер аузымен өзгеріске ұшырап қолданылуы.

Жазушы шығармаларындағы кірме сөздер өркениетті өзгерістерді көрсету мақсатында алынған, қоғамдағы адам келбетін танытады. Шығыс тілдерінен енген сөздер көбіне діни нанымдағы әдет-ғұрыпқа байланысты болып келеді. Орыс сөздері ғылым мен техниканың дамуына, сондай-ақ қазақ арасына орыс тілі ықпалының ерекше екендігін таныту мақсатында қолданылған. Кейіпкерлерін өзінің алған тәрбиесі мен білім дәрежесіне, өскен ортасына қарай сөйлетіп отырған. Кезінде қазақ ауылдарында орыс мектептері ашылып, қазақ мектептері санының азайғаны бәрімізге белгілі. Қоғамдағы осы құбылыс біздің әдебиетімізге және әдеби тілімізге кері ықпалын тигізгені белгілі жайт. Жазушы С.Жүнісов шығармаларында суреттеліп отырған өз заманына лайық, сол кезеңдегі қазақ өмірінің тұрмыс қажетіне, әкімшілік басқару ісіне қатысты кірме сөздерді қолданды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, Алматы. – 2001. № 4. – 39-43-б.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Философия / Жалпы ред. басқарған э.ғ.д., проф. Арын Е. – Павлодар: «ЭКО» ФОФ, 2006. – 400 б.
3. Серебренников Б.А. Роль человеческого фактора в языке. Язык и мышление. – М., 1989. – 85с.
4. Рүстемов Л. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. – 320 б.
6. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.



Камитова З.Р.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы  
[kamitovaz@mail.ru](mailto:kamitovaz@mail.ru)

Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

### ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕР АРҚЫЛЫ КҮРДЕЛЕНУІ

*Аңдатпа.* Мақалада жай сөйлемдердің бірыңғай мүшелер арқылы күрделенуі. Негізінен біздің бұрыннан оқып жүргеніміз сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Ол туралы айта кету дұрыс шығар деп ойлаймыз.

Тіліміздегі кейбір сөздер бірін бірі айқындап, анықтап отыратыны сияқты кей уақыттарда бүтіндей сөйлем құрылыстары да мазмұны жағынан өзін дәлелдей, нақтылай түсуді қажет етіп отырады. Сөйлем дегеніміздің өзі айтушының түрлі көзқарасын білдірсе, мұндай жағдайларда бас мүшелер мен тұрлаусыз мүшелердің өз бойына сыя бермейді. Осындай жағдайда сол сөйлемде оңашаланған мүшелі сөздер немесе сөйлемдер қабаттастырыла айтылып, негізгі хабарланған ойдың мазмұнын әр түрлі жақтардан толықтырып отырады. Осыдан барып сөйлемнің құрылысы да күрделенеді, ой білдіру мазмұны да күрделене түседі. Бұл ретте сөйлемді күрделендіріп тұратындар – оңашаланған мүшелер мен түрліше оқшау сөйлемдер. Сонымен қатар бірыңғай мүшелі сөздер де күрделенген сөйлемдердің басты элементтерінің бірі болып табылады. Осы аталған конструкциялық топтар сөйлем ішінде біріге, қосақтала айтылып, ой желісінің мазмұнын одан сайын толығырақ ашып отырады.

Жай сөйлемдердің бірыңғай мүшелер арқылы күрделенуі. Негізінен біздің бұрыннан оқып жүргеніміз сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Ол туралы айта кету дұрыс шығар деп ойлаймыз. Яғни, сөйлемдегі мүшелік қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей және бәрі бір ғана ортақ мүшемен байланысатын сөздер бірыңғай мүше болады. Мысалы: *Сен ат шалдырмаған шат пен шатқал, қылта мен қуыс, жайдақ пен терең, құм мен шалғын кем де кем.* (А. С.). Бірыңғай мүшелер тұлғалас болып келіп, өзара салалас, бірде жалғаулықтар арқылы, бірде жалғаулықсыз дауыс ырғағымен байланысып, бір ғана мүшеге қатысты болады. Жалғаулықсыз байланысқанда араларына нүкте қойылады. [1,110]. Бірыңғай мүшенің арасын жалғастыратын жалғаулықтар негізінен үш түрлі болып келеді. Олар:

А) *Ыңғайластық жалғаулықтар*: да, де, та, те, әрі, және, мен, бен, пен.

Ә) *Кезектес жалғаулықтар*: бірде, біресе, кейде, бір.

Б) *талғаулықты жалғаулықтар*: не, немесе, я, әлде, не болмаса.

Сөйлемде бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, барлық бірыңғай мүшенің ортақ жинақтау аты есебінде айтылатын сөздер болады. Олар жалпылауыш сөздер деп аталады. Жалпылауыш сөз сілтеу, жалпылау есімдіктері мен жинақтау сан есімі, зат есімдерінен болады. [2,66]. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, одан кейін қос нүкте, бірыңғай мүшеден кейін келсе, алдынан сызықша қойылады. Мысалы: *Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, еттілік, қырмызылық, сыпайылық - бәрі соларда.* (А.). [3, 118 - 119]. Бірыңғай мүшелерді жинақтау мақсатында бәрі, барлығы да, осының бәрі деген сияқты сөздер жиі қолданылады. Мысалы: *Келесі шаруа, күнделік қам, ас, дүние, мал – мүлік дегеннің бәрі ескерусіз, елеусіз қалды.* (М. Ә.).

Бірыңғай мүшелі сөйлемдер дегенімізде бұрыннан айтылып жүрген белгілі жайттарды сөз қылмаймыз. Осыған орай да бір сөйлем ішіндегі жұптаса қолданылған бірыңғай мүшелер (мен кітап оқыдым, жаздым, дем алдым тәріздес) талданылмайды. Біздің әңгіме етейін деп отырғанымыз – ой білдіру жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын кей уақытта құрмалас сөйлем моделімен астарласып жататын бірыңғай түрдегі синтаксистік конструкциялар. Осы реттен де біз талдағалы отырған объектімізді «сөйлемнің бірыңғай мүшелері» демей, «бірыңғай мүшелі сөйлемдер» деп атап отырмыз. Бұлайша екі түрлі атаудың өзіндік айырмашылығы бар. Алғашқысы сөйлем ішіндегі жеке сөздердің біркелкі тұлғада бірыңғай жұмсалуды аңғартса, соңғысы – сөйлемдегі сөйлем мүшелерінің бірыңғай күрделенуін байқатады. Сөйлем мүшелерінің бұлайша күрделеніп бірыңғай түрде қолданылуы сөйлемнің синтаксистік құрылысына белгілі дәрежеде болса да әсер етпей қоймайды. Ондай әсер сөйлемдегі жеке синтаксистік бөлшектердің құрылысы мен жалпы сөйлемнің грамматикалық жаратылысынан

айқын байқалып тұрады. [4,108]. Мәселен, мына бір тәріздес сөйлемдердің құрылысы осыны аңғартқандай. *Мысал: Ал шешем орысқа күйеуге шыққанымен, көп жыл қазақ арасында тұрғанымен, біраз жағдайда өзбек салтын қолданатын. (С. М.).*

Сөйлемде хабарланған бірыңғай қимылдардың осылайша бір грамматикалық бастауыштың төңірегінде жинақталуы, қазірде қазақ тіл білімінде танылып жүргендей, сабақтас құрмалас болып ұғынылмай, күрделенген сөйлемнің бірыңғай мүшелі түрін аңғартады. Осы тектес сөйлемдердің табиғатын тани білуде әрбір компоненттегі бастауыш – баяндауыштық негіз шешуші критерийге алынбай, көбінесе баяндауыш сөздерінің қолданысы есепке алынады. Осыдан келіп жоғарыдағы сөйлем қарсылықты бағыныңқыға жатқызылып жүр. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер мен сабақтас құрмаластың ара жақындығының өзі де осыдан келіп шығады. Сондықтан да мұндай тұлғалас ұқсастықтарды бір – бірінен өзара саралай қарауымыз керек. Бірыңғай мүшелі сөйлемдердің күрделенген сөйлемдердің қатарында қаралуының өзіндік тарихы бар. Бұл тарих жалпы тіл білімінде осы конструкцияға байланысты орын алған жайлармен тығыз астарласып жатыр. Сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелердің бір – бірімен өзара байланысу, іргелесу (жалғаулықсыз), сонымен қатар жалғаулық арқылы да бола береді. Сондықтан да әрқайсысының әр түрлі қарап жатпай – ақ, бір синтаксистік категорияның екі түрлі амалы ретінде түсінген жөн. Мұндай амалдар бірыңғай мүшелердің үйлесе жұмсалыуында өз орындарына лайық қолданыла береді. Сөйлемнің қай мүшелері болса да бірыңғай түрде жұмсала береді. Алайда, осылардың ішінен құрмалас сөйлем категориясымен кейде жақындасып, астарласып кетуінде әсіресе бірыңғай баяндауышты икем келіп тұрады. Сондықтан бірыңғай мүшелі сөйлемдегі талдауымызда осы бірыңғай баяндауышты жолын негізгі объектімізге алатын боламыз. Өйткені осындай конструкцияда келген сөйлемдер бір бастауышқа ортақтасып, негізгі қимыл иесінің әр түрлі амалдық сипатын білдіре жұмсалады. Ал ортақ бастауышты осындай сөйлемдердің қайсыбіреулері қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін біреулерімен жай сөйлем, ал енді біреулерімен құрмаластың төңірегінде танылып жүргені белгілі. Сөйлемнің осы түрінде оның бірыңғай баяндауыштары тиянақты және тиянақсыз тұлғада келіп отырады. Алғашқысында салалас құрмаластың кейбір заңдылықтары байқалса, соңғысында сабақтас сөйлемнің модельдік ұқсастықтарының нышаны білінеді. Мына бір сөйлемнің құрылысына назар аударалық: *Мысалы: Инженер Рахмет үйіне келіп төсекке отырды. Ойланды, мойнын төмен түсірді, бір уақытта басын көтеріп алды. (С. Ерубәев.).*

Екінші сөйлемді салалас құрмалас деп танушылар да жоқ емес. Шындығында бұл сөйлем – бірыңғай баяндауышты жай сөйлем. Әрбір синтаксистік бөлшектердің баяндауыштары бір грамматикалық бастауыштың (Рахмет) мазмұнын әр түрлі қырынан көрсетіп тұр. Осындай сөйлемдердің өзаралық қатынасы баяндауыштардың бірыңғай тұлғада ыңғайласа айтылуы немесе жалғаулықтар арқылы байланыса жұмсалады. *Үйге келсе Мұратын ермек етеді, оның тілін қызық көреді, ертеке айтып береді, ойнатады. (Т. Ахтанов.).*

Бірыңғай мүшелер байланысу тәсіліне қарай екіге бөлінеді. Оның бірі - интонация арқылы байланысуы. Негізінен, бірыңғай мүшелердің салаласа байланысуы екі тәсіл – интонация және жалғаулық арқылы жүзеге асады. Интонация санамалы түрде, кезектесе кішкене пауза жасаумен атқарылады. [5,228]. Мәселен: *Мақсат – қазақ тілінде қатесіз сөйлеу, қатесіз жазу. (Газеттен). Бұларды кеш мұнары, күн тұманы алдап қана жұбатқандай болды.; мынаның бәрі қайта – қайта бұлақ, өзен, өлке боп, шалғынды, тоңашалы, балқаш боп кетті.; Әлі күнге тың, ширақ басып келе жатқан құла жирен атын Абай алдыңғы екеуінің артына тақау бастырып, ілестіріп, қатты бір мең – зеңде келеді екен.; Жер дүние қорасымен, аттарымен Абайдың көз алдында шыр айналып бара жатқандай. (М. Ә).*

Екіншісі бірыңғай мүшелердің жалғаулықтар арқылы байланысады. Мәселен: *Бұл дүниеде аспан деген, жер деген, тас – су деген, өлке – жота деген, айырма да бітім жаратылыс та жоқ сияқты; Оның күнгейі мен күншығыс жағында келе жатсақ, біз ақ отты адырмен, тасты төбелермен, я болмаса тегіс сары жотамен жүрсек керек еді; Көбінің жүзі ақшыл, не қызғылт сарғыш; Абайға бүгінгі күндердегі қуаныш пен жұбануыштың ең зоры осы. (М. Ә.).*

Бірыңғай мүшелі сөйлемдер синтаксистік оралымдармен берілгенде, олардың баяндауыштары көсемше, есімше, шартты рай тұлғалары арқылы жасалып отырады. Әдеби тілімізде ондай баяндауыштарды бірыңғай мүшелі сөйлемдерден көбінесе олардың – п, - ма + й және - са формантты түрлері жиі қолданылады.

-п тұлғалы бірыңғай мүшелі сөйлемдер: *мысал: Содан кейін Қырымұлы тез арада Нұра бойындағы болыстың орталығына түнделетіп келіп, сол келген бетінде Болатқомдегі орынбасар Әбділдә мен хатшысы Мияшты, Танабайды және бір – екі кісіні тұтқындап,*

конвоймен тиісті орнына жіберді.(С. С.); Арышы кісі қайтерін білмей бірсыпыра тұрып, бір кезде бөркін қолтығына қысып, столға жақындай түсіп, арызын ұсынды. (Б. М.). Осымен, жолаушылар тағы да Шәкеге бастатып, атқа мінбек болғанда, бағана тынған жел тағы да қайтадан лезде көтеріліп, зуылдап, шулап, ызың салды. (М. Ә).

Бірыңғай мүшелі сөйлемдегі көсемшенің осындай баяндауышты түрлері кейде жалғаулық не болмаса кезектестік мәніндегі сөздерімен де байланыса жұмсалады. Мысал: *Ой түйдектеліп, сағымдай көшіп, біресе қабағын түйгізіп тұнжыратып, біресе бұлттан шыққан күндей жадыратып минутында мың құлтыртты...*(Б. М.); *Біресе кең ашылған үлкен шұғылалы сұрғылт көздері, бір сәт қып – қызыл еріндері немесе сыңғырлап күлген сылдыраған үні мен бірлі – жарым тіл қатқан сөздері құлағына келгендей болады.* (М. Ә.). Екінші сөйлемде кезектестік мәндегі сөзбен келіп тұрған бастауышты түрлері. *Ыбыш әкесінің сөзінен кейін ойға қалып, біресе ашуланып, біресе сұрланып қайтадан тысқа шықты.* Ал бұл, үшінші сөйлемде кезектестік мәндегі сөздермен келіп тұрған пысықтауышты түрлері.

- ма + й тұлғалы бірыңғай мүшелі сөйлемдер: Мысалы, *Қолын қатты тигізбей, Кірлі көйлек кигізбей, Іісін жұпар аңқытты* (Ы. Алтынсарин); *Осындай ой шытырманьынан шыға алмай, өмір сырының мән – мағынасын алуан қат – қабаттарымен ұға алмай, мең – зең боп отырып қалған еді Мәдина.* (Д. Ә.).

Шартты рай тұлғалы бірыңғай мүшелі сөйлемдер: Мысалы: *Елге барса, абысын – ажындарымен сөйлессе, қаланың қызығын Раушан бір жылда айтып бітіре алмасты...*(Б. М.).

Сонымен, жоғарыда талдаған сөйлемдеріміз сыртқы құрылысы жағынан кейде құрмаластардың табиғатымен астарласып жатқандығымен, олар бас мүшелердің негізінде өзара ажыратылып отырады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдер бір грамматикалық бастауыштың негізінде құралады. Алайда осы бір заңдылық кейде ескеріле бермегендіктен, осындай сөйлемдер кейбір еңбектерде құрмалас сөйлемдердің қатарынан танылып қалады. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерге қатысты осындай түсінік әсіресе революцияға дейінгі еңбектерден орын алған болатын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әміров Р. С. *Жай сөйлем синтаксисі.* – Алматы: «Мектеп», 1983. – 166 б.
2. *Қазақ грамматикасы.* – Астана, 2006. – 784 б.
3. Рахымберлина. *Қазақ тілі.* – Қарағанды, «ҚарМУ», 2006. – 170 б.
4. Хасенов Ә. *Тіл білімі.* – Алматы: «Санат», 2003. – 415 б.
5. Аханов К. *Тіл білімінің негіздері.* – Алматы, 2002. – 664 б.

ӨОК 398:801.6;

Коптлеева А.Т.

«Volashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының

2 курс магистранты, Қарағанды қаласы

[Aida.koptleeva@mail.ru](mailto:Aida.koptleeva@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ

қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, фил.ғыл. докторы Абдуов М.И.

### **СӨЗ ӨНЕРİNДЕГІ МИФОЛОГИЗМ МӘСЕЛЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада жазушының көркем прозасындағы мифологизм мәселесін ғылыми тұрғыда қарастыру, “Қар қызы”, “Атау кере”, “Жетім бота”, “Сайтан көпір” повестерінің ерекшелік сипатын, ондағы көркемдік тәсілдерді осы мифологизм бағытында талдап, сипаттау басты нысанаға алынды. Еңбектің өзектілігі осы О.Бөкей прозасын негізге ала отырып, қазақ әдебиетіндегі мифологизм мәселесін саралауымен сипатталады. Бұл орайда жалпы миф пен әдебиеттегі мифологизм туралы теориялық, зерттеу еңбектері басшылыққа алынды.

Миф, мифология туралы әлемдік деңгейде жан-жақты ізденістер жүргізіліп, пікірлер айтылып келді. Солардың кейбіреулеріне тоқталайық.

“Мектеп түсінігінде миф дегеніміз – адам және оның пайда болуы, ғаламның жаратылуы туралы антикалық, библиялық көне ертегілер” (1, 11).

“Мифология - барлық халықта өткен адамзат сана-сезімінің алғашқы тарихи формасы... Тұрпайы көзқарас ықпалынан өту кезеңінде ғылым адамзат дүниесіне мифология деп аталатын

ауқымды, әрі жан-жақты құбылысты алып келді. Бұл – әлем халықтарына түгел қатысты адамзат санасының өте ерекше қабаты. Бұл қабат қазақ халқының рухани мұрасында ерекше байқалады. Оның іздері фольклорда, ескі аңыз-әңгімелерде, тілде сақталған” (2, 9). Қазақ фольклорындағы миф жанры туралы ғалым С.Қасқабасов алғаш сөз қозғап мифке қазақ фольклоры тұрғысынан анықтама берді. Әлемдік фольклортануда мифті зерттеуші ғалымдар еңбегі көптеп жарыққа шықты. Мифологияны зерттеушілер қатарында Е.М.Мелетинский, М.И.Стеблин-Каменский, О.М.Фрейденберг, М.И.Шахнович, т.б есімдеріне ерекше тоқталуға болады. М.И.Стеблин-Каменский пікірінше миф өзі дүниеге келген дәуірде шындық деп қабылданған әңгіме, мифті зерттеушілер үшін тек қиял ғана. С.Қасқабасов қазақ мифтері туралы сөз қозғағанда, оның көне классикалық мифке жақын сипаттарын көрсетеді (3, 14).

Мифологизм, белгілі дәрежеде әдебиет үшін көркемдік әрі танымдық қызмет атқарып келді және бұл қызметін әлі де жалғастыруда. Әсіресе, фольклорда мифологизмнің әсері белсенді болды. Фольклордық туындылардың қай-қайсысында да мифологиялық ойлау айқын. Біз әдебиетті бейнелі ойлаудың жемісі десек, оның алғашқы сатысы – фольклорда бейнелі ойлау түрімен адамдар өзін қоршаған әлемді тануға ұмтылды. Фольклорлық мұраларға, философия мен әдебиеттің дамуына мифологизмнің қосқан үлесі ерекше. Фольклорлық шығармалар – халық ақыл-ойының, қабілетінің жиынтығы, қазынасы. Көне дәуірлерден адамдар жады арқылы сақталып жеткен ертегілер мен аңыздардан, эпостық туындылардан мифтік танымның көрініп отыруы заңдылық. “Мифтер тайпалардың қасиетті рухани қазынасын құрайды. Олар ұлттың дәстүрімен, ырым-жоралғылармен тікелей байланысты”(1, 14). Бұл – С.Токарев, Е.Мелетинский пікірлері. Миф зерттеушілерінің пікірі бойынша, миф таза түсінік күйінде кездесе бермейді. Қазақ фольклорындағы мифологизмнің көріністері дегенде, ең алдымен ертегілерді, аңыз, хикаяларды, сонан соң тұрмыс-салт жырларын, эпостарды, ырым-тұйымдарды еске алуға болады.

Көне ертегілер мен алғашқы қауымдық мифтердің ара жігін ажырату қиын. Ертегілердің мифтік нанымдар негізінде туғанына зерттеушілердің көпшілігі күмән келтірмейді. Өйткені, көне ертегілер мен алғашқы дәуірдегі мифтер арасындағы оқиғалар желісі бір-бірімен үндесіп отырады. Әлемдік әдебиетке назар салсақ, мифологиялық ойлау адам санасында сәулеленіп, сол арқылы фольклорлық туындыларға сіңісіп кеткенін көреміз. Мифологиялық ойлаудағы басты нысан – табиғат пен адам. “Мифтік санаға табиғат пен рухтың бірлігі тән. Осыдан барып оның негізі болып теңдік заңы саналады (Закон тождества). Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастады” (3, 68) деген С.Қасқабасов пікіріне әр кезеңде туындаған фольклорлық туындылар нақты дәлел бола алады.

Аруаққа сыйыну, олардан медет тілеу – халықтық мифологияның бір қыры. Қазақтардың аруаққа сыйыну сенімі туралы Ш.Уәлиханов “Тәңірі” (Құдай), “Қазақтардағы шамандықтың қалдығы” мақалаларында сөз қозғайды. “Аруақ – ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау іс түскенде, жан қиналғанда: “Аруақ, қолдай гөр, қолтығымнан демей гөр” деп айтады... Аруақтардың рухы бар деп, ескі жұртты баспайды” (4, 156). Бұдан әрі ғалым аруақтар (онгондар) күдіретті күш иелері ретінде тірілерге көмектеседі деген наным негізінде оларға арнап құрбандық шалынатынына тоқталады. Ұлықтар мен мықтылар о дүниеге аттанған соң күдіретті аруаққа айналады. Мысалы, Баба шашты түкті Әзиз – тірісінде қасиетті әулие ретінде өмір сүрген адам. Бұлардан басқа Қорқыт, Домалақ ене, Арыстан баб т.б. халық сыйынатын ұлы аруақтарға айналғанына дәлелдер көп. Аруақтарға сыйыну көне сақ дәуірінде қалыптасқан сенім. “Жерлеу материалдарына қарағанда, сақтарда ата-баба аруағына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған” (5, 231).

Тарихшылар сақ және савромат тайпаларының қайтыс болған адамға екі түрлі қарау сенімін атап көрсетеді: бірі – оны құрметтеу, оған сыйыну, екіншісі – руластарға немесе тайпаластарға оның рухы қайтып келіп кіреді деп қорқу. Анимизм, тотемизм, магия, фетишизм сияқты мифологиялық ұғымдар сақ заманынан көрініс береді. Өлген адамның қаруын, басқа да меншікті заттарын сындырып, өзімен бірге жерлеу заттардың да жаны болады, оларды “өлтіру” қажет, өйткені өлілер елінде де иесіне қажет деген сенім болған. Бұл сенімдер өте көне дәуірлерден көмескіленіп жеткен фольклорлық мұралардан да байқалады. Б.Сағындықов былай деп жазады: “Аруақтардың да бір-бірінен өзгешеліктері жайлы ұғымдар да бар. Әулиелердің, қасиетті кісілердің аруақтары – таза аруақтар, жындардың, дию-перілердің аруақтары – кара аруақтар. Кара аруақтар адамдарға ашуланса “атып кетеді” деп түсінген. “Аруақ атсын” деген қарғыс осыдан шықса керек” (“Ғаламның ғажайып сырлары” кітабынан). Батырлар жыры мен тарихи

жырлардың қай-қайсысында болсын батыр жауға шабарда аруақтарға сыйынады, аруақты адамның атымен ұрандайды. Ежелгі дәуірлерден біздің заманымызға дейін сақталып жеткен сенімдердің бірі – тағдыр, жазмыш. Адамның бүкіл ғұмыры ана құрсағында жатқанда-ақ маңдайына жазылады деген түсінік Тәңірлік дін көзінен бастау алған.

Адам тағдырының болжамы түсте аян беру арқылы білінеді деп ұғыну барлық фольклорлық мұралардан кездеседі. Мифологиялық ойлау кезеңінде туған бұл сенім халық санасында күні бүгінге дейін сақталып келеді. Психоаналитикалық бағыттың өкілі З.Фрейд түс көруді мифологиямен ұштастырады.

Фольклорда түс көрудің орны айрықша. “Алпамыс батыр” жырында Тайшық хан Алпамысты түсінде көріп, өзінің ажалы сол баладан болатынын біліп, алдын-ала әрекет жасайды. Бәрібір түсінде көргені өңінде келеді. Ендігі кезекте түс көру Алпамысқа ауысады. Ол түс көріп, ауылының ауыр халін сезеді. Түс Тайшық ханға болатын оқиғаны анық көрсетсе, Алпамысқа ишара түрінде көрінеді:

Алпамыс батыр түс көрді,  
Түсінде жаман іс көрді  
Төсегінің үстінде  
Бір күшіген құс көрді.

...Алдағы болар Алпамыс әрекеті де түсте аян етіледі. Жанына жақын ет бауыр адамдардың жаманшылыққа ұшырауы түс арқылы баян етілетініне “Қыз Жібек” жырынан мысал келтіруге болады:

Мен бүгін түс көрдім,  
Түсімде жаман іс көрдім,  
Төлеген мінген көк жорға ат  
Ер тоқымсыз бос көрдім...  
...Қолымдағы тұйғынның  
Заулап келіп аспаннан  
Желкесін қиды бидайық.

Бұл – Жібектің түсі.

Эпостық жырлардағы түс – болар оқиғаны бұлжытпай көрсететін маңызды процесс. Бұдан халық сенімінде түс үлкен орын алатынын аңғарамыз. Көрген түсті жорудың да маңызы зор. “Түс жорудың қазақтар арасында үлкен мәні бар, ел ішінде арнайы мамандар – түс жорушылар да ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша, түс жору Перғауынның түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады” (6, 25) деп жазады Х.Досмұхамедов. Діни аңыздарда Жүсіп пайғамбарға Алла-тағала түс жору ілімін қондырған делінеді. “Қобыланды батыр”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырларында да түс көру мен оны жору айрықша мәнге ие. Қобыланды батырға таң алдында түсінде аян беретін – жеті кәміл бабасы:

Көк есегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Сырлы асасы қолында,  
Өзі хақтың жолында,  
Жеті кәміл бабасы  
Келді жетіп қасына.

Жеті кәміл бабасы Қобыландыға елінің қазіргі жайын баяндап, реніш білдіреді.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырында Сарыбайдың ханымы:

Мен шошыдым түсімнен бүгінгі күн, –  
деп, алдағы болар қасіретті сезеді. Сарыбай өлімін естіртуші тазша:

Мен түсімнен шошыдым бүгінгі күн,  
Менің сәлдем басымнан жерге түсті, –

дегенде, оны Сарыбайдың ханымы жақсылыққа бұра жориды. Тазша түсінде көрген сияқты қылып:

Қолымнан жібек баулы сұңқар қашты  
... Түсімде бір тұңғыық суға кеттім, -

деп, Сарыбай өлімін тіке айтпай, түсті тілге тиек етіп, жанамалай айтады.

Тотемдік мифтер адамдар мен жануарлар арасындағы байланысқа барынша сенген, олардың кейбіреулерін өздерінің ата-тегі деп, кейбіреулерін киелі деп санаған көне таным негізінде туындаған.

Көне замандардан жеткен әлемнің жаралуы, дүниені тану туралы мифтерде аспанды – әке, жерді – ана деп тану сенімі бар. Бұл сенімді көрсететін мифтік образдар – Тәңір, Ұмай-ана. Фольклордық мұраларда Көк пен Жерге табынған сенім нышаны қазақ мифі мен діни ұғымында сақталумен бірге, көркемдік-эстетикалық қызмет атқарған. Табиғаттағы зат пен құбылыс атаулы сезім мен ойға ие, олар да адам сияқты қайғырады, қуанады, күледі деп түсінген анимистік наным негізінде фольклордағы психологиялық егіздеу (параллелизм) әдісі туындаған. Сонымен қатар фольклордағы метафоралық қолданыстар да бағзы халықтар санасынан орын тепкен мифологиялық ойлау жүйесінен хабар береді.

Мифологизм мен әдебиеттің ара қатынасын ұлттық әдебиет тұрғысында қарастыру үшін жалпы әлемдік әдебиет көлеміндегі ой-тұжырымдарға сүйену заңды. Сондықтан да бұл еңбектің бастамасында өз өнеріндегі мифологизм жайлы айтып өтуді жөн көрдік.

Әлем халықтарының барлығына дерлік тән мифологиялық ойлау қазақ халқына да жат емес. Ұлттық дүниетаным негіздеріне үңілсек, ойлау жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктерді көріп, тануға болады. Сол ұлтымызға тән таным негіздерінен туындаған мифтер көркемдік ойлау жүйесіне өз ықпалын тигізгеніне фольклорлық мұралар, әр дәуірдегі әдебиет үлгілерінен мысалдар келтіріп, ойымызды дәлелдеуге тырыстық.

Қазақ әдебиетіндегі мифтік сюжеттер мен образдар туралы айтылар ой, қарастырылар мәселені О.Бөкей шығармашылығына бағыттау аталмыш қаламгердің жазушылық танымы мен шеберлігін әйгілей түсуге мүмкіндік береді.

О.Бөкей прозасындағы мифтік сюжеттер мен бейнелердің қолданылу тәсілдерін, мифтік құбылушылықтың мән-маңызын, мифологизмнің көркемдік-бейнелілік қызметін қарастыра келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Мифтік сюжеттер мен бейнелер жазушы шығармаларында интерпретациялау және трансформациялау жолдарымен көрініс береді. О.Бөкей дәстүрлі мифтік желілерді авторлық мақсатына сәйкес ойды астарлап беру, ишаралап айту үшін пайдаланады.

Жазушының “Атау кере”, “Сайтан көпір”, “Жетім бота” повестерін повесть-миф, “Айпара ана” әңгімесін әңгіме-миф ретінде көрсету бірден-бір дұрыс тұжырым.

Мифтік сюжеттердің қазіргі көркем әдебиеттегі көрінісі туралы айтқанда, оның шартты түрде болатынын ескерсек, О.Бөкей прозасындағы мифтік сюжеттердің қолданылуын осы негізде қарастырған жөн.

Жазушы прозасындағы мифтік сюжеттер мен бейнелер, мифтік құбылушылық танымдық, көркемдік-идеялық мақсатта кәдеге асқанына талдау, салыстырулар дәлел бола алады.

Мифтік сюжеттерді сөз еткенде О.Бөкейдің әр жылдары жарық көрген әңгіме, повестеріне жасалған талдау, сипаттаулар мифологизмнің бүгінгі әдебиеттегі көрінісін танып-білуге мүмкіндік береді.

О.Бөкей шығармаларында мифтік сарын молынан ұшырасатынын ғалымдар, сыншылар қайталай айтса, бұл бағыттағы талдау, зерттеу жұмыстары осы еңбекте негізге алынады.

Көркем әдебиетте мифологиялық уақытқа тән мифологиялық ойлау мен мифтік сана көркемдік, танымдық тұрғыда көрініс берсе, бұл әдебиет әлемі үшін жаңалық емес. Әдебиеттің даму барысында мифологизм мақсатты түрде көркем туынды оқиғасына араласып отырады. Әлемдік және ұлттық әдебиет үлгілерінен аңғарылатын мифтік желілер миф пен әдебиеттің ара қатынасын сөз етуге негіз болады.

О.Бөкейдің көркем туындыларын өзге қаламгерлерден оқшаулап тұрар ерекшелік – мифтік желілердің бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеруде маңызды қызмет атқаратындығы. Жазушы шығармаларындағы мифтік бейнелер бүгінгі не бұрынғы уақыт шеңберінде алынғанда аламзаттық рухани негіздер аясында шынайылықта ауытқымау шартын сақтайтынын анықтай айту қажет.

Біз мифтік бейнелер ретінде қарастырған Айпара ана, Ерік, Ақбота, Аспан, Қаржау, Қар қызы сияқты кейіпкерлер О.Бөкей сомдаған дара бітімді тұлғалар.

Мифтік сюжеттерді мақсатты түрде пайдалана отырып, жазушы өз тарапынан да мифтік негіздегі оқиғаларды туындатады. Айталық, Қар қызы жайлы миф, Еріктің көк бас сонаға айналуы, Сарқынды шалдың өзін тірідей көмуі, Ақботаның теңіз бетімен жаяу жүруі сияқты оқиға желілері осы айтқан ойымызға мысал ретінде зерттеу барысындағы талдауларымыз дәлел. Адам мен табиғат мәселесі, қоғамның заманның өзекті мәселелері, кейіпкерлердің психологиясы, таным-түсініктері жазушы шығармаларында мифологизм ауқымында қарастырылып, танытылады.

Бұл зерттеу жұмысында қарастырылатын мәселелерді былайша жүйеледік.

Ең алдымен, сөз өнеріндегі мифологизм мәселесін нысанаға ала отырып, оның өзін фольклордағы және жазба әдебиеттегі мифологизм деп жіктеп, сараладық. Әдебиеттегі мифологизмді осылайша ғылыми-теориялық тұжырымдарға сүйене отырып талдаған соң, О.Бөкей прозасындағы мифологизм негіздері қарастырылды. Бұл бағыт жазушы прозасындағы мифтік танымның көркемдік-идеялық тұрғыдағы қызметі негізінде сараланды. Жазушы шығармаларындағы мифтік сюжеттер мен бейнелерге сипаттама бере келе, жан-жақты талдау жасауға тырыстық. Сол арқылы Оралхан Бөкейдің қаламгерлік шеберлігін, өзіндік даралығын танытуға талпыныс жасадық.

О.Бөкей шығармаларына мифологизмді арқау ету арқылы бүгінгі күннің, қала берді бүкіл адамзаттық көкейкесті мәселелерді көтере білді. Қазақ әдебиетінің дамыту деңгейіне белгілі дәрежеде өз үлесін қосты. Оның шығармашылық мұрасы ұлттық рухани мұрамыздың құнды бөліктерінің бірі боп саналатыны анық.

Жазушы прозасындағы мифологизм мәселесін бүге-шүгесіне дейін зерттеп, таныта алдық деп айта алмаймыз. Бұл зерттеу О.Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесіне қатысты зерделі де жан-жақты зерттеулердің бастамасы ғана. Сонымен қатар, жалпы қазақ әдебиетіндегі мифологизмді зерттеуге бағыт болар талпынысымыз. Алдағы уақытта жазушы шығармашылығындағы мифологизм көрінісін көркемдік-бейнелілік жүйеге қатысты жан-жақты талдау міндеті тұр. Сол арқылы О.Бөкейдің рухани мұрасының салмағы мен сапасын анықтап, әйгілей түсу әдебиеттану ғылымы үшін маңызды мәселелердің бірі болмақ демекпіз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Мифы народов мира. Энциклопедия. М., 1997.*
2. *Қасымжанов А. Рухани тамырлар // Қазақ. Алматы, 1994.*
3. *Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984.*
4. *Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985.*
5. *Қазақстан тарихы. Алматы, 1996. 1 т.*

ӘОК 82

Мейрамбекова М.

«Bolasaq» академиясының 2-курс магистранты, email: muni.meirambekova@mail.ru\_87713152099,  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ  
қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, фил.ғыл. докторы Абдуов М.И.

#### **Ә. КЕКІЛБАЕВ – КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ШЫНАЙЫ ШЕБЕРІ**

*Аңдатпа. Автор мақалада Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығына бойлай үңіліп, оны адам атты күрделі құбылысты жан әлемі мен әлемнің терең сырына бойлаушы, оның күрделі болмысын зерделеуші, тағдыры мен қуаныш-күйінішін, қасіреті мен сүйінішін суреттеуші ретіндегі жазушының шығайы шеберлігін әйглейді.*

Қазіргі қазақ әдебиетіміздің қай жанрын алсаңыз да, өз дәстүрі қалыптасып, сапалық жағынан өсу үстінде екеніне көз жеткіземіз. Мұны ұлттық сана-сезім оянуының да көркемдік көрінісі деп қараған жөн.

Көркем әдебиет – әрбір жекелеген қаламгердің шығармашылық интеллектісінің көрінісі. Қоғам дамуына сай әдебиет те үнемі өрлеп, өрістеп отырады. Сондықтан да қазақ әдебиеті халқымыздың рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде үнемі жүйелі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Бүгінгі әдеби процестегі көкейкесті мәселелердің бірі – адам концепциясы, ұлттық сана, ұлттық характер. Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арман-мұраты, адам рухының күші мен қасиеті. Сондықтан да жеке адам концепциясы – өзекті, басты және ешқашан сарқылмайтын проблема. Адамның, жан дүниесін танытудың бұрынғы таптаурын канондары еріксіз ескіруде. Қазіргі жазушыларымыз адамның жан дүниесін диалектикалық қайшылықтарымен жеткізудің соны тәсілдерін табуға ұмтылуының сыры осында жатыр.

1960-1980 жылдардағы қазақ әдебиетінің алдында әлемдік әдебиетті айтпағанның өзінде, көркем сөз алыптарының дәстүрлі мектебі болды. Солардың тәжірибесін, өнегесін игерген қазіргі қазақ әдебиетінің қол жеткізген сапалы жетістіктері аз емес. Әсіресе, осы кезеңдегі романды зерттеу, поэтика, стиль және типология мәселелерін қарастыру – аса маңызды проблема. Қазақ романдарында кесек характер, күшті образ, көркемдік ізденістер, философиялық сипаттың басым болуы өркендеген әдебиетіміздің өміршеңдігін дәлелдейтін ақиқатқа жатады.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің бір қыры ретінде саналатын көркем әдебиет XX ғасырдың 1960-1990 жылдарында түрлі тарихи-қоғамдық өзгерістерді бастан өткергені белгілі. Кеңестік жүйенің ыдырап, Одақтың құлауы оның құрамындағы ұлттардың төл мәдениетін, тарихын, әдебиетін т.б. зерттеп, тануына зор мүмкіншілік туғызды. Бұл сонымен бірге әдебиеттану ғылымының алдына қатары қалың күрделі проблемаларды қойып отыр. Солардың бірі – әдебиеттің көркемдік даму тенденцияларын айқындау, көркем шығармаларды ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша таныммен ғылыми-теориялық пайымдау, талдап-саралау, қазақтың көркемсөз өнерінің эволюциясын зерделеу.

Осы тұрғыдан алғанда халқымыздың тұғырлы тұлғаларының бірі, классик жазушы Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы қашаннан қормалы қазақ көркем әдебиетінде ерекше орынға ие. Біз көркемсөздің хас шеберінің қаламгерлік қасиеттері, оның ерекше мәнеріне тоқтала кетсек пе дейміз.

Әбіш Кекілбайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы, «Бір шөкім бұлт» 1965 жылы жарық көрді. Ауыл өмірінен жазылған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» Әбіш Кекілбайұлының кең тынысты эпик, суреткерлік болашағын танытады. 1974 жылы «Дәуірмен бетпе-бет» сын мақалалар жинағы, «Бір уыс топырақ», 1979 жылы «Тырау тырау тырналар», Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, болашағы туралы «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи танымдық баян, 1982 жылы «Шыңырау» повестер жинағы, 1992-93 жылдары Таңдамалы екі томдық, 1995 жылы «Заманмен сұхбат» 1998 жылы «Азаттықтың ақ таңы», публицистикалық мақалалары, толғамдары, 1999 жылы 12 томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты.

Әбіш Кекілбайұлының «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары қазақ әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағаланып, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алды.

2001 жылы шыққан «Талайғы Тараз», 2002 жылы шыққан «Шандоз» тарихи тақырыпты ғылыми дәйекпен, дерекпен түсінікті ұғымды етіп жеткізудің жаңа бағыт-бағдарын белгілеп берді. 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы жарыққа шықты.

Ол тынымсыз, табанды еңбек етіп, талантын әр қырынан таныта білді. Өлеңдер жинағынан басқа повесть, әңгімелердің, сыни еңбектерінің бірнеше кітабын шығарды. «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» аталатын романдар жазды. Г.Мопассанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын, Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романының тарауларын, шетел авторларының әлденеше пьесаларын, әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Мұның бәрі, әрине, аз еңбек емес.

Ең бастысы – оның қаламынан шыққан дүниелер оқушыны да, сыншыларды да немқұрайды қалдырған емес, оның шығармашылық ізденістері әрдайым ден қойдырып, кейде әр түрлі талас пікірлер де тудырып жүр. Ол шығармалардың орыс, неміс, венгер, болгар, чех, эстон тілдеріне аударылуы да кездейсоқ құбылыс емес.

Өзінің алғашқы өлеңдері, мақалалары, әңгімелері арқылы ол шығармашылық мүмкіндігінен хабар берсе, кейінгі жылдары жазған шағын көлемді повестері автордың жазушылық қарымын, өзіне тән қолтаңбасын, қалыптасқан стилін айқын танытты. «Бір шөкім бұлт», «Дала балладалары», «Бір уыс топырақ» кітаптарына енген прозалық шығармалар оның шығармашылық мұрат-мақсаттарының ауқымын анықтап, оның стиліндегі эпиктерге тән байсалды баяндау, философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, кең тынысты, бейнелі, иірімді тілдік құралдарды пайдалану секілді ерекшеліктерін байқатты.

Кекілбаевтың шығармашылық жолы қазақ әдебиетшілері өз халқының өткені мен тарихтың көмескі беттерін жапа-тармағай жаза бастаған тұсқа сәйкес келді. Романтикалық ерлік, өнегелерге толы сол бір құпия заманаларға үңіле отырып, өздеріне қажетті материалдар мен шабыт көзін тапқан баз бір авторлар қаламынан туған ондаған романдар мен повестерді қазір сыншыларымыз жанрлық жағынан іріктегенде бірде тарихи, бірде тарихи-этнографиялық, бірде хроникалық деп атап жүр. Прозашы Әбіш Кекілбаев тарихқа басқадай жолмен барды. «Күй», «Ханшадария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке» атты повестерінде автор ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер



пайдалана отырып, өткен күннің жарқын да қаһарлы бейнесін, моральдық бейнесін жасайды, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін қозғайды. Москваның «Молодая гвардия» баспасынан шыққан Әбіш Кекілбаевтың «Дала балладалары» (1975) кітабына жазған алғы сөзінде Ә.Нұрпейісов былай дейді: «Ол өзінің шығармаларында атақты тарихи тұлғалар есімін саудаға салмайды. Ол өз халқының өткен тұрмысын әспеттеу, әйтпесе мансұқ ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр-сипаттарын, философиялық-психологиялық тұрғыдан терең көрсетуі бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көтере түскен» [1, 5].

Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында – ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек. Демек, сыншыларымыздың оның «тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін» (Ш.Айтматов) ұтырлы қозғап, «әлеуметтік ірі идеяларды өзек ететінін» (Ә.Нұрпейісов) «адам баласының болмысы мен оның іс-әрекетінің себеп-салдарын іздеп, үнемі ой толғайтынын» атап көрсетуі шындыққа әбден сай келеді.

Повестеріндегі көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік-философиялық қасиеттер «Аңыздың ақыры» атты күрделі романда әрі қарай жалғасып, дами түсті. Ә.Кекілбаевтың тарихи балладалар циклі, біздіңше, осы романда өзінің толық көркемдік шешімін тапқан. Бұл шығарма, сөз жоқ, суреткердің шығармашылық өсу жолындағы маңызды белес болып қалмақ.

Ә.Кекілбаев қазақ сөзінің үйірімін қатты біледі, кейде сол жақсы қасиетін орынсыз қызықтап, бояу қоюлатып алатын, бір ғана сипаттамадан ашылатын тұсқа әлденеше сипаттамалар қабаттастырып сөзуарлыққа, қызылсөздікке ұрынып қалып отыратын кездері де бар. Шынайы өмірдің асыра шашпалықтан да, тақ-тұқ жұтандықтан да тұрмай, дөп басқан дәлдіктен тұратыны әркімге де белгілі. Бірақ, ондай дәлдікке о баста тақ-тұқ кешетін боп жаратылған жұпынылық емес, әуелден ар жағы қоры барлардың ғана қолы жете алатындығы да дау туғызбас ақиқат болса керек. Ендеше сондай қазына, сондай серпін Ә.Кекілбаевтың әр сөйлемінен «мен мұңдалап» тұр. «Ол тіл шұрайы мен сөз шырайынан, өмірлік әсер мен адам көрген, табиғат көрген, тұрмыс көрген, мінез танытып, құлық аңғартқан, о баста жамбасына топырақ қалың жұққан, сондықтан әрі-беріліктен таза, жазған сөйлемі кібіртек, жасаған характері шеміршек шықпайтын, қысқасы әуелден-ақ уызына жарыған келісті дарын иесі» [2, 211] – деген ғалым Ж.Дәдебаев пікіріне біз де қосыламыз.

Өмірлік шындықтың тереңі мен қоюына бой ұра бастаған һас жазушының байыпты да парасатты талдау мен ұстамды жинақтауларға келетініне ешқандай күмән келтірмейміз. Ол Өмірстан атты ұлы елге жаңа кітабында жасаған саяхатынан да адамдық ақиқаттың талай соны сырларын танып, олжалы оралыпты.

Қысқасы, Ә.Кекілбаевтың шығармалар желісі әуел бастан әдебиет есігінен жақсы аттаған талантты қаламгердің жүрісінен жаңылмағандығына ғана емес, қазіргі қазақ прозасында өрелі ізденіс, жақсы қарқын барына айғақ бола алатындай санаулы шығармалардың санатына қосылуға әбден қақысы бар елеулі еңбектер. Қазіргі қазақ повестерін зерттеуші Ж.Дәдебаев: «...повесте («Құс қанаты» повесі) өмір шындығы жалқыдан жалпыға қарай суреттеледі. Солай болғандықтан шығармашылық тәжірибеде осы жанрға жататын шығармадағы өмір шындығы көбіне көп жеке адамның түйсік-түсінігі күйінде бейнеленіп, сол адамның дүниені тануы түрінде көрінеді. Дегенмен ол адамның жеке тұрмыс-тірлігі, іс-әрекеті туралы әңгімелері, оңаша ойлары, құпия сырлары оның өзі өмір сүріп отырған заманы жайлы толғаныс-тебіреністеріне негізделеді» [2, 165], – деп жазады. Олай болса, Оралхан шығармаларындағы оқиғалар да өзі өмір сүріп отырған ортадан алынған.

Белгілі сыншы, ғалым Серік Қирабаев Ә.Кекілбаев шығармалары туралы былай деп жазады: «Адамды ардақтау, оның асыл қасиеттерін паш ету жазушының басты мұраты болып табылады. Жазушының көп кейіпкерлерін «ойлампаздар» қатарына жатқызуға болады. Олар табиғатты қорғауға белсене араласып жүрген адамдар емес: Ақтан, Бархан сияқты кейіпкерлер табиғат-ананың тәй-тәй баспаған нәрестелері сияқты. Қоғамдық қарама-қайшылықтан тыс өмір сүруге ұмтылған олар үшін, ең бастысы табиғатпен бірге болу. Ата-анасынан алшақтап, балалар ортасына баруға қорыққан жас сәби тәрізді кейіпкерлер» [3, 219].

«Аңыздың ақыры» романында автор тағы да өзінің бұрынғы қалыптасқан байсалды, қазып айтатын баяндау тәсіліне ерік береді, мұнда жалпы сюжет, оқиғаның жотасы анық көрінгенмен, бірінші кезекке адам жанының алуан иірімдері, терең психологиясы, пейіл-мұрат, мінез-құлық,

ішкі драмалық коллизия, сырт көзге онша байқала бермейтін, бірақ іште қайнап жатқан ой-сезім, сөз бен әрекеттің арбасуы тәптіштеледі.

Ә.Кекілбаевтың повестері жөнінде осы айтылған пікірдің «Аңыздың ақыры» романына да түгелдей қатысы бар. Белгілі ғалым, сыншы Б.Майтанов Ә.Кекілбаевтың тарихи шығармаларының негізін құрайтын аңыз-әңгімелер мазмұнын бірер сөзбен айтып беруге болатынын орынды ескертеді [4, 234]. «Аңыздың ақыры» романының оқиғасы да Самарқан шаһарының жолбасшылары туристерге күнде айтып беріп жүрген, Темірланның сүйікті тоқалы Бибі ханым салдырған атақты ғимараты жөніндегі хикаяға негізделген секілді. Жазушы ескі аңызды қайта жаңғыртып, қайта баяндап қоймайды, оған терең философиялық мән-мағына қосады, аңыздың әлеуметтік сыр-сипаттарын ашады, ешбір заманда өзгеруді білмейтін адамгершілік мәселелерді қозғайды.

Ә.Кекілбаевтің «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары Қазақстанның Ресей құрамына кіру тарихын зерделеген. «Қазақстан тарихында» [5, 149] бұл оқиғаны қазақтардың XVIII ғасырдағы сыртқы саяси жағдайының күрделілігінен туындаған деп түсіндіреді.

Тарихта болған дерек пен шығармашылық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әр қилы аңыз-әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік-философиялық концепциясы барынша толық, барынша айқын танылады. Ш.Айтматовтың осы арада фольклорды игеру жөніндегі ойлары маңызды көрінеді, ол әр түрлі мифологиялық желілерді бүгінгі күн талаптарына лайық пайдаланудың артықшылығын атай отырып, жазушының бір кітабына жазған алғысөзіндегі: «Талантты қазақ прозаигі Ә.Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап – ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен», [6, 5] – деген пікірі аса қисынды көрінеді.

Жазушының басты кейіпкерлері той тойлаудан ой ойлауға пейілді Жөнейіт («Күй»), Қаракемпір («Құс қанаты»), Еңсеп («Шыңырау»), Алмас хан, кіші ханша («Аңыздың ақыры»), Әбілқайырлар («Үркер», «Елең-алаң») «Не істеу керек?» деген сұраққа жауап таба алмай арпалысқа түседі.

«Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық драмасымен Ә.Кекілбаев тағы бір соны қырынан елең еткізді десек, еш артықтығы жоқ. Басты кейіпкері: Сабалақ – Әбілмансұр, Абылай. Үш есім бір адамға қатысты. Осы үш адамды драмада автор тарихи тұлға Абылай тағдырының үш кезеңіне негіз еткен. Алғашқы көріністе-ақ ақ түнек боранға қойып кетесің. Өз жерінде отырып, ұлы – құл, қызы – күн, ішкені – ірің, жегені – желім, басында – нөқта сорлы елінің күйін жырлай сахнаға шығатын Диуана мен Кейуана пьеса сюжетін өрістетудің табылған тамаша бір әдісі. Диуана сөзі тарихи-саяси оқиғалардың ортасына енгізіп, Сабалақтың қым-қуат, нақақ қанға жерік дұшпанның түбіне жетпей тынбауға бекінген майдан алаңына шығуы тарихи қажеттіліктен туғанын санаңызға сіңіруге себепші.

Драмадағы Абылай – күрескер, ұлттық батыр. Күрескерлік сана оны рухани тазартып, кемелденуге, тақ таласы, бақ таласы тәрзіді даңкеуде эгоистік мүдде атаулыға әукесін салмауға, гуманистік ерлікке бастаған. Абылай образын жасау барысында ол мол детальдардың бірінен кейін бірін тізе бермей, адам жан дүниесінің ең терең қабаттарындағы сапалық өзгерістерді сатылап көрсетіп, майдан қыл суырғандай нәзік жеткізуге тырысқан. Пафосы жағынан философиялық драмада Абылайдың характерін диалогі, монологі, әрекетімен, адам сезімі палитрасының шұғылалы бояуымен сырлап жеткізген. Тарихи қайраткердің кім екенін біліп, сосын ісіне көңіл қоюға мүмкіндік берген.

Драматург Абылайды басқа кейіпкерлерімен бірлікте алу арқылы образдың негізгі философиялық жүгін ауырлатып, пьесаның идеялық-көркемдік-концепциясын нысаналы тұсына жеткізген. Драмадағы ерекшелік – Абылайды жөн-жосықсыз шашбауын көтере аспандата дәріптейтін мінезден аулақтық. Өзіндей киіз туырлықты, тал бесікті, жұдырықтай жұмылған ел «суы ашыған батпақ көлге» айналып, айдаһардың аранына түсіп кеткенде, екі жағынан екі арыстан қамап, ши бөрілердің қоршауында қалған қазақ басын алдырмағанына мықты негіз болғанын Ә.Кекілбаев жеткізіп суреттей алған. Тағдыры Абылайға құдай болуды жазбағанымен, ұлы адам, ұлы хан болуды жазған. Ә.Кекілбаев драмасында соны таныта алыпты. Жалпы пьесада қазақ арасында жүрген, мойнына қамыт ілмеген кейіпкерді ұшыратпайсыз. Бірінің іс-әрекеті, мінезі мен құлқына, салтына тебіренсеңіз, бірінен жиренесіз.

Жазушы адам атты күрделі құбылысты жан әлемі мен әлемнің терең сырына бойлаушы, оның күрделі болмысын зерделеуші. Оның тағдыры мен қуаныш-күйінішін, қасіреті мен сүйінішін суреттеуші. Сол арқылы адам ұлылығын, рухани жасампаздығын дәріптеуші, рух мықтылығын насихаттаушы. Міне, сол жазушылардың қатарында Ә.Кекілбаев тұғыры қашанда биік.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Кекілбаев Ә. Дала балладалары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 442 б.
2. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Жазушы, 1991. – 256 б.
3. Қирабаев С. Ә.Кекілбаевтың повестері туралы. 2-томдық.2-том. – Алматы, 1992. 356 б.
4. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы:Санат, 1996. – 254 б.
5. Қазақстан тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 656 б.
6. Кекілбаев Ә. Шығармалары. 2-т. – Алматы, 1982. – 456 б.

ӘОК 81:372.881

Нурмуханова А.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы  
[nurmuhanova@mail.ru](mailto:nurmuhanova@mail.ru)

Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

**МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР**

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану оқушылардың тек көру сезіміне ғана сүйеніп қоймайды. Компьютердегі дыбыстық, қозғалыс жасау, түрлі анимациялық мүмкіндіктер оқушылардың сезімдік дамулары арқылы ақыл-ой қызметінің де белсендірілуіне жайлы жағдайлар жасайды. Мультимедияның өзіне тән мүмкіндіктерін бай әрі мол етіп қолдана отырып, мәтінді оқытуда оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы кеңейте аламыз.

Тілдерді оқыту әдістемесі – тілді оқытудың ұтымды жолдары мен түрлі тәсілдерін, әдістері мен амалдарын сабақта пайдалана отырып, ауызекі сөйлеуге, сауатты жазуға, өз ойын жеткізе білуге, қарым-қатынасқа түсе алатындай дағды мен біліктілігін қалыптастыратын ғылым.

Тілді мектептерде оқыту әдістемесі мектеп мұғалімдеріне қазіргі жаңа технологиялар арқылы оқытуды үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар әдістеме ғылымы саласындағы оқулықтар мен оқу бағдарламаларымен де қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін мектептерде оқыту әдістемесінің басты мақсаты – қазақ тілінің тіл ретіндегі ерекшеліктерін айқындау және оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйретуде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің ұтымды жолдарын көрсетеді.

Мұндай мақсатты жүзеге асыру үшін тілді үйрететін мұғалім әдістеме ғылымының ұстанымдары мен әдістерін теориялық жағынан да, практикалық жағынан да білуі аса қажет.

Осының барлығы тілді оқыту сапасын жақсарту, оны осы күн талабына сай оқыту проблемаларын қарастырған толымды еңбектер болып табылады.

Осы жұмысты жазу барысында тілдік грамматикалық категорияларды, оның ішінде қазақ тілінің септік категориясын алып, оның қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі сипаттамаларына тоқтала отырып, мектептерде септік жалғауларын оқыту проблемасына талдау жасау арқылы, қазіргі таңдағы пайдаланылып жүрген жаңа технологияларды, олардың элементтерін әр оқушының мүмкіндігі мен білім деңгейін есепке ала отырып оқыту жағын қарастыру мәселелерін мақсат етіп қойдық.

Осы мақсатты жүзеге асыру мақсатында мектептердегі қазақ тілі сабақтарында, оның ішінде қазақ тілінің септік категориясын оқытуда пайдалануға келетін әдіс-тәсілдерді, технологияларды қарастырып, оларды сынып оқушыларының білім деңгейі, жас ерекшелігіне байланысты бейімдеп қолдану жағын қарастырдық. Сонымен қатар, қазақ тілінің септік категориясын жоғары белсенділікті дамыта оқыту әдістемесі негізінде қалай оқытуға болатындығын теориялық және практикалық жағынан қарастыруды да міндет етіп қойдым. Бұл жұмыста өз тәжірибемде пайдаланылып жүрген әдістер мен баршаға белгілі жұмыс түрлерін өз мүмкіндігімізге бейімдеп пайдалануға болатындығын көрсетуге тырыстық.

Оқу мектептерде қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Пәннің негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып-білуге талпындырып, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Мұның өзі оқушыларға интернационалдық, патриоттық тәрбие беру жұмысымен тығыз байланысты. Оқушылардың сабақтағы белсенділігі – олардың орындайтын жұмысына, ынтасына байланысты. Ол үшін әр сабақты көркем жасалған көрнекілікпен және дидактикалық қызықты материалдармен қамтамасыз ету керек.

Қазақ тілін оқыту бір жылдары тек ереже мен анықтама ғана жаттату мен жаттығулар көшіртуден аспағаны рас. Қазіргі заман талабы бұдан өзгеше. Тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесін алып, ресми қағаздар мемлекеттік тілде жүргізілетін болғандықтан, басқа ұлт өкілдерінің де тіл үйренуге деген ниеті өзгеруде. Осының барлығы тілді оқытудың жаңа технологияларын іздестіруге бастап әкелді. Оқушының ауызекі сөйлеу тілін дамыту үшін, яғни оның қазақ тілінде тілдік қарым-қатынасқа еркін түсе алуы үшін тілдің грамматикалық категорияларын жақсы білуі қажет, оны біліп қана қоймай іс жүзінде пайдалана алуы керек.

Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілінен сабақ беріп жүрген ұстаздар қауымы үшін оқушыларға сапалы білім беру ғана емес, сонымен бірге, қазақстандық патриотизмді дамыту, азаматтық рухта тәрбиелеу міндеті де алға қойылған. Осы міндеттерді ұстаздар қауымы тілге деген құрмет арқылы тәрбиелеуде.

Біздің осы қарастырылып отырған тақырыбымыз да осы оқыту әдістемесі пәнінде іске асып жатса құба-құп. Дидактикада оқыту әдістерін топтауда бірізділік жоқ, яғни осы саланы зерттеп жүрген ғалымдарымыз оқыту әдістерін әр түрлі топтастырады. Атап айтар болсақ, И.А.Каиров, Н.К.Гончарев, Б.П.Есипова, Л.В.Занковтардың авторлығымен жарияланған «Педагогика» оқулығында оқыту әдісінің 9 түрі айтылған [2, 26-29]:

1. Мұғалімнің баяндауы мен лекциясы.
2. Мұғалімнің оқушылармен әңгімесі.
3. Мұғалімнің тәжірибелермен оқытылатын затты көрсетуі.
4. Картиналармен, сызықпен жасалынған көрнекті құралдарды көрсету.
5. Экскурсия.
6. Оқулықтан және басқа да кітаптардан оқушылардың өздігінен білім алуы.
7. Оқушылардың өздігінен бақылауы, тапсырманы орындауы, лабораторияда істейтін жұмысы.

8. Жаттығулар.
  9. Оқушылардың білімін тексеру методы: ауызша, жазбаша, практикада сынау.
- Профессор Е.Я.Галант оқыту әдісінің 8 түрін ұсынады:

1. Ауызша мазмұндау.
2. Әңгіме.
3. Кітапты пайдалану.
4. Көрсету.
5. Экскурсия.
6. Лабораториялық жұмыстар.
7. Жазу-сызу жұмыстары.
8. Практикалық жұмыс.

П.А.Зайченко он түрін көрсетеді:

1. Педагогикалық баяндау.
2. Түсіндіру.
3. Мектеп лекциясы.
4. Әңгіме.
5. Кітапты пайдалану.
6. Байқау.
7. Көрсету.
8. Лабораторияда сабақ өткізу.
9. Экскурсия.

10. Жаттығулар орындату әдісі [3, 42].

И.Я.Ларнер мен М.Н.Скаткин оқыту әдісінің бес түрін көрсетеді:

1. Түсіндіру – сипаттау әдісі, әңгіме, лекция, көрсету, оқулықпен жұмыс істеу, жазба жаттығулар.
2. Қайталау – жаттығу, әңгіме, өз сөзімен қайта айту.

3. Проблемалық баяндау әдісі – мұғалімның дәлелді түрде баяндауы, экскурсия.

4. Изденіс түрлері – эвристикалық әңгіме, байқау, жоспар жасау.

5. Зерттеушілік-тәжірибе, байқау, сыныппен жұмыс, құжаттармен жұмыс, сурет салу.

Қазақ тілін зерттеуші әдіскер-ғалымдар оқыту әдістерін төмендегідей жіктейді [4, 25].

Х. Арғынов синтаксистен оқушыларға білім беруде мынадай оқыту әдістерін пайдалануды тиімді деп санайды:

1) байқау әдісі; 2) түсіндіру әдісі; 3) әңгіме әдісі [5, 6].

Ал Ә. Исабаев болса, қазақ тілінен білім беру әдістерін былайша топтайды.

а) Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері: 1) қазақ тілін әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі; 2) түсініксіз сөздерді үйрету әдісі; 3) диалогтік және монологтік сөйлеуді үйрету әдісі; 4) ауызша түсіндіру әдісі; 5) ауызша мазмұндау әдісі; 6) мәнерлеп оқу әдісі.

ә) Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері: 1) әңгіме әдісі; 2) хабарлау әдісі; 3) түсіндіру әдісі; 4) тәжірибе әдісі; 5) кітапты пайдалану әдісі.

б) Қазақ тілін теориялық және практикалық жақтан үйрету әдістері: 1) дайын материалды талдау әдістері; 2) фонетикалық талдау әдістері; 3) морфологиялық талдау әдісі; 4) синтаксистік талдау әдісі; 5) тілдің материалдық түрін өзгерту әдісі; 6) тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі; 7) сөйлем құрату әдісі; 8) тілдік тапсырмалар негізінде шығарма жаздыру әдісі; 9) орфографиялық талдау әдісі; 10) көшіріп жазу әдісі; 11) диктант жазу әдісі [6, 12].

З. Бейсембаева мына әдістерді көрсетеді: 1) табиғи әдіс; 2) сұрақ-жауап; 3) сурет әдісі; 4) сөйлем мен сөзді толықтыру; 5) мәтінмен жұмыс әдісі [7, 36].

Профессор Н.Оралбаева, К.Жақсылықова қазақ тілін оқытудың мынадай әдістерін көрсетеді: баяндау, түсіндіру, ойландыру, жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, еліктеу, жаттығу, ана тілімен салыстыру, көрнекілік, топпен жұмыс, экскурсия әдісі [8, 6].

Ж.Сүлейменова әдістерді жалпы дидактикалық және пәндік деп екі топқа бөліп қарастырады. Жалпы дидактикалық топқа ауызша хабарлау немесе сөз әдісі (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, дәріс); көрнекілік әдісі (иллюстрация, демократиялау); бейне әдісі (электронды оқулық); практикалық әдіс (жаттығу, тәжірибе жасау, экскурсия); кітаппен жұмыс жасау әдісін жатқызады [9, 12].

Жеке пәндік топқа ана тіліне сүйену немесе салыстыру (еліктеу, аударма, грамматикалық талдау, коммуникативті-ситуативтік, драматизациялау); лингвистикалық сөздіктермен жұмыс істеу (сан әдіс); аппроксимация, грамматикалық ойын әдісін жатқызған.

Әдіскер-ғалым К.Назарғалиева оқыту процесіндегі негізгі мақсат – таным-білімді меңгеру және меңгерту, мұғалім мен оқушының әрекеттерінен тұрады, оқыту әдістерін екі топқа бөліп топтастырады.

Оқыту әдістері: ауызша баяндау, ақпараттық хабарлау, түсіндіріп оқыту, әңгімелеу, демонстрациялау, экскурсия, тексеру, жүйелеу, бағалау.

Оқу әдістері: әңгімелеу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалмен жұмыс, жоспарлау, тапсырманы орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.

Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде тілді қатысымдық бағытта үйрету, яғни қазақ тілінің элеуметтік рөлін, аясын кеңейтуді жүзеге асыру қажеттігі маңызды болып есептеледі. Қатысым әдісінің ерекшеліктері мен тілді меңгертудегі мәні мен алатын орнын ажыратып, айқындау – қазіргі көкейкесті мәселе.

Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде арнайы қарастырылуға тиісті мәселенің бірі осы – қатысым әдісі. Қарастырылып отырған «коммуникативный метод» «коммуникация» сөзімен байланысты шыққан.

Оқу мен сыныптан тыс жұмыс түрлерінің сабақтастығы да әрбір оқушыны, оның ішінде орыс тілді оқушыны танып білуге көп әсер етеді. Мектебіміздің жүйелі детальді жоспары негізінде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыс түрлері, «Абай оқулары», «Қыз сыны», «Шаханов оқуы», тоқсан сайын әрбір сынып параллель арасында жүргізілетін «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайыстарға қатысқан оқушылардың пікірі соған дәлел.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы // Ана тілі. – 2006, маусым - 1-7. - №23(808). - 4 б.

2. Каиров И.А., Гончарев Н.К., Есипова Б.П., Занков Л.В. Педагогика. – СПб.: Златоуст, 1999. – 375 с.
3. Богданова Г.А. Опрос на уроках русского языка. – М.: Академия, 1996. – 185 с.
4. Баранов М.Т., Ипполитова Н.А., Ладыженская Т.А., Львов М.Р. Методика преподавания русского языка в школе. – М.: Академия, 2000. – 322 с.
5. Арғынов Х. Құрмалас сөйлем синтаксисінің методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 169 б.

ӘОК 81'366

Оспанова К.Д.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы.

kymbatospanova71@gmail.com

Ғылыми жетекші: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ

қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, фил.ғыл. кандидаты Кенжеғалиев С.А.

### КҮРДЕЛІ ЗАТ АТАУЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ

**Аңдатпа.** Мақалада аналитикалық тәсіл арқылы жасалған заттық атаулар сөз болады. Күрделі атаулар құрамы, мағынасы жағынан алуан түрлі екені белгілі. Осы құрамдағы қарай күрделі зат есім сөздерді біріккен, кіріккен сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер деп атап, мағыналық жағынан олардың әрқайсысын іштей жеке топшаларға бөліп, мысалдар келтіре отырып қарастырған.

Аналитикалық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған тәсіл. Бұл тәсіл синтетикалық тәсілден өзінің сөзжасамдық тәсілдері арқылы ерекшеленеді. Егер синтетикалық тәсілде лексикалық бірлік пен сөзжасамдық жұрнақ қатысатын болса, мұнда екі я одан да көп лексикалық бірлік қатысады және бұлардың әрқайсысы жеке тұрғандағы лексикалық мәнін сақтамай, бәрі тұтасып бір ғана лексикалық мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде бұл тәсілдің іштей бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру. 4)қысқарту.

Аналитикалық тәсілдің сөзқосым түрі қазақ тілінде екі я онан да көп сөздің біртұтас дыбыстық құрамға кірігіп, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір екпінмен айтылып, бір лексикалық бірлік (лексема) жасайды[1.42].

Сөзқосым тәсілін біріктіру және кіріктіру деп екіге бөлуге болады. Біріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің ішкі сыңарларының әрқайсысы өздерінің жеке тұрғандағы дыбыстық құрамын толық сақтайды (таусағыз, қарақұрт, бойтұмар т.б.). Ал кіріктіру арқылы жасалған сөздердің құрамындағы сыңарлардың дыбыстық құрамында өзгерістер болып, олар айтылу ыңғайында қалыптасқан біртұтас жымдасқан дыбыстық құрамға көшеді (білезік,апар, түрегел, қайны т.б.).

Қосарлану тәсілі – екі сөздің бір-біріне қосақталып, біртұтас мағыналы сөз жасайтын тәсілі. Бұндай сөздер қазіргі тілімізде қос сөздер деп аталады. Қосарлау арқылы қос сөз жасау үшін оның сыңарларының екеуі де бір сөз табынан болуы міндетті шарт (ата-ана, аяқ-табақ, жақсы-жаман, айтып-айтпай т.б.). Мұндай сөздердің сыңарлары мағыналас сөздерден де бола береді (сауыт-сайман, үлгі-өнеге, өсек-аяң т.б.).

Аналитикалық тәсілдің тіркестіру тәсілі де өте өнімді. Бұлар тілде бөлек жазылып қалыптасқанмен, сыңарлары мағына дербестігін жоғалтып, біртұтас мағына беретін болып қалыптасқан (қызыл ала. Суық торғай, су жылан, елу бес т.б.).

Қысқарту тәсілі – біздің тілімізде бұрын тек адам аттарына ғана байланысты қолданылған, қазір де қолданылады (Сәке, Жүмеке, Сераға т.б.). Кеңес дәуірі тұсында күрделі атауларды қысқартып қолдану орыс тілінің әсерімен енді. Ал қазір бұл да қолданыста (ҚазҰУ, АҚШ, ҚМУ т.б.).

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Нақтырақ айтқанда, қолданыс барысында сөз бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады да, сол мағынада да қолданыла бастайды. Мұны

тілде көпмағыналылық (полисемия) деп атайды. Мұндай сөздердің бір тобы бара-бара бастапқы мағынасынан тіпті ажырап, омоним дәрежесіне жетеді.

Сондай-ақ, лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға ие болуы ол сөздің басқа сөз табына ауысуына да әкелуі мүмкін. Ондай құбылысты тілде конверсия деп атайды. Тілдегі субстантивтену (заттану), адъективтену (сын есімге ауысу), т.б. құбылыстар осыған жатады.

Сонымен, сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің бәрі сөзжасам процесіне жатады.

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған заттық атаулар күрделі атаулар деп аталады [1.58]. Көне замандардан қазірге дейін қолданып келе жатқан аналитикалық тест тілдің сөздік қорының күрделі атаулары арқылы баюына орасан қызмет еткен. Сондықтан тілімізде күрделі атаулар құрамы, мағынасы жағынан алуан түрлі. Құрамына қарай күрделі зат есім сөздерді төртке бөлу қалыптасқан: біріккен, кіріккен сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер. Мағынасы жағынан олардың әрқайсысы іштей бірнеше топ құрайды.

Біріккен атаулар. Бұл сөздердің көне түрі – кіріккен заттық атаулар. Кіріккен атаулар деп өзінің құрамындағы сыңарлардың дыбыстық өзгеріске түсіп, бір-бірімен жымдасып, ықшамдалып кірігуінен жасалған түрі аталады. Мысалы, білезік – білек жүзік, қарлығаш - кара ала құс, белбеу-бел бау, ағайын - аға іні, қолғанат-қол қанат, сәресі-сахар асы. Кейде кіріккен сөздердің құрамын ажырату қиынға түседі. Мысалы, Е.Жанпейісов атан, қоян, құлан, сазан, жылан сөздерінің ан-аң сөзіне бітуі кездейсоқ емес деп, олардың құрамында алғаш -аң сыңары болған деген жорамал айтады.

Ал бір сыңары ғана дыбыстық өзгеріске түскен кіріккен зат есім сөздердің сыңарларын ажырату онша қиын емес. Мысалы; көгал, қолғап, құлагер, жарғанат т.б.

А.Ысқақов кіріккен сөздерге мынадай анықтама берген: «Кіріккен сөз деп компоненттерінің я біреуі, я екеуі де бірдей әуелгі өз мағыналарынан айырылып (делексикаланып), тұтасымен тұрып басқа бір жалпы мағына білдіретін және сонымен бірге, сол компоненттеріне фонетикалық (дыбыстары, екпіндері) жағынан ер қилы өзгерістерге ұшырап, бір-бірімен белгілі дәрежеде ері үндесіп, әрі ықшамдалып құралған күрделі сөзді айтамыз» [2.102-103]. Осы кіріккен сөзге берілген жалпы анықтама кіріккен зат есім сөздерге тікелей қатысты.

Біріккен атаулар деп сыңарлары дыбыстық жағынан өзгеріссіз қалыпта тұрып, мағына тұтастығына көшкен сөздер атаймыз. Мысалы: балқаймақ, бозкөде, жемазық, жолбасшы, мүшелтой т.б.

Мағына жағынан біріккен атаулар әр түрлі:

- 1) Өсімдік атаулары: адамтамыр, адамшөп т.б.
- 2) Жан-жануар, жәндік атаулары: аққұлақ, ақмарал т.б.
- 3) Көне атаулар: арайна, алдаспан, бойтұмар, бұқаржай т.б.
- 4) Туыстық атаулар: ағайын, ақсақал, қайынсіңлі т.б.
- 5) Ауру атаулары: ақбас, аққаптал, ақшелек, ақшешек т.б.
- 6) Ойың атаулары: ақсүйек, алакүшік, алтыбақан т.б.

Біріккен сөздер тек осы алты мағаналық топтан ғана тұрмайды, олар әлдеқайда көп, оның бәрін келтіру мүмкін емес. Бұл келтірілген біріккен сөздердің мағаналық топтары олардың мағына түрлілігінің дәлелі ғана.

Тіркескен күрделі зат атаулары. Тіркескен күрделі зат атаулары деп екі не одан да көп сыңарлардан құралып, бір лексикалық мағына беретін, бір лексема қызметін атқаратын сөздер аталады. Біріккен сөздер бірге жазылса, тіркесті күрделі зат атауларының ішкі сыңарлары бөлек жазылады. Мысалы, азу тіс, ақ түйіршік, бас бармақ, желке тамыр, кәрі жілік т.б.

Тіркескен күрделі зат атаулары көне кезеңдерден бастап қолданылып, қазір де сөздік қорды толықтырып келе жатыр. Аға буын, ай мүйіз, ақ түйғын, бесік бау, ер бала, кіндік бала сияқты тіркесті күрделі зат атаулары тілде қашаннан қолданылып келе жатса, сәулет өнері, шағын несие, азат жол, ақ түйіршік (термин), баж салығы, ғарыш айлағы (космодром), жол қағаз (пугевка), оқу бөлімі, іс бөлме сияқты тіркес күрделі зат атаулары кейін қосылған сөздер. Тілімізде тіркескен күрделі зат атаулары да үлкен орын алады.

Қосарланған күрделі атаулар. Күрделі зат атауларының қомақты тобы - қос сөздер. Күрделі сөзжасамының бір түріне жататын қосақтау тәсілі арқылы жасалған күрделі зат атауларының бір түрі қос сөздер деп аталады. Олар тілден кең орын алады. Олар - тілден көне замандардан бастау алған өте белсенді сөздер. Қос сөздерге жататын күрделі атаулар тілдің сөздік қорын үнемі толықтырып келеді. Аға-жеңге, ағайын-туған, әке-шеше, жетім-жесір, аға-іні сияқты туыстық

атаулар; ас-дәм, өкпе-бауыр, қазы-қарта сияқты тамақ атаулары, ақыл-ес, ақыл-ой, ар-ұят, ашу-кек, ашу-зіл сияқты дерексіз зат атаулары тағы басқа толып жатқан өмірдегі түрлі заттық ұғымдарды қос сөздер білдіре береді. Қосақтау тәсілі арқылы соңғы кезде де бірсыпыра жаңа ұғымдарға атаулар жасалды: косметолог, дәрігер, мектеп-гимназия, мектеп-лицей, суретші-модельер, эксперт-кеңесші, эксперт-маман, экспресс-ақпарат т.б.

Қысқарған атаулар. Қысқарған аталымдардың тілде белгілі орны бар. Қысқарған аталымдар қазақ тілінде үлкен екі топқа бөледі:

- 1) кісі аттарының қысқартылуы;
- 2) мекеме, ұйым тағы басқа атауларының қысқартылуы.

Кісі аттарын қысқарту қазақ тілінде ертеден қолданылып келе жатыр. Ол сөйлеу тілінен бастау алып, жазба тілде де орнықты. Көркем шығармада ол жиі қолданылады. Мысалы, Алда-жалда өзге ауылдардан шаруасы түсіп келген біреу-міреу Қареке (Қарабала) дей қалса, тұра көк желкесі шылп-шылп терлеп, удай ашып қоя береді (Ә.К). Мұндай қысқартуды кез келген шығармадан көздестіруге болады.

Кісі аттары екі жағдайда қысқартылады:

- 1) сыйлау, құрметтеу мәнінде үлкен адамдар атының бірінші буыны алынып, оған -еке, -қа, -ке морфемалары қосылады. Мысалы: Жұман-Жұмеке, Ахмет-Ақа, Асан-Асеке, Сәрсен-Сәке т.б.;
- 2) баланы еркелету, жақсы көру мәнінде оның аты қысқартылады: Садуақас-Секен, Жолымбет-Жекен, Жұмағали-Жұмаш т.б.

Мекеме, ұйым, фирма атауларын қысқартып қолдану қазір де кең орын алып отыр. Мысалы, ЖАК-Жоғары аттестациялық комитет, ЖАК-Жабық акционерлік қоғам, ААҚ-Ашық акционерлік Қоғам, АлМУ -Алматы мемлекеттік университеті, БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары, басбұх-бухгалтер, БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы, ФТР - Ғылыми техникалық революция.

Қорыта келгенде сөзжасамның аналитикалық тәсіл арқылы жасалу формасы әлі де толық зерттеулерді қажет етеді.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. Исаев С. *Тарихи сөзжасам мәселелері (әдістемелік нұсқау)*. –Алматы, 1981. -79 б.
2. Ысқақов А. *Қазіргі қазақ тілі*. –Алматы: Ғылым, 1991. -384 б.
3. Қалиев Б. *Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі туралы*. // *ҚазССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы*. 1984, №2. -36-42 бб.
4. Мектепов А. *Қажетті көрсеткіш* // *Қазақ әдебиеті*. 1984. 6 январь.
5. Балақаев М. *Әдеби тіл және көркем әдебиет*. // *Жазушы және сөз мәдениеті*. –Алматы, 1983. -6-24 бб.
6. Айғабылов А. *Кейбір сөз сырлары*. // *Қазақстан мектебі*. 1981, №3. 71-74 бб.
7. Қайдаров Ә.Т. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. –Алматы: Ана тілі, 1989. -303 б.

ӘОК 81'23

Сексенова З.А.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының

2 курс магистранты, Қарағанды қаласы

[zarina\\_seksenova@mail.ru](mailto:zarina_seksenova@mail.ru)

Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

### **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТІЛТАНУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ**

***Аңдатпа.*** Мақалада психологиялық тілтанудың қалыптасу, даму жолдарының теориялық мәселелері қарастырылғандықтан, диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелер когнитивтік лингвистика, прагматика, прагматика, тілдік қатысым қағидаларын, теориялық негіздерін толықтырады.

Психологиялық тілтану мәселесі тілді антропоөзектік тұрғыдан қарауға негізделеді. Ал адамның белгілі бір ойы сөзбен оның жан дүниесіндегі психикалық әрекеттер арқылы жеткізіледі. Олай болса, психолингвистика проблемасына жеткізер саты ділдік лексикон жетістіктері болмақ. Психолингвистиканың қозғаған мәселелеріне ой жүгірту біз үшін зерттеу нысанымызды бағамдап алу үшін айырықша қажет.



Психолингвистика дербес пән ретінде әуелде нақты практикалық өмір қажеттілігінен, сол қажеттілікті қанағаттандыруға арналған тұжырымдама ретінде өткен ғасырдың 40-50 жылдары зерттеу мен оқыту бағдарламаларынан лайықты орын алды. Себебі ол жылдарда қоғамымызда пәнаралық әдіспен ғана шешуге болатын проблемалар пайда болды.

Сонымен қатар ақыл-ойында, сөйлеуі мен естуінде кемістік бар балаларды тілдік қарым-қатынасқа қалай үйрету керек? Бұл мәселені шешу үшін де лингвистерге психологиялық көмек қажет болды.

Психолингвистиканың пайда болуының тағы бір себебі - сөйлеу механизмі бұзылған жағдайда оны қайта қалпына келтіру қажеттігі (мысалы, контузиядан соң, әлде бір апаттан соң). Бұған дәрігерлердің ғана емес, сөйлеу әрекетінің механизмдері мен құрылысын білетін лингвист те қажет болды. Осыған байланысты психолингвистиканың бір саласы нейролингвистика шықты.

Байланыс арнасымен техникалық құралдар арқылы алыс қашықтыққа хабар жіберуде қателіктер кетеді (әріп түсіп қалады, басқа әріп беріліп кетеді). Бұл арнадағы бөгесіндерге байланысты болады. Мұндайда инженерлер мен лингвистер бөгет деңгейін анықтап, қателікті түзеуге міндетті. Солай болғандықтан олар хабарды тіл құрылымы және ақпаратты түсіну психологиясымен байланыстыра отырып кодтау және декодтау мәселесімен айналысты [2, 152 б.].

Психолингвистика ғылымы - психология мен тіл білімінің түйісуінен келіп шыққан жаңаша бір ғылым саласы. Мұның өзіндік өзгешеліктері бар зерттеу нысаны мен пәні болады.

Ғылым нысаны, әдетте, ол зерттейтін нысандардың жиынтығынан тұрады. Ал ғылым пәнін нысандардың абстракт жүйесі немесе абстрактілі нысандардың жүйесі десе болады.

Ғылымдардың көптеген түрінде ортақ нысан бола береді, ал пән дегеніміз – ортақ нысанға әр түрлі өзгеше көзқарас. Мәселен, тіл мен тілдік таңба тіл біліміне, әдебиеттануға, философияға, мәдениеттануға, эстетикаға, этнологияға, ақпараттануға, психологияға, сондай-ақ психолингвистикаға ортақ нысан бола береді. Тіл білімінің нысаны түрлі мақсатпен түрлі жағдайларда қолданылатын тіл мен сөйлеу болса, психолингвистика саласының, басқа да тілтанулық салалардың нысаны да осылар. Мәселе қай қырынан келуде.

Тіл білімінің пәні – коммуникацияда қолданылатын тілдік құралдардың жүйесі. Ал психолингвистиканың пәні басқаша. Ол тілдің таңбалық жүйесінің құрылысын емес, тілдік таңбаның сөйлеушілер санасында жасалуы мен қабылдануының үдерістерін зерттейді. Сондықтан психологиялық тілтану нысаны жағынан тіл білімімен сәйкессе, пәні мен әдіс – тәсілдері жағынан болмыстың психикада бейнеленуінің қалай пайда болатынын, қалай қызмет ететінін, қалай түзілетінін зерттейтін психологиямен сәйкеседі.

Жалпы тіл білімінде психологиялық бағыт натуралистік және логикалық

Әр түрлі халықтың тілі мен сөйлеуіндегі өзгешеліктер психолингвистика мен этнопсихологияның түйісінде қаралады. Мәселен, норвегтер, шведтер, финдер сияқты солтүстіктің халықтары оңтүстіктегі испандар мен италияндарға қарағанда дауысын ақырын шығарып және эмоцияны аз жұмсап сөйлейді екен. Ал осы испандар мен италияндарға қарағанда грузин, цыган, түрік, араб сияқты оңтүстіктегі халықтар мен қара нәсілділердің ішіндегі бойлары ұзын болып келетін этникалық топ өкілдері дауыстарын қатты шығарып сөйлейді екен. Шығыстағы жапондар, үнділер, вьетнам халқы, қытайлар т.б. ақырын сөйлеседі. «Орыс болып кеткен еврейлерді дауыс ырғағынан білесің» дейтін әзілде де шындық жоқ емес. Бұл жерде басқа факторлармен бірге географиялық мекен, климаттың да, өскен ортаның да ықпалы баршылық екені байқалады. Алайда, бір географиялық ендікте өмір сүретіндердің сөйлеуі мен қылығында әр түрлі өзгешеліктер бола береді.

Сөйлеуге жанама әрекеттер тіл білімінен гөрі этнографияда қарастырылады. Десек те, мұндай әрекеттер тілге сәулесін я көлеңкесін түсірмей тұрмайды, сондықтан да ол тілмен қосталады, сол себепті бұл – психолингвистиканың бір саласы этнопсихолингвистикада қарастырылады. Этнопсихолингвистикада белгілі бір мәдениеттің тілдегі көрінісін сипаттайды. Бұл жерде біз әр ұлттың я ұлыстың ым-ишара, қимыл, тұспалдарын еске алып отырмыз. Мұны лингвистикада «тілдің көмекші құралдары» деп атайды. Шындығында, адамзат тілінің шығуында ым мен қимылдың белсенді рөл атқарғандығы туралы болжамдар негізсіз емес. Мәселен, Австралиядағы аранда тайпасы 450 түрлі ым мен қимылды нақты зат я құбылысты білдіру үшін ғана емес, жалпы ұғымды түсіндіру үшін де қолданады екен. Үндістердің тайпааралық қарым-қатынас құралы ым-ишара екенін көпшілік біледі.

В. Вундт әуелде екі тіл – ым тілі және дыбыс тілі болған деп есептейді. Дыбыс – сезімді, ым-қимыл нақты затты білдірген. Ым-қимылдың үш түрі болған: нұсқау, бейнелеу, символика. Ымдау, негізінен, тарихи-әлеуметтік құбылыс. Зерттеулердің түсіндіруінше, сөзбен қосалқы

жүретін ым мен қимыл бірте-бірте әр халықта әр түрлі рөл атқара бастаған. Бізге мәлім мәліметтерге қарағанда, бір сағат сөйлескенде мексикалықтар 180 рет, француз 120 рет, италиялықтар 80 рет, ал финдер 1 рет қана ым-қимыл жасайды екен. Сондай-ақ, орыстарда қол сермеу әдепсіздікке жатқанмен, басқа халықтардың әдетінде ол кәдімгі күнделікті ишараның біріне жата беретін жайттар көп. Сол сияқты бір мағына әр халықта әр түрлі ым-қимылмен беріледі. Мысалы, болгарларда келісуді білдіретін «иә» - бас шайқаумен, ал теріске шығаруды білдіретін «жоқ» - бас изеумен беріледі, дәл осы мағыналар болгарлармен туыстас орыстарда керісінше: «иә» - бас изеу, «жоқ» - бас шайқау. Испандар мен португалдар «жоқ» дегенде қолын өзінен ары кері қарай қозғалтады, ал жапондар мұндайда саусағын шошайтады, ал үндістер білегін бүгіп бетінен иығына дейін қолын апарды, арабтар басын шалқайтып таңдайын қағады, түріктер иегін шошаң еткізіп көздерін сығырайтады да таңдайын қағады (түрікпен туысқан қазақта тіптен басқаша екенін білесіз), малайзиялықтар мұндайда көзін төмен түсіреді.

Міне, осы сияқты құбылыстарды этнографтар салт ретінде зерттесе, лингвистер қарым-қатынастың тілге көмекші құралдары ретінде ұлттық ерекшелікті ескере отырып зерттейді. Жеке инсанның қандай да бір ұлттың өкілі екенін ескеретін болсақ, бұл бағыттың ділдік лексиконға әсерін жоққа шығаруға болмайды.

Психолингвистиканың мәдениеттанушылық бағытында мәдениетаралық қарым-қатынасқа да назар аударылады. Мәдениетаралық қарым-қатынас дегеніміз - әр түрлі ұлт пен ұлыстың өкілдерінің өзара қатысуы. Мәселен, мұндай зерттеулерде бір мәдениет реципиентінің (өкілінің) басқа мәдениетке негізделіп түзілген мәтінді ұғуы туралы қаралады. Бұл құбылыс ділдік лексиконға да жат емес. Мұндай мәтіндер психолингвистикада өзге мәдениеттік мәтіндер дейтін арнайы нысандық санатқа ие.

Психолингвистика әлеуметтік лингвистикамен де шектеседі. Мәселен, белгілі бір әлеуметтік топтың сөйлеуі әлеуметтік лингвистика мен психолингвистикаға ортақ проблема бола алады. Айталық, гендерлік лингвистика - осы тұрғыдағы сала. Ал ділдік лексикон мәселелерінде әлеуметтік және психологиялық факторлар қапталдаса жүреді.

Психолингвистика коммуникация теориясымен, оның ішінде тілдік қарым-қатынас теориясымен тығыз байланыста болады. Тілдік қарым-қатынас теориясында өзекті мәселе - тілдің (сөйлеудің) қалай қатынас құралына айналғаны туралы мәселе, яғни, тілдің шығуы туралы мәселе. Тілдің шығуы жөніндегі болжамдарда психикалық факторларға сүйенетін дәлелдер баршылық. Тілдің шығуы жөніндегі «еліктеу» теориясы (Лейбниц, Гумбольдт) екі ұстанымға (қағидатқа) сүйенеді:

1. сөз табиғаттағы қоршаған ортадағы дыбысқа еліктеуден шыққан;
2. дыбыстау әуелден символикалы болды, сондықтан мағына заттың табиғатын бейнелейді.

Табиғатқа еліктеудің тілдік қарым-қатынаста орыны бар екені, табиғаттың адам психикасына әсері болатыны даусыз. Дегенмен еліктеуге сүйеніп шыққан тілде ұлттық қасиет болмас еді, оның үстіне әр халықта еліктеу әр түрлі болады. Тілдің шығуы туралы эмоционалдық болжам (Жан-Жак Руссо) бойынша, құштарлық алғашқы тілдік дыбыстарды шығарды. Сондықтан алғашқы тілдер үнді, сазды болып келеді, ал кейін қарабайырланып кеткен. Көріп отырғанымыздай, бұл - Жан-Жак Руссоның ағартушылық, гуманистік идеал іздеу ниетінен шығып отыр. Кейін бұл болжам «одағай» (рефлекс) теориясына (Штейнталь, Дарвин, Потенбня, Кудрявский) ұласты. Табиғатпен тайталаста адам өз еркінен тыс дәйім дыбыс шығарып отырды (аштыққа, қуанышқа т.с.с. байланысты). Осының дамуы нәтижесінде мұндай одағайлар қоғам мүшелерінің бәріне бірдей символдық мәнге ие болды. Тілдің шығуы жөнінде психикаға мән берілген бұл екі бағыттағы теориялардың айырмасы - бірінде адам сөйлеуіне қозғаушы күш сыртқы дүние болса, бірінде - адамның өзінің ішкі әлемі.

Байқап отырғанымыздай, бұл болжамдарда тілдің экспрессивтік қызметі жоғары қойылады да, коммуникативтік қызметі оның көлеңкесінде қалады, басты мәселе ретінде сөйлеу механизмдерінің пайда болуы психофизикалық тұрғыдан зерттеледі. Олай болса инсанның сөз саптауы мен сөз қабылдауы мәселесінде тарихи-генетикалық себептер де бар. Бұл – арнайы зерттеудің үлесінде болғаны жөн.

Психолингвистикада бұқаралық ақпараттық коммуникацияның мәселелерін зерттейтін де сала бар. Бұқаралық қарым-қатынас теориясы радиомәтіндерді қабылдау, теледидар тиімділігі, газет мәтіндерінің ықпалдылығы, саяси плакат, ұран, жарнамалардың адам санасына әсер етуі т.с.с. мәселелерді қамтиды. Демек, бұл тұста психика мен сөйлеу (тіл) көмекке келеді. Ғалымдар психолингвистиканың осы аспектісінде бұқаралық коммуникацияға арналған мәтінді қабылдау сәтінде әрекет ететін сатиация деп аталатын механизмнің егжей-тегжейлі зерттелгенін айтады.

Сатиация дегеніміз – қайта-қайта қайталау я жағдаятқа сәйкестірмей қолдану салдарынан сөз мәнінің жоғалуы. Бұл механизм жеке инсан басынан да өтетінін ділдік лексиконды зерттеуде назарда ұстаған жөн.

Психоллингвистика, әрине, лингвистикалық талдауға да сүйенеді, бірақ лингвистикалық талдауды көбінесе аралық, өткел, өткінші мәлімет ретінде қолданады. А.А. Леонтьевтің пікірінше, сөйлеу әрекетін зерттеуде тілтану мен жантанушының еңбегінің үлестік мөлшері мына сипатта: тілтанушы меңгерілетінді, меңгерілгенді зерттейді. Ал психолог лингвистикалық модельді игеру, қабылдау барысында адам санасында болып жататын психикалық байланыстар мен үдерістерді зерттейді, қарапайым айтқанда, сөйлеушілер шын болмыста, өмірде сөйлемді (сөйлеуді) қалай құратынын және түсінетінін тексереді. Ділдік лексиконды зерттеуде осыны тұғырлы әдіс ретінде қарау керек.

Лингвистикалық бағыттағы психоллингвистикалық зерттеулерде сөз семантикасы мәселелері айрықша орын алады. Тіпті, білімдердің индивидуалды (дара) жүйесінің пайда болуы, құрылуы мен қызмет етуін зерттейтін ерекше ғылыми сала психосемантика шықты. Психосемантиканың басты қағидасы тіл біздің әлемімізді екі еселейді дейтін пікірге сүйенеді. А.Р. Лурия: «Адамда екі әлем болады, оған тікелей бейнелейтін заттар әлемі де, сөзбен белгіленетін сапалар, қатынастар, нысандар мен бейнелер әлемі де кіреді. Сөйтіп, сөз болмысты бейнелеудің ерекше формасы болып саналады. Адам бұл бейнелерді олардың шын өмірде бар-жоғына қарамай-ақ еркін түрде атай алады, осы екінші әлемді еркінше басқара алады» - деп жазады [18, 44 б.]. Психосемантика ділдік лексиконмен табиғи байланыста болатыны – айқын жайт.

Тіл біліміндегі ат қою, ғылымыландырып атасақ, номинация теориясының да адамзат психикасымен, ойлауымен, таңбатануымен байланысы баршылық. Осы түйісте сөздің уәждемесі (мотивациясы) туралы мәселе келіп шығады.

Уәждеме құбылысына тіл білімі ғылымында тоқтамды, тұрақталып қалыптасқан анықтама берілмеді десе де болады. Бұған айқын дәлелдің бірегейі сол, бұл құбылыстың өзін әр түрлі терминдермен береді: мотивировка, мотивация, сөздің ішкі формасы, семантикалық форма, сөз образдылығы, сөздің мағыналық белгісі, сөздің этимологиялық құрылымы, негіздеме, уәждеме т.б.

Тіл – адам танымының айнасы болғандықтан, тілді таңбалық жүйе аясында қарасақ, уәждеме арқылы зат пен құбылыс атауының табиғатына бойлауға, қажеттілігін түсінуге, атаудың негізін түсінуге, зат пен құбылыс және олардың атауларының арасындағы әлдебір байланысты айқын сезінуге, байымдап байқауға болады. Қазақ тілінде уәждемеге берілген екі қысқаша анықтама қолымызда бар: «Мотивация, уәждену (фр.motif – сылтау, дәйектеме) ағыл. motivation – уәждеме, дәлелдеме - тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу әктісі [19, 232 б.]. Әдетте, мотивация мәні диахрониялық тұрғыдан ашылады. Мысалы, тіліміздегі *қабырғасымен кеңесу* деген фразеологиялық тіркестің «үйдегі әйелімен, отбасымен кеңесу, ақылдасу» мәнінде қолданылатыны бәрімізге белгілі. Ал осы тіркестің шығу төркінін христиан дінінің қасиетті кітабы «Таураттан» іздеуге болады. «Жаратылыстың басталуы» тарауында құдай көк пен жерді жаратқан соң топырақтан еркек адамды жасап, оған жан бітіріп, «адамның жалғыз болғаны жараспас» деп, оның бір қабырғасынан әйел жасап берді. Осындай мотивация негізінде фразеологизм пайда болған.

Екінші бір лингвистикалық түсіндірме сөздікте уәждемені «туынды және күрделі сөз мағыналарының, оларды құрайтын сөздердің мағыналарына тәуелді болуы» деп көрсетеді [20, 151 б.].

Көріп отырғанымыздай, назар күрделі сөздің, тіркестің мағыналық құрамына, таза экстралингвистикалық оқиғаларға аударылады екен. Ал жеке сөз мағынасының уәжіне бойлай қойған жоқпыз. Ал мұның адам психикасының даму үдерісімен қалай да бір байланыста екеніне күмәндануға болмайды.

Сөзжасам барысында сөз жасаушы бірліктер уәждемені тудыруға себепші болады да, ал оның нәтижесінде туған жаңа атау уәжделген таңба болып саналады. Демек, уәждеме номинациямен (затты сөзбен атаумен) байланысты қарастырылуы қажет.

Күнделікті тұрмыста уәжделмеген сөздер ішкі тұрпаты айқын сөздер сияқты белгілі бір заттың атауы қызметін атқарады. Дей тұрсақ та, мұндай уәжделмеген сөздермен салыстырғанда, уәжделген сөздер қолданылу аясы, таңбалық қасиеті тез қабылданып, санада, есте берік сақталады. Уәжделу байланысы - сөздік құрамдағы жүйелі қатынастардың маңызды түрі сөздік құрам болады.

Сондықтан кез келген сөз белгілі бір нысан арқылы уәжделеді. Тілдік таңбаның таңбаланушымен арасындағы байланыстың еркін болуы нәтижесінде келе-келе сөз бен оның түпкі уәжі арасындағы байланыс алшақ тартады, сөз өзінің «тегін жатсынады». Осының нәтижесінде лексикалық бірлік деэтимологияланып, уәжі күңгірттенеді. Тілдік таңбалау еркін құбылыс болып шыға келеді. Сонымен қатар адам психикасының табиғаты, қызметінің икемділігі сондай, түсініксіз деген сөздерді қайта өңдеп, оның тағы бір жаңа баламасын тауып, соған қайтадан уәждеме жасай алады.

«... мотивацияның көптеген біржақты анықтамалары зат атауының тек экстралингвистикалық немесе тілдің ішкі ерекшелігіне көңіл бөлумен шектеледі. Ойдың мазмұнын жеткізу жолы бір ғана тіл арқылы іске асқанымен, оның өзі түрлі физикалық жақтан қабылданып, түрлі физикалық жағынан беріледі» [21, 32 б.].

Себебі әрбір құбылыс адамның сезім ағзаларының бәріне бірдей әсер етпейді, біреуін ерекше қабылдайды. Мысалы, көзбен көру арқылы қабылданған сезімді адамның дыбыстық тілі тек сол көрініс ұғымында ғана, тыңдау арқылы қабылданған сезімді тек сол дыбыс күйінде жеткізе алады. Бастапқы атауға негіз болатын алғашқы импульсті беретін тіл емес, керісінше, адам сол құбылысты таныту үшін тілдік құралды талап ететін заттың өзі психикаға әсер ету арқылы нұсқау береді.

Сөздің уәжделуі уәждеменің ең өзекті, басты теориясының бірі ретінде саналады. Бұл ұғымға берілетін анықтамалардың түрлі варианттары қолданылып жүр. Мысалы, заттың атау алу заңдылығы принциптеріне сүйенетін тілдегі ономонология ғылымы уәжделуді былайша түсіндіреді: уәжделу үдерісі – тілді ономонологиялық жағынан ыңғайластыратын, атаудың негізінде себеп болатын, белгілі бір уәждің барысында шығатын атаудың формасы. Уәжделудің анықтамасын іздегенде басты рөлді тілдік қатынастар атқаратынын ұмытпаған жөн. Себебі, әрбір ой, әрбір лексикалық бірлік әр ұғымда әр түрлі болып қалыптасады.

Баяндағандағы тілі, қол сермесі, сөйлегендегі бет құбылысы» [27, 285б.].

Жеке адамның семантикалық жады ділдік лексиконның қалыптасуына ерекше ықпал етеді, тіпті, қазіргі психолінгвистикалық кейбір зерттеулерде бұл екеуін теңестіріп қарау да бар. Осы тұрғыдан келгенде, Ж.Аймауытұлының жадты ассоциациямен (оны «іліктестік» деп атайды), зейінмен (Ж. Аймауытұлы терминологиясында – «ілтпат») сабақтастыруы [27, 152-161бб.] лексиконды зерттеуге өзгеше бір жол сілтеп тұрғандай әсер етеді.

Сөйтіп, қазақ ғылымында психолінгвистиканың аты аталып, арнайы зерттелмегенмен, сөйлеу мен психиканың ықпалдастығы туралы, жеке инсаннның сөз саптауы туралы зерттеуге азық болар пайымдар бар екеніне көз жеткізуге болады. Әрине, зерттеуімізде бұларды тұғырламасақ та, тұрғы ретінде ескеріп отырамыз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Жақыпов Ж.А. Қазақ тілінде сөйлеуді үйретудің психолінгвистика-лық кейбір қырлары // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. –2004. – №4. – Б. 22-25.
2. Жақыпов Ж.А. Қазақ тілінде сөйлеуді үйретудің кейбір психолінгвистикалық қырлары // Мемлекеттік тілді үйрету жолдары: теориясы мен тәжірибесі. Ғылыми әдістемелік семинар материалдары. – Астана, 2004. – Б. 152-157.
3. фон Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 398 с.
4. Леонтьев А.А. Слово в речевой деятельности. – М., 1965. – 271 с.
5. Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. – Т. I-II. – Москва: Просвещение, 1968. – 551 с.
6. Шахматов А.А. Синтаксис русского языка. – Ленинград: Учпедгиз, 1941. – 620 с.

Смайылова С.С.

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты, Қарағанды қаласы  
[sayagul\\_1976@mail.ru](mailto:sayagul_1976@mail.ru)

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ

қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, фил.ғыл. кандидаты Кенжеғалиев С.А.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САЛТ- ДӘСТҮР ЛЕКСИКАСЫ

*Аңдатпа.* Мақалада қазіргі қазақ тілі синтаксисі функционалдық бағытта көп аспектілі ғылым ретінде даму үстінде. Ал бұл күндері грамматика саласында қарастырылып келе жатқан еңбектерде жалпы құрмалас сөйлемнің түрлері туралы мәселелер болмаса, оның белгілі бір форма арқылы ғана жасалатын арнайы түріне нақты тоқталатын, сондай-ақ сабақтас құрмалас сөйлемдердегі үнемдеу құбылысы сол қалпы қарастырылмай келеді.

Қазақ халқының ерте кездегі әдет-ғұрып, тұрмыс жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары (сөздер мен сөз тіркестері) тарихи сөздіктер мен тарихи шығармаларда сақталып, олар жайында мағлұмат береді.

Этнограф халықтың замандар бойындағы тұрмыс-салты, әдет- ғұрпына байланысты жайлар мен халық жасаған материалды байлық рухани мәдениетке қатысты жайларды зерттегенде, тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені, тіл солардың бәрін ұзақ замандардың бойында ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген және сақтап қалған құралдардың бірі. Мысалы, қазақ халқының тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына, ер-тұрман, қару-жарақ әр түрлі белгілеріне байланысты сөздер мен сөз тіркестері халықтың этнографиялық жайларынан мол мәліметтер мен деректер береді.

Этнограф ғалымның бұл кітабында күндөлікті дағдыға, әдет-ғұрып, тұрмыстық салтта қолданылып, қазірде бірақ ұмыт болған, жол-жора жабдық атаулы, жалпы халықтық тілдегі салттық тұрмыстық сөздер көптеп кездеседі. Бүркітпен түлкі қуған, қазақтардың той жасау және ас беру ғұрпы, билер айтысын суреттейтін кезеңдер де баршылық.

«Мұнда ХІХ ғасырдағы халықтың мал шаруашылығы кәсібінің құрылым құрамы, ондағы тап күресінің; өзіндік сыр-сипатын жан-жақты айқын елестете алады, қыр жұртының шарифаттан бастап билер шешіміне дейінгі заңдылық салттық правоары жөніндегі де мәліметтер табылады».

Әдет-ғұрыпқа байланысты сөздер және сөз тіркестері қазақтың бұрынғы ерте кездегі той бастар, жар-жар, сыңсу, бет ашар, сәлем ету, қоштасу, көңіл айту, естірту, жоқтау сияқты салттарында кездеседі. Мұндағы лексика өткен дәуірдің өмір шындығын, тұрмыс-жағдайын, әдет-ғұрып, шаруашылығын т.б. жайларын көрсетіп, суреттеу үшін көркем әдебиетте, тарихи шығармаларда қолданылады.

Қай елде болсын адам өмірінің үш кезеңі, яғни туу, үйлену, өлу кезеңдері бар. Адам өмірінде осы айтылған әр бунағына сәйкес халықтың әр түрлі салты, ғұрып, әр елдің өзіне тән дәстүрі болады. Осыған байланысты шығармадан алдымен адам өмірінің үшінші - өлу кезеңіне жататын бірқатар сөздерді алып қарастыралық. Қара, кара тігу, қаралы ту деген сөз бен сөз тіркестері эпопеяда мына бір үзіндіде берілген:

1. Байлық сүйекті араластырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің оң жақ белдеуіне өз қолымен әкеп кара тікті. Бұл жұмыс өліктің орнын күтудің үлкен бір серті еді. Кара дегені - ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай кара қазақ емес, төреден шыққан болса сол төрелердің өздері тұқымының тұларын тігер еді. Ақ тұлы, көк тұлы, ала тұлы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жілі осындайда көрінетін. Ал қарадан кісі өлсе тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Сүйіндік жас кісі өлсе, туу қызыл «болатынын, кәрі өлсе ақ болатынын айтып келді де, Бөжейдей орта жастағы кісінің қаралы туы бір жағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеп тіккен ту - кара дегені осы еді (І.,Т., 186 б.).

Этнографиялық осы кара дағдылы «қара» сын есімдігімен еш байланысы жоқ. Яғни, ол түсті емес, ертеде қазақ тілінде жалпы қайғы, аза мағынасын білдірген. Мұнда ұзын найзаның басына тігілген ту арқылы үйдің қаралы, бір адамынан айрылғандығы білінеді. Біз бұл үзіндіден қазақ халқының ертеде өлген адамының үйіне ту тігілетінін және ол адамның жас мөлшеріне қарай қандай тұлпар тігілетінін біле аламыз. Қандай туы ілінсе де, бұл қайғылы, азалы үйдің қаралы туы болып табылады.

Ертеде қазаға ұшыраған адамның туыс-туғандары өздерінің қаралы, қайғылы, азалы екендіктерін осылай, үстеріне кара киімдер кию арқылы білдірген. Сонымен бірге біз бұл

мысалдан биқасап, желек тәрізді тұрмысқа қажетті атауларды да кездестіреміз. «Биқасап - жібек аралас жіптен тоқылған жалаң мата, кездеме дегенді білдірсе, желек деп желбіреп тұратын шашақ, жас әйелдердің басына жамылатын жамылғыны айтады».

Енді осы роман тілінен кездестірген аза, аза салу сөздеріне тоқталайық. «Аза» сөзінің өзін араб тілінен аударғанда:

1. шығынға ұшырау;
2. әурелеу;
3. қайғы-қасірет шегу;
4. азапқа салу;
5. ауру, реніш;
6. зиян, шығын деген мағыналарды береді екен.

Ал қазақтың сөздік қоры «аза – кісісі өлген үйге жақынының, жекжатының малдай не заттай апаратын жәрдемі, немесе мұң, қайғы, қасірет, аза салу - кісі өлген үйге аза апарды дегенді білдіреді». Сонымен қатар «аза салу» - жоқтау, жоқтау айту, дауыс айту мағынасын береді. Осыған байланысты мына мысалдарды алып қарастырайық.

1. Бастығы Сүйіндік Байсалдар болып «азаға бергенім, қосқаным, әруағына арнағаным» деп шеттерінен қос ат, інген, жамбы, тай тұяқ, қой тұяқ сияқты бұйымдар атасты. (I т., 198 б.).

2. Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие шай сойыс апарды. Және азаға салғаным деп Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды. (I т., 201 б.).

3. Бірнеше күн жыласып, аза салып болды да ақыры Бөжейдің жаназасын шығарды. (I т., 118 б.).

Бұл мысалдардан біз өлген адамның үйінің қайғы-қасірет шегіп, дауыс айтып, аза салғанын көреміз. Сонымен бірге мұнда қайтыс болған адамның артында қалған бала-шағаларына, туғандарына жақын-туыстарының, дос-жарандарының малдай, ақшалай, не заттай беретін көмегі, яғни ертеде осындай бір әдет-ғұрыптың болғаны байқалады. Бұл қазіргі заманымызда да кездеседі.

Енді осы мысалдарда қолданылған жамбы, қой, тұяқ тай тұяқ, саба, сойыс атауларының мағыналарын ашсақ «жамбы - әртүрлі формада жасалатын, салмағы да әртүрлі, құйған күміс, ал қой тұяқ, тай-тұяқ – белгілі бір заттың өлшемі (алтын, күміс), саба - жылқы терісінен илемей тұздап, жүнін қырқып, ысқа салған, көбінесе қымыш ашытатын ыдысты айтады. Сойыс - әр түрлі жиындарға арналып сойылатын мал» дегенді білдіреді.

Жоқтау сөзінің бұрынырақ кездегі мағынасы қазірге, қарағанда кең болған. Ертеде ас беруді, дауыс айтуды, тие берсін, тілек батаны, бәрін бір-ақ сөзбен жоқтау деп қана айтқан. Көбінесе бұл сөз дауыс, дауыс айту атауларымен синонимдес, ыңғайда қолданылған. Дауыс айту жоқтады, үн шығарып мыңын, зарын айтты дегенді береді. Оны романның мына бір жерінен байқаймыз:

Екі қыз бөліне салысымен мына көлденеңнен қарап тұрған аттыларды көріп, шырқай созып, қаралы мұндай дауыс айта жөнелген. Көш бойында, ауыл үстінен өтсе, немесе бөгде жүргіншілер жанынан өтсе, қаралы көштің қара жамылған осындай қыздары дауыс айтатын әдеті. Қыздар соны бастаған екен. (I т., 196 б.).

Сөйтіп, адам өлгенде оның туыс-туғандары, жақын жекжаттары оны жоқтап, қайғылы, зарлы, мұңды үнмен дауыс айтқан. Көңіл айтуға келген адамдармен көрісіп, үн шығарған. Және көшпен өткенде бөтен адамдарды көрсе өздерінің қаралы, азалы, қайғылы туғанынан айрылғандығын білдіріп, жоқтау, дауыс айтқан.

Сонымен, шығармадағы осы келтірілген қара, қара тігу, қаралы ту, аза, аза салу, тұл, ат тұлдату, тұл қалды, бет жырту, шаш тарқату, шаш жаю, жоқтау, дауыс айту, ас беру сияқты сөздер мен сөз тіркестері ертедегі адам өмірінің үшінші кезеңі өлу, өлік күту көне әдет-ғұрпынан мәліметтер береді. Қара, қара тігу, қаралы ту атауларынан біз қазаны, қайтыс болған адам, сол өлік үстіне тіккен ақ үй және осы өлген адамның киім-кешегін ұзын найзаның басына іліп, ту қылып тігуін, ол қаралы тудың сүйектің жас мөлшеріне қарай түрлі болуын байқай аламыз. Сонымен бірге, өлімнің артын күтуге байланысты болатын бірқатар әдет-ғұрыптарды атауға болады. Яғни, жақын адамынан, туғанынан айрылған қаралы үй аза салады, қайғылы, зарлы, қасіретке толы үндер шығарып, дауыс айтады, жоқтау салады, көрісуге келгенде беттерін тіліп, көздерінен жас пен қан аралас ағады, шат тарқатып, мұңын шағады және осы қайтыс болған адамның жекжаттары, дос-жаран, жанашырлары малдай не заттай, ақшалай жәрдем көмек береді. Ат тұлдау, тұл қалды деген сөз тіркестерінен иесінен айрылған ат, оның иесінің жылына арналу әдет-ғұрпын көрсек адамға байланысты қолданылғанда жесір әйел, жетім қалу деген мағына беретінін білдік. Сөйтіп адам өмірінің қазақ болу үшінші кезеңіне байланысты бірқатар сөздер мен сөз тіркестерін мысалға алып, қарастырып өттік.

Енді екінші кезең - үйлену, үй болу, шаңырақ көтеру, оңаша отау құру мәселесіне байланысты алғашқы қалыңдық пен күйеу арасында болатын көне әдет-ғұрыпты бейнелейтін біршама этнографиялық атауларға тоқталып көрейік.

Бұдан біз жігіттің қалыңдығын көруге ең алғашқы жасырын келісін көреміз. Жігіт үйленбек бұрын алдымен қалыңдық аулына барып, оны жасырын көріп қайтады. Немесе мұны бала қайындату деп те атайды. Ал осы келуде жігіт орындайтын шарттардың бір түрін мына дәстүрден байқауға болады.

«Ұрын келуде күйеу қалыңдығына берілетін кәделердің кейбірін және басқа да сыйлықтар әкеледі. Күйеу ұрын келгенде мынадай әдеттер сақталған күйеу қалыңдық тұратын ауылға жақындағанда атынан түсіп, атын жолдастарымен бірге қалыңдық аулына жібереді. Күйеу жолдас күйеу келгенін хабарлап, атты қалыңдықтың туған сіңлісіне, не апасына береді, егер олары жоқ болса, ең жақын туысының қызына береді. Ол қыз күйеуден ат байлар деп аталатын сыйлық алады».

Өткен ғасырдағы дни әдет-ғұрыпқа байланысты қолданылған сөздер мен сөз тіркестері шығарма тіліне көп кездеседі. Қазіргі қазақ тілі лексиканың даму дәуірінде архаизм ретінде ғана қолданылады. Себебі, дінге байланысты әдет-ғұрыптардың бәрін халық ұмытып барады.

Осы мысалдарда кездескен хазірет, имам, фатиха дінге байланысты шыққан сөздер. «Хазірет - дін жолындағы адам, мырза дегенді білдірсе, имам мұсылманның дін жолын берік ұстайтын бастығы. Ал, фатуа, фатиха - құранның бірінші сүресі, кіріспе немесе бата, рұқсат, тілек деген мағыналарда. Сонымен бірге, мұнда деріс деген де атау бар. Дәріс - сабақ пен дегенді береді». Ертеректе қазақ халқының дінге қатты сенгенін дін жолын қатты ұсынған басшылардан бата, тілек рұқсат алып тұрғанын көреміз. Халық арасында қандай жағдай болса да, дін арқылы дін басшыларының айтқаны бойынша жаза қолданып, іске асырып отырған. Өз балаларын осы дін жолындағы оқуға берген.

Сол сияқты бұл шығармада албасты, ыбылас, жын, жан беру деген де діни ұғымды білдіретін атаулар баршылық.

Сонымен әдет-ғұрыпқа байланысты лексиканы анықтауда біз адамның әртүрлі кезеңдерін көрсететін сөздер мен сөз тіркестеріне тоқталдық. Өлген адамның күту ғұрпына байланысты қаралы ту, аза салу, бет жырту, ат тулдау сияқты атаулар осы күнгі сөздік қорымыздан шықты. Осы тәрізді үйлену мәселесінде болатын ұрын жіберу, бала қайындату, қалың мал, бастаңғы, тоқымқағар атаулары да жасы үлкендерге болмаса, қазіргі көпшілік жастарға түсініксіз лексика болып табылады. Бұлармен қоса діни ұғымдарды білдіретін біраз сөздер мен сөз тіркестерін атап өттік. Халқымыз ертеде дінге сенген, қудайға құлшылық еткен. Сондықтан да молдалардың айтқандарын бұлжытпай орындауға тырысқан. Осы діни ұғымға байланысты кейбір атаулар әлі де қолданылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы, 1975, 169 бет.
2. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, «Мектеп», 1975, 29 бет.
3. Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. Алматы, 1955, 91 бет.
4. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. Алматы, «Ғылым», 1982, 24 бет.
5. Әбуқанов Ф. Қазақ тілі. Алматы, «Мектеп», 1967, 37 бет.

ӨОК 82

Төлеген К.

«Bolasaq» академиясының 2-курс магистранты, email:

[koni021231@mail.ru](mailto:koni021231@mail.ru),

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші: фил.ғыл.кандидаты, профессор Сембиев К.З.

#### **С. ТАЛЖАНОВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

***Аңдатпа.*** Мақалада автор С.Талжанов мұрағат қазынасын ғана ақтарушы кеңсе ғалымы не дайын шығарманы аударумен ғана айналысқан тәржімашы десек, қателескен болар едік. Әйгілі аудармашы-жазушы осылардың бәрін атқара жүріп, республика өмірімен араласа білген,

*замана ағысын ойлы көзбен бағалай алатын, жай ғана сырттай байқау емес, көңілге түйгендерін көркем шығарма түрінде қағазға түсіре жүретін жазушы болғандығын етене сөз етеді.*

Белгілі жазушы, зейінді аудармашы, зерделі ғалым Сәйділ Омарұлы Талжановтың өмірі мен шығармашылығына қатысты әңгіме еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жаңаша бағыт алды. Туғанына 100 жыл толуына орай, 2007 жылы шығармаларының толық жинағы 3 том болып жарық көрді. Сөз жоқ, өмірден көргені мен тоқығаны мол, болмысы бөлектеу білімдар жанның, өмірдің соқтықпалы-соқпақты сүрлеуін шарлап, ашы мен тұщыны жеткілікті татқан ғалымның өмір жолында әсіресе кейінгі ұрпаққа ой салар өнегелік үлгілері мол. Ол жөнінде аталмыш кітаптар шоғырына алғысөз жазған белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы М.Серғалиев былайша атап өтеді: «Сәйділ аға жүргенде әр адымын санап басатындай сабырлы, сөйлегенде әр сөзін ойланып айтатын салиқалы, біреудің әңгімесін тыңдағанда салмақты, күлгенде еріксіз елпілдемейтін, ашу сәтінде аузынан дөрекі сөздер шыға қоймайтын, талайға жұғысты қадірі мен қасиеті бар жан еді» [1, 3].

С. Талжанов 1906 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданына қарасты Тоқтамыс ауылында дүниеге келді. 1928 жылы ол Петропавл қаласында орысша орта мектепті бітірді де, сол жылдың күзінде Ташкентке келіп, Орта Азия университетінің шығыс факультетіне түседі. 1931 жылы Алматыға келіп, қызметке орналасады. Алғашқыда халық ағарту комиссариатында бөлім меңгерушісі қызметін ақтарады. Сонымен бірге оқуын жалғастырып, 1934 жылы ҚазПИ-ді сырттай оқып бітіреді. 1933-34 жылдар аралағында ол ауыл шаруашылық институтында орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының ассистенті, ал 1934 жылдан бастап кафедра меңгерушісі, доцент болып қызмет істейді.

1953 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл білімі институтына кіші ғылыми қызметкер болып орналасады. Міне, осы күннен бастап оның ғылыми мәселелермен түбегейлі шұғылдануына толық мүмкіндік туады.

Мерзімді баспасөз беттеріндегі лингвистиканың, көркем аударманың теориялық проблемаларын ғылыми деңгейде сөз ететін мақалаларыммен бірге «Об узловых проблемах художественного перевода», «Вопросы перевода», «Орыс ойшылдары», «Қазақ әдебиеті және көркем аударма мәселелері», тағы басқа монографиялық зерттеу еңбектері ғылым үшін орны бөлек, соны дүниелер. Аударма мәселелерінен дүниежүзілік симпозиумдарда да теориялық баяндамалар жасады.

С. Талжанов өмірінің соңғы кезінде жас зерттеушілердің тісі бата бермейтін қиын да қажетті мәселемен шұғылданған еді. Ол қазақ халқының шығыс елдерімен мәдени, әдеби, тілдік қарым-қатынасын сөз ететін күрделі еңбек жазып қалдырды. Осы еңбек бойынша «Қазақ әдебиеті мен тілінің дамуындағы тарихи кезеңдер және процестегі аударманың тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ойлап отырсақ, аз еңбек емес. Мәселе, әрине аз-көбінде де емес. Жалғыз шығармамен танылған данышпандықты да тарих біледі ғой. Алайда еншісіне тиген тым аз уақыт ішінде, өзіне еш аяушылық көрсетпей, қара басын небір қиынға салып еңбекті ғана серік еткен саналылықты, бойындағы қабілетін қайтсем халық кәдесіне жаратсам деген азаматтықты, қоғам үшін алтыннан бағалы жан-жақты энциклопедиялық эрудиция мен боямасыз білімділікті Сәкеннің шығармашылық өмірбаянынан жазбай тануға болады.

Сан қырлы дарын иесінің прозалық шығармаларының көркемдік сипаты айрықша назар аударуға тұрарлық. Көркем сөз шебері С.Талжановтың қай туындысын алсаңыз да, жақсылықты үлгі ету, жамандық атаулыдан жиіркендіру тәрізді сезімге баулитынын байқау қиын емес. Әрине, барша жазушы аты бар қаламгерлердің қай-қайсысының да мұраты осы екені шүбәсіз. С.Талжанов болса, өзіндік оқиға, өзіндік шешімімен тартып отырады. Оның шығармаларының басым көпшілігі елеулі, салиқалы ой тастарлық өмір құбылыстарына құрылған. Бұл жөнінде белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібаева: «С.Талжановтың прозалық шығармалары ерекше атап өтуге тұрарлық дүниелер. Оларды бөлек алып қарастырып, зерттеу нысанына айналдыруға әбден болады» деп жоғары баға береді [2, 11].

«Сейфулланың Сәкенінде» қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған, революционер, мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткен абзал адамның ұлағатты өмір жолының жанға жағымды әсер берер белгісінен хабардар қылады. Шығарманың «бірінші кітаптың соңы» деген сөздермен аяқталуына қарағанда, автордың алдына үлкен жоспар қойғаны аңғарылады.

Шығарма Сәкен Сейфуллиннің ұзақ үзілістен кейін сүйікті халқы мен оқырмандарына қайта оралған кезімен шамалас жарық көрді. Сондықтан әуелі автордың өзінің сүйкімді



жазушысын ғана емес, елінің адал ұлының асыл бейнесін жасауға асығыс құмартқанын тек қана құптауға тиістіміз. Осы асығыстықтың ізі болу керек, композициялық жағынан, кей тұстарда шашыраңқы, шұбалаңқы соғып жататын, кейде басы артық кейіпкерлер араласып жүретін жайттар кездеседі. Ең бастысы сол – повесте туған халқының сәулетті болашағы үшін жаулармен бітпес күреске дайын азаматтың толыққанды бейнесі сомдалған.

Хикаятта Сәкен алғаш білім алатын Нілді мектебі, одан кейінгі Нұра бойындағы сапар сорабы, Анненковтің азап вагонындағы күндер, Ақмоладағы ағарту істері баян етіледі. Шығарма кейіпкерлері де бұрнағы шығармалардан, жазушының өзінің мемуарлық романынан таныс. Ата-анасы – аяулы Жамал шешей, ардақты Сейфулла ата, ұстазы Роман Николаевич Склянин, ауыл азаматтары – Ұйытқыбек, Кәкен, Шәймерден, Рахымжан, күрескер жолдастары А.Асылбеков, Б.Серікбаев, Лазарев, Катченко, т.б. бәрі-бәрі таныс-бейтаныс бейнелер.

Ел тарихын асыл азаматтарымен парактайтын өркениет өнегесі ежелгі қазақ дәстүріне де етене нәрсе. Сәйділ Омарұлы Талжанов – қазақ рухы мен руханиятын биіктеткен асыл ұлдарымыздың бірі. Ағайынды Сәйділ, Әшім Омарұлдары қазақ қоғамы, қоғамдық іліміне ғылыми-интеллектуалдық сапа, терең із қалдырған саусақпен санарлық саңлақтар еді. Кеше көзін көріп, еңбектерін оқыған С.О. Талжанов – Әуезов, Марғұландар секілді қазақ мәдениетінің халықаралық талғам-таным таразысына түсіп, бағаланатын кесек тұлға болатын.

Ол төңкеріске дейінгі-кейінгі қазақ тарихы мен тұрмысының білгірі, білімпаз жазушысы еді. Сондықтан оның көптеген ғылыми болжам, ой-толғамдары бүгінгі ой-өріс биігімен ұштасып жатады. Арқа төсінен жаңа ғасыр көгіне түлеп ұшқан Жанайдар Сәдуақасов, Әшім Омаров, Кәрім Мыңбаев, Сәйділ Талжанов сияқты айтулы – қоғам, мәдениет қайраткерлерінің тікелей Сәкен ықпалымен алғаш білімге қанат қаққаны айтып өту де – парыз.

«Сейфулланың Сәкенінен» жаңа заманды орнату жолындағы болашақ күрескерді көрсек, басқа шығармаларында Сәйділ Омарұлы С.Сейфуллиннің бейнесін басқа қырларынан суреттеп, оның жан-жақты сом бейнесін мүсіндеуді мақсат еткен тәрізді. Мәселен, «Ұлдай кегі» повесінің идеясы басқа бола тұра, онда да Сәкен кірістірілген. Мұндағы Сәкен – күрескер. Демек, мұнда біршама әзірліктен өтіп, абыройы мен азабы көп іске қатынасып та қалған. Бірақ, ол – әңгіме тыңдаушы ретінде, бөгде адам түрінде көрініп отырады; өзінің Сәкен екенін жасырады; оны қолдаушы күш әзір азшылық, солай болғандықтан жаулардың қолына түспей, аз уақыт тасада жүр, сырт бейнесі де жұпыны. Ал «Есен толғауларында» бүкіл өмірі мен талантын кеңестік дәуірді жырлауға арнаған, жаңа заман әкелген табыстарды шабыттана жырға қосқан ақынды естелік түрінде бейнелейді. Мұнда да Сәкен тұлғасы көз алдыңызға елестейді. Бір сөзбен, жазушы С.Талжанов сәкентануға өз әл-қадірінше бірталай үлес қосты деп айта аламыз.

Ғылыми еңбектерінде сын-сықақ шығармаларды көбірек зерттеу объектісі етіп отыратын С.Талжанов өзінің шығармашылығында да кейбір кемшіліктерді әжуамен өткір шенейді. «Қайып толғаулары» деген атпен топталған әңгімелері – осының нақты мысалы. Белгілі халық ақыны Қайып Айнабековтің шешендік, тапқырлық талантынан туып, ел арасына кең тараған, келте қайырылып, қысқа түйінделіп отыратын әдеби дүниелерін әдеби өңдеуден өткізіп, қалың оқырманның назарына ұсынғаны білініп тұр.

Сол шағын әңгімелерде езу тарттырарлық юмор мен ашу-ызаны келтірерлік сатира аз кездеспейді. Осы топтамадағы «Түсте» діни әдетті сынайды. Бұл – біреуге ақыл беру ыңғайында емес, көлденең күлкілі әңгіме ретінде баяндалады, сонысымен тартымды. «Бас балгерде» тапқырлығымен қарсыласын сөзден жыққан қарапайым шаруаның кейпі бейнеленеді; мұнда да күлмеске шараңыз қалмайды. Осылайша С.Талжановтың сатиралық қабілетін танытатын шығармалары тізіле береді. Бірақ, прозаик С.Талжановтың бүкіл шығармасына тән ортақ жай – жеңіл мысқылдан гөрі, оқырманын ойға қалдыратын, толғандыратын салмақты сатира, салиқалы ой тастау деп білеміз.

Бұл ретте «Ұлдай кегі» аталмай тұрмайды. «Ұлдай кегі» – жазушы өмірінің соңғы жылдарында жарық көрген көлемді туындысы. Тақырыбы біршама тарих қойнауына бойлап, революцияға дейінгі қазақ әйелдерінің теңсіздігі мәселесін көтеру болып табылады. Автор әдебиетімізде бұрыннан белгілі соқпақты қайталамайды, яғни жас қыз бен жігіттің бір-біріне ынтықтығын, армандарын жүзеге асыра алмай, ішқұса болған күйлерін бейнелеуді басты мақсатына алмайды. Әрине, Ұлдай да өзінің сүйгеніне, өз теңіне тұрмысқа шыққысы келеді, бірақ жазушының оқырманға айтайын деп отырғаны ол емес. Жазушының айтпағы – сондай бас бостандығы жоқ заманның өзінде, тіпті жүрек қалауынсыз, өзі ұнатпаған кәріге тигеннің өзінде, өзінің намысын, өзінің өр қасиетін сақтай білетін қазақ қызының романтикалық, асқақ бейнесін алға тарту арқылы оқырманға ой тастау. Біздіңше автордың алға қойған ниеті орындалған.

Повестің бас жағындағы Балатай қарияның әңгімесіне құлақ түрсек, Ұлдай – талай жігіттің көзін сүріндірген сұлу да ақылды қыз болып өсіпті. Кейін байдың тоқалы атанса да, еті тірі, ойындағысын бүкпесіз жеткізетін, ашық, өткір әйел болғанын көреміз. Осы екі аралықтағы талай қайғылы да, күлкілі де жайларға қанық боламыз. Шығарманың соңында Ұлдайдың бір ауыз сөзіне бола, оның келінінің күтпеген жерден сойылға жығылып, қан тамған қылыштан қаза болғанына ішіңіз удай ашиды. Осы бір детальды автор дәуірдің опасыздығын, әділетсіздігін жанға батыра сездіру үшін әдейі алған болуы керек.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпаны» мен С. Талжановтың «Ұлдайының» үндес келіп жатқанын айта кеткен артық болмас. Әрине, Ұлпан мен Ұлдай бір-бірінен өзгеше адамдар ретінде қабылданады: екіншісінің суреттелуі жағынан да, бейнесінің сомдалу ауқымы жағынан да біріншімен (Ұлпанмен) тең тұра алмайтыны хақ, сөйте тұра жалпы идея жағынан жақындас екені рас. «Ұлдай кегі» – С.Талжанов шығармасындағы көлемді, ысылып қалған шебердің талантынан туған көркем дүние. Ол да сыншы-әдебиетшілер тарапынан лайықты бағасын алған. Мәселен, кезінде А.Нұрқатов: «Қазақ көркем сөзіндегі аналар тақырыбында жазушы С.Талжановтың еңбектерін назардан тыс қалдыруға болмайды» деп жазған екен [3, 123].

С.Талжановтың қаламынан туған бірталай шағын әңгіме баршылық. «Гәп адамда...» атты әңгімесін оқығанда, арамызда әлі де болса қарапайым жандардың өтініш, тілегін жүре тыңдайтындардың бар екеніне сенесіз. Тұрмыстағы, үй ішілік тіршіліктегі өзара тіл табыса алмаушылықтың кесірінен отбасының берекесі қашатын көңілсіз көріністерді де («Қайырлы кеш») күлдіре отырып, түйрей жазады. Өз ісіне мығым, дәрежесін аспандатып тұрған атақтары болмаса да, тапсырылған міндеттерін абыроймен орындап жүретін адамдардың кейбір атақ-дәрежесі бар адамдардан да зор беделге лайық бола алатындарын «Әрине, үндемеген артық» деген әңгімесінде келісті суреттейді. Мұнда да, автор салыстыру әдісін ұтымды пайдаланады: соның нәтижесінде ілтипатындағы қаһармандардың бейнелері тұлғалана түседі.

Эссеист С.Талжановтың бір ерекшелігі – қайсыбір қаламгерлердей, басты арқау етіп алған жазушы немесе өнер қайраткерін жеке-дара қарастырмай, оның өмір материалдары мен шығармаларын ғана тізбей, сол қайраткердің өскен ортасын, ізденіс жолын, өсу барысындағы даралық белгілерін табиғи байланыста баяндайды. Туған әдебиетімізді талай көркем шығармаларымен байытып, мәдениет саласында көптің ілтипатына бөленген жазушылар мен өнер тарландары І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, С.Бегалин, А.Жұбанов т.с.с. туралы естеліктері мен эсселері осыған дәлел болып табылады [4, 132].

Күнделікті газеттер мен журналдардың беттеріндегі сан алуан мәселелерді көтерген мақалаларынан, очерктері мен қолжазбаларынан Сәйділ Омарұлының публицистік талантын да аңғару қиын емес. Айталық, жазушылар бригадасының Қарағандыға сапары немесе Теміртау металлургиялық өндірісінің еңбектегі ерліктері мен тұрмысы, жаңарған Жаңаарқа еңбеккерлері жайлы жазғандары осы тұрғыдан бағалануға тиіс. Ал ана атты қасиетті жандарды дәріптейтін, оларға деген асқақ сезімді насихаттайтын туындысы осы саладағы еңбектерінің ішінде үлкен шабыттан туған шығарма ретінде әсер береді [5, 36].

Мерзімді баспасөзде шыққан шағын дүниелерінің бәрінде де автор кеңестік дәуір әперген табысты, адамдардың шат-шадыман тіршілігін зор дауыспен, кеудесін мақтаныш кере белсене насихаттаушылардың бірі болды. Ендеше, С.Талжанов мұрағат қазынасын ғана ақтарып, тыныш өмір аңсаған кеңсе ғалымы емес, таса жерден орын тауып, тек дайын шығарманы аударумен ғана айналысқан тәржімашы емес, осылардың бәрін атқара жүріп, республика өмірімен араласа білген, замана ағысын ойлы көзбен бағалай алатын, жай ғана сырттай байқау емес, көңілге түйгендерін көркем шығарма түрінде қағазға түсіре жүретін жазушы да болды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Серғалиев М.С. Талжанов тәлімі. // Сәйділ Талжанов. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ер-Дәулет, 2007. – 400 б.
2. Кәрібаева Б. Дана-бала. Естелік-эссе. // «Орталық Қазақстан» газеті. 14. 11. 1993 ж. №145-46.
3. Нұрқатов А. Жылдар жемісі: Сын мақалалар, эсселер. Алматы: Ғылым, 1968. – 198 б.
4. Талжанов С. Шығармалар жинағы. 3-том. – Астана: Ер-Дәулет, 2008. – 368 б.
5. Қаратаев М. Ізденіс іздері. Әдеби-сын мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 278 б.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ  
ПСИХОЛОГИЯ**

---

---

**ПЕДАГОГИКА И  
ПСИХОЛОГИЯ**

Адилбекова Л.  
 «Bolashaq» Академиясының, магистранты  
 Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы  
 Ғылыми жетекші: п.ғ.к. доцент Абилкасімова Г.К.

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Аңдатпа. Мақалада болашақ мұғалімдердің инновациялық технологиялық даярлығын дамытудың қандай маңызды екені және мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындаудың жүйелілігі толықтай сипатталды.*

Қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру процесі адам қызметінің барлық салаларын, соның ішінде білім беру сияқты үлкен саланы қамтиды.

Білім беру мәселелерін шешу педагогтарды кәсіби даярлаудан басталатыны анық. Осыған байланысты болашақ мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушыларын оқыту өте өзекті болып табылады, ол таңдалған саладағы (математика, химия, биология, әдебиет және т.б.) іргелі білімге ғана емес, педагогика мен психологияға да, сонымен қатар ақпаратты қамтитын жалпы мәдениетке де негізделген.

Жаңа буын мұғалімдері нақты пәнді оқытудың мазмұны мен мақсаттарына толық сәйкес келетін, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үйлесімді дамуына ықпал ететін технологияларды білікті түрде таңдап, қолдана білуі керек. Қазіргі заманғы мұғалім тек «өз» пәнін үйретіп қана қоймай, сонымен қатар ақпараттық технологияларды жетік меңгеріп, оларды белгілі бір білім беру саласында шығармашылықпен қолдануы керек.

Бұл жағдайда тек ақпараттық технологияларды меңгерген мұғалімді ғана емес, зерттеуші, жаңашыл және экспериментаторды, шығармашылық ізденістерге, тарихи педагогикалық мұраны сыни бағалауға қабілетті, қазіргі қоғамда бейімделуге және технологиялардың үнемі өзгеруіне қабілетті тұлғаны даярлау міндеті тұр. Мұғалімді ақпараттық технологиялар саласындағы тереңдетілген даярлықтан, ақпараттық технологияларды пайдалану саласындағы инновациялық қызметке әзірліктен және қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес оқушыны оқытуға әзірліктен тұратын мектептегі инновациялық қызметке даярлау қажет.

Мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындау процесі, егер ол бірқатар арнайы ұйымдастырылған шарттарды қанағаттандырса, белгілі дәрежеде басқарылатын болады: көп деңгейлі педагогикалық білім берудің барлық кезеңдерінің сабақтастығы; университеттік білім беруді инновациялық іс-әрекетке мұғалімдерді даярлаудың жалпыланған моделіне бағдарлау; болашақ мұғалімнің қызметтің осы түріне дайындығын психологиялық диагностикалау; студенттердің шығармашылық белсенділігін және педагогикалық инновацияларға мотивациялық-тұтас көзқарасын қалыптастыру; мұғалімнің әдістемелік, арнайы, жалпы педагогикалық, психологиялық және әдістемелік дайындығының өзара байланысы; цикларалық және пәнаралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру, инновацияның жалпы мәселелеріне сәйкес білімдерді біріктіру; студенттердің инновациялық мәдениетін, жаңаға бейімділігін қалыптастыру; педагогикалық практиканың жүйе құраушы функцияларын оның ғылыми-зерттеу даярлығымен бірлігінде қамтамасыз ету; мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін меңгеру динамикасын зерттеу және критериялды бағалау [1].

Зерттеушілердің (В.А.Сластенина және Л.С.Подымова) пікірі бойынша мұғалімді инновациялық іс-әрекетке дайындаудың жүйелілігі төмендегідей:

Бірінші кезең – мұғалімнің шығармашылық даралығын дамыту, оқушылардың шығармашылық педагогикалық мәселелерді анықтау, тұжырымдау, талдау және шешу қабілетін қалыптастыру, сонымен қатар шығармашылық ізденістің жалпы технологиясын дамыту: бұрын алған білімдерін өз бетінше беру. жаңа жағдайға білім мен дағды, таныс жағдайдағы мәселені, жаңа функция объектісін көру, объектінің құрылымын анықтау, альтернативті шешім немесе оның әдісін көру, іс-әрекеттің бұрын үйренген әдістерін біріктіру. туындаған мәселеге қатысты жаңа, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту.

Екінші кезең – ғылыми білімнің әдістемесінің негіздерін меңгеру, педагогикалық зерттеу, инновациялық-технологиялық педагогикаға кіріспе. Студенттер инновациялық-технологиялық педагогиканың пайда болуының элеуметтік және ғылыми алғышарттарымен, оның негізгі

ұғымдарымен танысады, мектепті ұйымдастырудың альтернативті тәсілдерін шығармашылықпен түсіндіреді, альтернативті мектеп дамуының негізгі көздерін зерттейді, инновациялық білім беру мекемелерінің әртүрлі түрлерімен танысады; т.б.

Үшінші кезең – инновациялық қызмет технологиясын жасау. Авторлық бағдарламаны құрастыру әдістемесімен, мектептегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезеңдерімен танысады, авторлық бағдарламаны құруға қатысады, жаңашылдықтың одан әрі дамуын, енгізу қиындықтарын талдап, болжайды.

Төртінші кезең – педагогикалық процеске инновацияларды енгізу, түзетулер жүргізу, эксперимент нәтижелерін бақылау, кәсіби іс-әрекеттерді интроспекциялау бойынша эксперимент алаңында тәжірибелік жұмыс. Бұл кезеңде мұғалімнің жаңашылдық ұстанымы, оның жаңалыққа деген көзқарастары мен көзқарастарының жүйесі ретінде қалыптасады.

Бұл кезеңдердің спецификациясы - әдістердің, операциялардың технологиясы, олардың реттілігі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді [2, 93].

Мұғалімнің инновациялық-технологиялық даярлығының негізгі факторы оның жеке іс-әрекет стилін дамыту болып табылады, өйткені инновацияларды игеру жеке-тұлғалық деңгейде жүреді.

Инновациялық-рефлексиялық технологиялардың барлық процедураларын келесі кезеңдерге бөлуге болады:

- 1 – жаңа идеяларды іздеу кезеңі;
- 2 – инновацияның қалыптасу кезеңі;
- 3 - инновацияны енгізу кезеңі;
- 4 – инновацияны бекіту кезеңі.

Жаңа идеяларды іздестіру кезеңіне «Инновациялық-технологиялардың педагогика негіздері» курсы бойынша ақпараттық инновациялық базаны қалыптастыру, мектеп проблемалары мен қажеттіліктерін жаңарту, мақсаттарды тұжырымдау, жаңашылдық идеяларын қалыптастыру, болашақ мектептің бейнесін жасау бойынша алдын ала жұмыстар жатады.

Инновацияның қалыптасу кезеңі – белсенді формаларда инновациялық жұмыс барысын жобалаудан, таңдалған жаңалықтарды сынаудан, мектепке жаңасын енгізу туралы шешім қабылдаудан тұрады.

Инновацияны енгізу кезеңі мектепте эксперименттік жұмыстарды жүргізуге жағдай жасауды, эксперимент барысын ой елегінен өткізуді, мазмұнын түзетуді және жаңалықтарды енгізуді қамтиды.

Инновацияны бекіту кезеңі – мұғалімнің санасында жаңартылған мектеп бейнесін бекіту, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін жетілдіру бойынша психокоррекциялық және әдістемелік жұмыстар.

Барлық төрт фазаның лейтмотиві – жаңаға бейімділіктің дамуы және игерілген инновацияға қатынастың субъективтілігі [3, 167].

Инновациялық іс-әрекет құрылымындағы қажетті компонент рефлексия болып табылады, өйткені мұғалімнің өз санасы мен іс-әрекетінің құбылыстарын білуі және талдауы (өзінің ойы мен іс-әрекетіне сырттан қарау). Әдебиеттерде «рефлексия» термині өткен ғасырдың 30-40 жылдары қолданыла бастады.

Мәселеге көзқарастардың айырмашылығын талдай отырып, рефлексиялық процестерді түсіндіруде екі дәстүр бар екенін атап өткен жөн:

- объектілердің мағынасын және олардың құрылысын түсіндіруге әкелетін сананы рефлексиялық талдау;

- рефлексия тұлғааралық қарым-қатынастың мәнін түсіну ретінде.

Осыған байланысты келесі рефлексиялық процестер бөлінеді: өзін-өзі тану және басқаны түсіну, өзін-өзі бағалау және басқаны бағалау, өзін-өзі түсіндіру және басқаны түсіндіру. Рефлексияны ең белсенді және көп қырлы зерттеу шығармашылық мәселелерді шешудің тетіктерін анықтауға арналған жұмыстарда бар.

Рефлексия – бұл тек өзі туралы білім немесе түсінік қана емес, сонымен бірге басқалардың «рефлекторды», оның жеке қасиеттерін, эмоционалдық реакцияларын және когнитивті (танымға қатысты) бейнелерін қалай білетінін және түсінетінін анықтау. Бұл бейнелеулердің мазмұны бірлескен қызметтің объектісі болған кезде рефлексияның ерекше формасы – объектілік-рефлексиялық қатынастар дамиды.

Мұғалімнің инновациялық технологиялық іс-әрекетіндегі мақсат қоюға рефлексия мынадай сипаттамаларға ие:

- тікелей талдау - педагогикалық жүйенің қазіргі жағдайынан соңғы жоспарланған мақсатқа дейінгі мақсат қою;

- кері талдау – соңғы күйден нақтыға дейінгі мақсат қою;

- тура және кері мақсаттардың көмегімен аралық мақсаттардан мақсат қою.

Инновациялық қызмет «мотивтер күресінен», мағынаны іздеуден басталады деп айтуға болады. Кейде мұғалімнің мақсаттарды құруы тұжырымдама моделін құру әдісі туралы, инновацияларды енгізуде тәуекелге әкелуі мүмкін қызмет жағдайлары туралы анық жеткіліксіз ақпараттан басталады.

Мұғалімнің мақсат қоюды еркін жүзеге асыруы және оның мақсаттылығын жүзеге асыруы келесі шарттарға байланысты:

- мұғалімнің мақсат қою процестерін іске асыру және басқару, оларды құрамдас бөліктерге бөлу, осы процестерді қадағалай алу дәрежесі - бұл оған педагогикалық тұжырымдаманы құру жолында өзін көруге мүмкіндік береді, демек, нақтырақ көрсетеді;

- мотивтің маңыздылығын талдау кезінде – инновацияның балалар үшін және өзі үшін маңыздылығын тани білу, мақсатқа жету үшін алгоритмдерді өз бетінше құра білу;

- мақсатқа жетудің нәтижелері мен салдарын талдау мен бағалаудағы мұғалімнің іс-әрекетінің сенімділігі, икемділігі, сәйкестігі туралы;

- инновациялық мақсатты таңдау алгоритмдерін меңгеруден [4].

